

**Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі  
Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

**Заң институты  
Қылмыстық процесс кафедрасы**

**БЕКІТЕМІН**  
Академия бастығының  
оқу ісі жөніндегі орынбасары  
з.ғ.д., профессор  
полиция полковнигі  
З.С. Тоқыбаев\_\_\_\_\_

**2016 жыл « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_**

**пән бойынша  
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН**

**Қазақстан Республикасының қылмыстық процесілік құқығы (ерекше  
бөлім) UPSRK 3102  
5B030300 «Құқық қорғау қызметі» мамандығы  
бойынша құқық бакалавры**

курс: 3  
семестр: 5  
кредит саны: 3

**Қарағанды 2016**

**«5B030300- Құқық қорғау қызметі» мамандығынан «Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік құқығы (Ерекше бөлім)» пәні бойынша оқу-әдістемелік кешен.**

Құрастырған:

**Саханова Н.Т.** Қылмыстық процесс кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, полиция подполковнигі

**Кемпіров Д.С.** Қылмыстық процесс кафедрасының оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, полиция аға лейтенанты

(Аннотация) Құқықтық реформаның процесінің маңызды бағыты мен нақтылығын Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан – 2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Стратегиясы» атты Қазақстан халқына жолдауы келтірді, онда қылмыстық қудалау органдары үшін құқық қорғау қызметінің жоғары кәсіптілікті мамандарын кәсіби дайындау деңгейін жетілдіруді талап ететін құқық қорғау жүйесін жаңарту бойынша арнайы бағдарламаның негізінде құқық қорғау органдарын одан әрі жүйелі реформалау тапсырмасы қойылып отыр.

Қылмыстық процесс - барлық болашақ заңгерлер үшін оқытылатын пән. Қылмыстық процестік құқық қазақстандық құқықтың қажетті салаларының бірі ретінде міндетті оқытылады. Бұл кең және күрделі құқық саласы. Ол соттардың әділ үкім шығаруын және қылмыстық заңды дұрыс қолдануды қамтамасыз етеді, қылмыстық құқық бұзушылықтардың жолын кесу, оларды бейтараптықпен, тез және толық ашу, тергеп-тексеру, оларды жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тартылатын, қылмыс жасаған тұлғалардың әділ жазасын алуға кепілдік береді.

Кафедра мәжілісінде қарастырылды

«\_\_»\_\_\_\_\_ 20\_\_ ж., №\_\_ хаттама

Қылмыстық процесс кафедрасының бастығы  
полиция полковнигі

Ә.М. Майтанов

ОӘК мәжілісінде қарастырылды

«\_\_»\_\_\_\_\_ 20\_\_ ж., №\_\_ хаттама

© ҚР ПИМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2016 ж.



**Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі  
Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

**Заң институты  
Қылмыстық процесс кафедрасы**

**пән бойынша  
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН**

**Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік құқығы (ерекше  
бөлім) UPSRK 3102  
5B030300 «Құқық қорғау қызметі» мамандығы  
бойынша құқық бакалавры**

курс: 3  
семестр: 5  
кредит саны: 3

**Қарағанды 2016**

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

5B030300 - Құқық қорғау қызметі  
мамандығы бойынша

**«ҚРКІЗhК 3508ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҚЫЛМЫСТЫҚ-ПРОЦЕСТІК ҚҰҚЫҒЫ(ерекше бөлім)»  
пәні бойынша**

**ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Кредит көлемі 2

Астана, 2016

## АЛҒЫ СӨЗ

1. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Жоғары оқу орындарымен әзірленген және ұсынылған
2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 78 бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген
3. Алғаш енгізілген
4. Үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» қауылысына және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 58 «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының үлгі оқу жоспарларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес әзірленген.

## Түсіндірме жазба

Конституцияға сәйкес Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады (75-бап. 1-тарм.). Алайда сот төрелігін жүзеге асырмас бұрын тергеушілер мен анықтаушылардың қылмыстық істі алдын ала тергеу жөніндегі қызметі, сонымен қатар прокурордың қадағалау қызметі жүзеге асырылады, оларсыз қылмыстық процесті елестету мүлде мүмкін емес.

Қылмыстық-процестік құқықтың еншісінде ұзақ жылдық әлемдік қалыптасу және даму тарихы, қылмыстылықпен күрестің бай тергеу, прокурорлық және сот тәжірибесі, сондай-ақ қылмыстық-процестік құқық және қылмыстық процесс атты тұрақты салалық құқықтық ғылым бар.

Кез келген ғылым саласы сияқты қылмыстық-процестік құқық пен қылмыстық процеске өзіндік зерттеу пәні және оны тану әдістері тән.

Айталық, оның зерттеу пәнін қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің пайда болу заңдылықтары, қылмыстық процестің сотқа дейінгі және сот сатыларындағы қозғалысы, өкілетті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарының әрекеттері мен шешімдерінің қылмыстық-процестік нысандары, сондай-ақ қылмыстық-процестік құқық пен қылмыстық процестің негізгі ұғымдарының жүйесі құрайды.

Зерттеу әдістері деп материалдық диалектиканың жалпылама тәсілдерінің, жалпы ғылыми және арнайы ғылыми тәсілдердің, оның ішінде қылмыстық-процестік құқық пен қылмыстық процестің пәнін танудың құқықтық амалдарының жиынтығын түсіну керек. Мысалы, құқықтық тәсілдердің қатарына формальдық-құқықтық және салыстырмалы-құқықтық тәсілдер жатқызылады.

«Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік құқығы» оқу пәнінің және оның зерттеу пәнін құрайтын – қылмыстық іс қозғалысының – сипаттамасы нақ осы тұрғыдан берілген. Қылмыстық-процестік құқық құқықтық пән ретінде екі ірі құрылымдық бөліктерден тұрады: Жалпы және Ерекше бөлімдер.

Жалпы бөлімде қылмыстық процесті жүргізу барысындағы барлық құқық субъектілерінің негізгі жалпыға ортақ мінез-құлық ережелері, сондай-ақ қылмыстық процеске Ерекше бөлім қағидаларына сай өзге сапада қатысу ережелері қарастырылады.

Қылмыстық-процестік құқық қылмыстық-процестік қызметтің, яғни қылмыстық процестің, құқықтық негізі, қозғаушы күші болып табылады. Сондықтан, Ерекше бөлімде сотқа дейінгі және соттағы қылмыстық процестің қылмыстық-процестік нысандарын ашу жолымен Жалпы бөлімнің қағидалары өрбітіледі, яғни осы қызметтің сәйкес сатыларындағы қылмыстық істің қозғалысы сипатталады.

Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік құқығы курсының сипаттаудың типтік бағдарламада келтірілген жүйесі қылмыстық сот ісін жүргізудің барлық мәселелеріне қатысты білімдерді мейлінше толық қамтуға, соның арқасында пәнді оқу міндеттеріне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Қылмыстық-процестік құқық, ең алдымен, құқықтық нормаларды жүзеге асыру дегенді білдіреді. Осыған орай, студенттердің алған теориялық білімдері міндетті түрде тәжірибелік сабақтарда, сондай-ақ қылмыстық қудалау органдарында, адвокатурада, сотта машықтану мен тәжірибеден өткен кезеңде бекітілуі керек. Сонымен қатар, сабақтарды өмірлік жағдайларды талдау (case-study) және қылмыстық процесс қатысушыларының рөлдерін бөлісу тәсілдерін қолдана отырып өткізу ұсынылады. Курсты аудандық (қалалық) соттарға шығып, көрнекі сот отырысын жүргізумен аяқтау қажет.

Қылмыстық-процестік құқықтың жекелеген шешуін таппаған мәселелерін мейлінше терең зерттеу үшін, сондай-ақ ғылыми әдістер мен тәсілдерді меңгеру, нормативтік құжаттармен және арнайы әдебиет көздерімен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру үшін курстық жобалар мен дипломдық жұмыстар жазу ұсынылады.



## Пәннің мазмұны

### Кіріспе

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі (ҚПК) қылмыстық процестің міндеттерін реттейді, соның арқасында мемлекеттің осы саладағы қызметі нақты, кепілді, заңды және негізді сипатқа ие болады (8-бап). ҚІЖК8-бабының нормаларының мәніне сай олар екі маңызды мәселені реттейді: қылмыстық процестің міндеттері (1-бөл.) және осы міндеттердің көмегімен қол жеткізілетін мақсаттар (2-бөл.). Кең мағынада қылмыстық процестің міндеттері істі мәні бойынша заңды және негізді қарауға және шешуге бағытталған, ал мақсаттары өзінің құқықтық ықпалымен қылмыстық процесс субъектілерінің (қатысушыларының) кең ауқымын қамтитын құқық қорғаушылық және тәрбиелік-алдын алушылық сипат тасиды.

Қылмыстық процестің міндеттерін заңды және негізгі тұрғыда шешу оның қағидаттарын (тұжырымдамалық ойларын) сақтаумен өзара тығыз байланыста екені күмәнсіз. Қылмыстық процестің қағидаттары – ҚПК-тің әрбір нормасының негізіне қаланған құқықтық идеологиялық стандарттар, қылмыстық-іс жүргізушілік қызметтің кепілдіктері.

Қылмыстық процестің қағидаттары ҚПК нормаларының көмегімен өкілетті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың қылмыстық процесті жүргізудің заңсыз тәсілдерін қолдануын болдырмайды, өйткені әзірше қылмыстық процесс қылмыстылыққа қарсы тұрудың бірден-бір өткір қаруы болып қалып отыр және оның аясында жеке тұлға мен мемлекет мүдделері ең тығыз түйіседі. Демек, бұл салада заңдылық пен жеке тұлға құқықтарын бұзу ықтималдығы өте жоғары.

ҚПК нормалары мен ережелерін қылмыстық қудалау органдары мен соттың тәжірибелік қызметіне негізделген теориялық білімдер түрінде жүйелі баяндау қылмыстық-процестік қызметтің мәні мен мазмұнын игерудің тиімділігі мен сапасын айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді.

Іргелі құқықтық пән болып табылатын «Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік құқығын» білім берудің заманауи әдістерін қолдану жолымен оқыту түрлі тергеушілік және соттық міндеттер мен оқиғаларды шешу үшін қажетті білімдер беріп, дағдылар қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Студенттердің бойында мәселені жүйелі талдау дағдыларын іс жүзінде дамыту қылмыстық процесс қағидаларының мазмұны мен процестік нысандардың ерекшеліктерін меңгеруге ғана емес, сонымен қатар құқыққолдану барысында пайда болатын мәселелерді шешудің құралдары мен тәсілдерін жедел анықтау дағдысын дамытуға жағдай жасайды.

Оқыту барысында процессуалдық құжаттарды өз бетімен дайындаудың және шынайы қылмыстық істердің көшірмесін сын тұрғыдан зерделеудің маңызы да ерекше.

## Тақырыптық жоспар

- Тақырып 1. Сотқа дейінгі тергеу өндірісінің жалпы шарттары
- Тақырып 2. Сотқа дейінгі тергеудің басталуы
- Тақырып 3. Тергеу әрекеттері
- Тақырып 4. Жасырын тергеу әрекеттері
- Тақырып 5. Адамды сезікті деп тану және сезіктінің әрекеттерін саралау
- Тақырып 6. Сотқа дейінгі өндірістің аяқталуы. Сотқа дейінгі тергеудің қайта жаңғыртылуы, күдіктіні, айыпталушыны іздеуге жариялау, мерзімі өткен қылмыстық істің қайта қалпына келтірілуі.
- Тақырып 7. Басты сот талқылауының белгіленуі. Соттылық.
- Тақырып 8. Басты сот талқылауының басты шарттары.
- Тақырып 9. Басты сот талқылауы
- Тақырып 10. Үкім шығару
- Тақырып 11. Апелляциялық шағым, заңды күшіне енбеген сот шешімдеріне наразылық білдіру.
- Тақырып 12. Кассациялық шағым, наразылық бойынша істерді қарау.
- Тақырып 13. Сот шешімдерін орындау
- Тақырып 14. Сот актілерін ҚР Жоғарғы Сотпен соттық қадағалау тәртібінде қайта қарау.
- Тақырып 15. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша өндірісті қайта жалғастыру.
- Тақырып 16. Қылмыстық қудалаудағы баламалар.
- Тақырып 17. Қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша өндірістің ерекшеліктері.
- Тақырып 18. Үкім шыққанға дейінгі тәркілеу өндірісі
- Тақырып 19. Жеке айыптау істері бойынша өндірістің ерекшеліктері
- Тақырып 20. Есі дұрыс еместерге медициналық сипаттағы бұлтартпау шараларын қолдану туралы істер бойынша сот өндірісі.
- Тақырып 21. Кәмелетке толмағандардың қылмысы туралы істер бойынша өндіріс.
- Тақырып 22. Қылмыстық ізге түсуден артықшылықтары бар тұлғалар бойынша өндірістің ерекшеліктері
- Тақырып 23. Әскери қызметшілердің істері бойынша сот өндірісінің ерекшеліктері
- Тақырып 24. Алқабилер қатысқан істер бойынша іс жүргізу өндірісі.
- Тақырып 25. Қылмыстық істер бойынша қылмыстық көмек. Адамдарды ұстап беру (экстрадициялау)
- Тақырып 26. Шетелдік соттардың үкімдері мен қаулылырын тану және орындау.
- Тақырып 27. Англияның қылмыстық іс жүргізуі.
- Тақырып 28. АҚШ қылмыстық іс жүргізуі.
- Тақырып 29. Францияның қылмыстық іс жүргізуі.
- Тақырып 30. ГФР қылмыстық іс жүргізуі.

## Негізгі бөлім

## Ерекше бөлім

### V. Сотқа дейінгі тергеу (Қылмыстық істің сотқа дейінгі қозғалысы)

#### **Тақырып 1. Сотқа дейінгі тергеуді жүргізудің жалпы шарттары**

Сотқа дейінгі тергеуді жүргізудің жалпы шарттары: түсінігі, маңызы және жүйесі. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің түсінігі. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің нысандары. Алдын ала тергеу. Анықтау. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің хаттамалық нысаны. Сотқа дейінгі жеделдетілген іс жүргізу. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жалпы шарттарының жүйесі. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жалпы шарттарының қылмыстық процестің қағидаттарымен ара қатынасы.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жалпы шарттарының сипаттамасы. Қылмыстық істердің тергеулігі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізу орны. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуді бастау. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуді аяқтау. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі.

Тергеу әрекеттерін жүргізудің жалпы ережелері. Тергеу әрекеттерін жүргізудің шарттары. Тергеу әрекеттерінің процесуалдық нысаны. Тергеу әрекеттерін жүргізудің кепілі болып табылатын шаралар.

Алдын ала тергеу барысындағы прокурордың өкілеттіктері. Алдын ала тергеу мен анықтаудың заңдылығын қадағалау. Прокурордың қылмыстық кудалау міндетін жүзеге асыруы. Қылмыстық істерді тергеу және мемлекеттік айыптауды қолдау. Прокурордың тергеу әрекеттерін жүргізуге қатысуы. Прокурордың қылмыстық істі қозғау немесе оны қозғаудан бас тарту түріндегі шешім қабылдау өкілеттіктері. Арнайы прокурор. Процестік прокурор.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тергеушілер, жедел-тергеу тобының жүргізуі. Тергеу топтарын құру шарттары мен тәртібі. Тергеу тобы жетекшісінің өкілеттіктері.

Қылмыс жасалуына және өзге заң бұзушылықтарға жағдай жасайтын мән-жайларды жою жөніндегі ұсыныстар. Тергеушілік алдын алудың мазмұны. Қылмысты толық ашу және жазаның болмай қоймайтынын қамтамасыз ету. Тергеушіге қылмыс туралы арызды немесе хабарламаны қараумен байланысты немесе өзге қылмыстар туралы істерді тергеумен байланысты белгілі болған қылмыстардың алдын алу, жолын кесу. Қылмыстардың жасалуына жағдай жасайтын себептер мен шарттарды анықтау және оларды жою жөніндегі шараларды жүзеге асыру. Тергеуші қызмет ететін аумақтағы қылмыстылық деңгейін төмендетуге бағытталған жалпы алдын алушылық шараларды жүзеге асыру.

## **Тақырып 2. Сотқа дейінгі тергеудің басталуы**

Сотқа дейінгі тергеуді бастаудың себептері мен негіздері. Сотқа дейінгі тергеудің басталу себебінің түсінігі. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз, хабар. Кінәсін мойындап келу. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабар. Қылмыстық құқық бұзушылықтың анықталғаны туралы баянат. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарларды қабылдау міндеттілігі.

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы тіркелген арызды тергеулігі бойынша беру.

## **Тақырып 3. Тергеу іс-әрекеттері**

Тергеу іс-әрекеттерінің түсінігі және оларды топтастыру. «Тергеу іс-әрекеттері» және «процесуалдық іс-әрекеттер» терминдерінің ара қатынасы. Тергеу іс-әрекеттерінің жүйесі. Кейінге қалдыруға болмайтын және одан кейінгі тергеу іс-әрекеттері. Сотқа дейінгі іс жүргізудің басталуына қарай тергеу іс-әрекеттері. Тергеу іс-әрекеттерін сипаты, мақсаттары, фактілік мәліметтерді бейнелеу әдісі, дәлелдемелік ақпаратты алу үдерісі, жүргізу тәртібі бойынша топтастыру. Тергеу іс-әрекеттерін жүргізудің құқықтық негіздері. Тергеу іс-әрекеттерін жүргізудің фактілік негіздері. Тергеу іс-әрекеттерінің реттілігі.

Жауап алу және беттестіру. Жауап алудың түсінігі және мазмұны. Жауап алудың негіздері. Жауап алуды жүргізудің жалпы ережелері. Жауап алудың орны мен уақыты. Жауап берушінің бүркеншік атты пайдалануы. Жауап алудың белсенділігі, мақсатқа бағыныштылығы, объективтілігі және толықтығы. Бастапқы жауап алу. Қайталап жауап алу. Қосымша жауап алу. Куә мен жәбірленушіден жауап алудың жалпы ережелері. Кәмелетке толмағандардан жауап алудың ерекшеліктері. Сезіктіден жауап алу. Айыпталушыдан жауап алу. Жауап алу барысы мен нәтижелерін бекіту. Беттестірудің шарттары.

Тексеру, эксгумация және куәландыру. Тергеушілік тексерудің мәні мен танымдық маңызы. Тексерудің мақсаттары. Тексеру жүргізудің жалпы ережелері. Оқиға болған жерді қарау. Оқиға болған жерді бастапқы, қайталап және қосымша қарау. Тұрғын үйді қарау ерекшеліктері. Заттай дәлелдемелерді қарау және сақтау. Адам мәйітін табылған жерінде тексеру. Эксгумация. Куәландыру. Тексеру, эксгумация және куәландыру хаттамасы.

Тану үшін көрсету. Танудың мақсаттары. Тану үшін көрсетуге дайындалу. Танылатын адамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Тірі адамдарды тану үшін көрсетудің процесуалдық тәртібі. Жүрісі бойынша тану. Мәйітті тану үшін көрсету. Заттарды тану үшін көрсету. Жануарларды тану үшін көрсету. Тану үшін көрсетудің барысы мен нәтижелерін бекіту. Процесуалдық танудың жедел-ізвестірушілік танудан айырмашылығы.

Тінту және алу. Тінтудің түсінігі мен мазмұны. Тінту жүргізу тәртібі. Қайталап тінту. Топ болып тінту. Тінтудің алудан айырмашылығы. Алуды жүргізу. Жеке тінту. Тінту мен алу хаттамасы.

Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау. Тергеу эксперименті. Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылаудың мәні мен мақсаттары. Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылаудың қатысушылары. Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау үрдісі мен нәтижелерін тіркеу. Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылаудың тергеу экспериментінен айырмашылығы. Тергеу экспериментінің түрлері. Тергеу экспериментінің қатысушылары. Тергеу экспериментінің сот эксперименті және сарапшы экспериментімен ара қатынасы. Тергеу экспериментін тіркеу және оның нәтижелерін бағалау.

Сот сараптамасы. Сот сараптамасын тағайындау мен жүргізудің процесуалдық тәртібі. Сот сараптамасының пәні мен объектісі. Сот сараптамасын тағайындау туралы қаулы. Сараптаманы өзінің және өзгелердің құқығы мен мүдделерін қорғаушы процесс қатысушыларының бастамасы бойынша тағайындау. Сот сараптамасын жүргізу кезінде процеске қатысушылардың қатысуы. Жеке, комиссиялық және кешенді сараптамалар. Бастапқы, қосымша және қайталама сараптамалар. Сарапшы қорытындысын бағалау және одан жауап алу. Сезіктіге, айыпталушыға, жәбірленушіге және куәға сараптама қорытындысын көрсету.

Сараптама жүргізу үшін үлгілер алу. Үлгілер алудың мақсаты мен мазмұны. Сарапшылық зерттеу үшін үлгілер алудың негіздері. Сарапшылық зерттеу жүргізу үшін үлгілер алу құқығы бар адамдар мен органдар. Тергеушінің үлгілер алу тәртібі. Дәрігердің немесе өзге маманның үлгілер алуының ерекше тәртібі. Үлгілер алу хаттамасы.

Заттар мен құжаттарды ұсыну. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырушы адамға заттар мен құжаттарды оларға ие адамның бастамасы бойынша ұсыну. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырушы адамның бастамасы бойынша заттар мен құжаттарды ұсыну. Заттар мен құжаттарды ұсыну хаттамасы.

#### **Тақырып 4. Жасырын тергеу әрекеттері**

Жасырын тергеу әрекеттерінің түрлері. Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу шарттары мен негіздері. Жасырын тергеу әрекетін жүргізу туралы қаулы. Жасырын тергеу әрекеттерін санкциялау. Кейінге қалдыруды көтермейтін жағдайларда жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу. Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу мерзімдері. Жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелерін ұсыну. Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу нәтижесінде алынған ақпаратты зерттеу және оны дәлелдеме ретінде пайдалану. Жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелерін бағалау және дәлелдеуде қолдану. Жасырын тергеу әрекеттерінің хаттамасына қоса тіркелген материалдармен танысу. Қылмыстық процестегі ақпаратты қорғау жөніндегі іс-шаралар.

Адамды немесе орынды жасырын аудиобақылау және (немесе) бейнебақылау. Электр (телекоммуникациялық) байланыс желілері арқылы берілетін ақпаратты жасырын бақылау, ұстап қалу және түсіріп алу. Абоненттер және (немесе) абоненттік құрылғылар арасындағы қосылулар туралы ақпаратты жасырын алу. Компьютерлерден, серверлерден және

ақпаратты жинауға, өңдеуге, жинақтауға және сақтауға арналған басқа да құрылғылардан ақпаратты жасырын түсіріп алу. Пошта жөнелтілімдері мен өзге де жөнелтілімдерді жасырын бақылау. Орынға жасырын кіру және (немесе) оны қарап-зерттеу. Адамды немесе орынды жасырын байқауға алу. Жасырын бақыланатын жеткізілім. Жасырын бақыланатын сатып алу. Қылмыстық ортаға жасырын ендіру және (немесе) қылмыстық әрекетті имитациялау.

#### **Тақырып 5. Адамды сезікті деп тану және сезіктінің әрекеттерін саралау**

Адамды сезікті деп тану туралы хабарлау. Сезіктінің әрекеттерін саралау. Сезіктінің әрекеттерін саралау туралы қаулы. Сезіктінің келуінің міндеттілігі. Сезіктінің әрекеттерін саралау туралы қаулыны оған хабарлау тәртібі. Сезіктінің әрекеттерін саралауды өзгерту және толықтыру.

#### **Тақырып 6. Сотқа дейінгі іс жүргізудің аяқталуы. Сотқа дейінгі тергеуді қайта бастау, күдіктіге, айыпталушыға іздестіру жариялау, жоғалған қылмыстық істерді қалпына келтіру**

Сотқа дейінгі іс жүргізуді аяқтаудың түсінігі және нысандары. Сотқа дейінгі іс жүргізуді аяқтаудың мәні.

Тергеу іс-әрекеттерін жүргізудің аяқталуы туралы хабарлау және қылмыстық іс материалдарымен танысу құқығын түсіндіру. Сезіктінің, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің және олардың өкілдерінің іс материалдарымен танысуы. Сезіктінің және оның қорғаушысының істің барлық материалдарымен танысуы. Қылмыстық іс материалдарымен танысу аяқталған соң берілген өтінішхаттарды қарау және шешу тәртібі.

Айыптау актісін құрастыру және қылмыстық істі прокурорға жолдау. Айыптау актісін құрастыру. Айыптау актісінің мазмұны. Айыптау актісі мен қылмыстық істі прокурорға жолдау.

Прокурордың айыптау актісімен бірге келіп түскен қылмыстық іс бойынша шешімдері. Айыптау актісімен бірге келіп түскен қылмыстық істі зерттеу барысында прокурор шешетін мәселелер. Айыптау актісімен бірге келіп түскен қылмыстық іс бойынша прокурордың шешімі. Прокурордың бұлтартпау шарасы туралы шешімі. Айыптау актісін табыс ету. Айыпталушыны сотқа беру және қылмыстық істі сотқа жіберу.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату және қайта бастау, сезіктіге, айыпталушыға іздестіру жариялау, жоғалған қылмыстық істі қалпына келтіру.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату туралы қаулы. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асырушы адамның сотқа дейінгі тергеп-тексеру тоқтатылғаннан кейінгі іс-әрекеттері. Тоқтатылған қылмыстық істі зерттеу нәтижелері бойынша прокурордың шешімі. Тоқтатылған сотқа дейінгі тергеп-тексеруді немесе қылмыстық қудалауды қайта бастау. Сезіктіге, айыпталушыға іздестіру жариялау. Жоғалған қылмыстық істі не оның материалдарын қалпына келтіру.

## **II. Қылмыстық процестің соттық сатыларында іс жүргізу (Қылмыстық істің соттағы қозғалысы)**

### **Тақырып 7. Басты сот талқылауын тағайындау. Соттылық**

Басты сот талқылауын тағайындау сатысының мәні мен мазмұны. Соттылық. Қылмыстық процестің дербес сатысы ретіндегі басты сот талқылауын тағайындаудың маңызы. Соттың келіп түскен қылмыстық іске қатысты әрекеттері. Судья шешетін мәселелер аясы. Сот бақылауы және басты сот талқылауына дайындалу міндеттерін жүзеге асыру. Басты сот талқылауын ұйымдастыру мәселелері. Соттылық түсінігі және оны топтастыру. Пәні бойынша (топтық) соттылық. Аумақтық (жергілікті) соттылық. Жеке соттылық. Істердің байланысы бойынша соттылық.

Аудандық және оған теңестірілген соттың соттылығына жататын қылмыстық істер. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың соттылығына жататын қылмыстық істер. Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың соттылығына жататын қылмыстық істер. Қылмыстық істердің қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соттардың және гарнизондардың әскери соттарының соттылығына жатуы. Облыстық және оған теңестірілген соттың соттылығына жататын қылмыстық істер. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істерді қарау. Әскери соттың соттылығына жататын істер. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының соттылығына жататын қылмыстық істер. Қылмыстық істерді біріктіру кезінде соттылықты айқындау. Істі іс жүргізуге қабылдаған соттың қылмысты істі соттылығы бойынша беруі. Қылмыстық істі соттылығына жататын соттан басқа сотқа беру. Соттылық туралы дауларды шешу. Басты сот талқылауын тағайындау туралы шешім және оның деректемелері.

Алдын ала тыңдауды өткізудің негіздері мен тәртібі. Алдын ала тыңдауды өткізу. Аса ауыр қылмыстар жөніндегі істер бойынша алдын ала тыңдаудың ерекшеліктері. Жарияланған өтінішхаттар мен шағымдарға байланысты мәселелерді шешу. Басты сот талқылауын тағайындауға кедергі болатындай қылмыстық іс жүргізу заңнамасын елеулі түрде бұзу. Қылмыстық істі қосымша тергеуге қайтару. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру. Азаматтық талап пен мүлікті тәркілеуді қамтамасыз ету шаралары. Істі соттылығы бойынша жолдау. Қылмыстық істі қысқарту. Тараптарға қылмыстық іс материалдарымен танысу мүмкіндігін қамтамасыз ету. Құжаттардың көшірмесін беру. Сот отырысына шақыру.

### **Тақырып 8. Басты сот талқылауының жалпы шарттары**

Басты сот талқылауы. Басты сот талқылауы – қылмыстық процестің басты сатысы. Әділ сот талқылауына және қылмыстық процесс міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған сот қызметі. Басты сот талқылауының жалпы шарттарының жүйесі. Басты сот талқылауының жалпы шарттарының

қылмыстық процесс қағидаларымен ара қатынасы. Басты сот талқылауының кезеңдері.

Басты сот талқылауының тікелей және ауызша жүргізілуі. Дәлелдемелік материалдарды қабылдау кезінде судьяларды бөтен ықпалдардан оқшаулау. Сот талқылауының тікелей болуының мәні. Басты сот талқылауының алдын ала тергеумен ара қатынасы. Басты сот талқылауы – қылмыстық іс мән-жайларын жаңадан зерттеу. Басты сот талқылауының тікелей болуының оның ауызша жүргізілуімен өзара байланысы. Ауызша жүргізудің судьяның дәлелдемелік материалдарды қабылдауын қамтамасыз етуі.

Істі талқылау кезінде сот құрамының өзгермеуі. Запастағы судья. Сот құрамының өзгертілмеуі қылмыстық іс мән-жайларын зерттеудің тікелей болуының қажетті шарты ретінде. Сот құрамының заңдылығының көрсеткіштері. Запастағы судьяның құқықтары мен міндеттері. Запастағы судьяға қарсылық білдіру.

Басты сот талқылауында төрағалық етушінің жетекшілігі және сот отырысында тәртіп сақтау. Төрағалық етушінің істің әділ және бейтарап қаралуын қамтамасыз етуі. Сотты құрметтеу, төрағалық етушінің қаулылары мен өкімдеріне сөзсіз бағыну. Сот приставтары. Төрағалық етушінің тәртіп бұзуға жол берілмейтіндігі және оның өкімдеріне бағынбаудың салдары жөнінде ескертуі. Сот отырысы залынан шығару және әкімшілік жаза қолдану.

Басты сот талқылауына сотталушының және оның заңды өкілінің қатысуы. Сотталушы сот отырысының орталық кейіпкері ретінде. Істі сотталушының қатысуынсыз қараудың ерекше жағдайлары. Сотталушының ҚР тысқары жерлерде болуы істі сырттай қараудың негізі ретінде. Сотталушыны сот отырысы залынан шығару. Кәмелетке толмаған сотталушының ата-анасының немесе өзге заңды өкілдерінің міндетті түрде қатысуы. Кәмелетке толмаған сотталушыны сот отырысы залынан шығару.

Басты сот талқылауына қорғаушының қатысуы. Білікті құқықтық көмек алу құқығы. Қорғаушыны іске қатысуға жіберу. Қорғаушының қорғаудың барлық заңмен рұқсат етілген тәсілдерін пайдалану міндеті. Қорғаушының сот отырысына келмеуі. Қорғаушыны ауыстыру. Қорғаушыдан бас тарту.

Басты сот талқылауына мемлекеттік айыптаушының қатысуы. Мемлекеттік айыптау міндеті. Күрделі және көп эпизодты істер бойынша мемлекеттік айыптау. Прокурорға қарсылық білдіру және іске жаңа прокурордың қосылуы. Мемлекеттік айыптауды қолдау кезіндегі прокурордың міндеттері.

Басты сот талқылауына жәбірленушінің, азаматтық талапкердің немесе азаматтық жауапкердің және олардың өкілдерінің қатысуы. Жәбірленушінің процесуалдық құқықтары. Жәбірленушіні сот отырысына қатысудан босату мәселесі бойынша өтінішхат. Жәбірленуші мен азаматтық талапкердің құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету. «Азаматтық талапкер және жауапкердің» «жәбірленуші және сотталышымен» ара қатынасы.



Жәбірленушінің, азаматтық талапкердің немесе азаматтық жауапкердің және олардың өкілдерінің келмеуі.

Басты сот талқылауының хаттамасы. Басты сот талқылауы хаттамасының нысаны. Басты сот талқылауы хаттамасының құрылымы мен мазмұны. Басты сот талқылауы хаттамасын құрастыру тілі. Басты сот талқылауы хаттамасын құрастыру мерзімдері. Басты сот талқылауы хаттамасымен таныстыру. Басты сот талқылауы хаттамасына қатысты ескертулер. Басты сот талқылауы хаттамасының маңызы.

Басты сот талқылауының шектері. Сотталушы және айыптау шектері. Шектер көздеу нашарлату жағына қарай бет бұрысқа жол бермеудің және сотталушының қорғану құқығын қамтамасыз етудің кепілі ретінде. Қылмыстың бастапқыда тағылған айыптаудан елеулі түрде ерекшеленетін жаңа фактілік мән-жайлары. Сотталушыға алғашында тағылған әлдеқайда ауыр айыптауға қайтып оралудың бірден-бір жағдайы.

Басты сот талқылауын кейінге қалдыру және қылмыстық істі тоқтата тұру. Қылмыстық істі кейінге қалдыру және тоқтата тұру негіздері. Қылмыстық істі кейінге қалдыру туралы қаулы қабылдағанға дейінгі соттың әрекеттері.

Басты сот талқылауында істі тоқтату. Қылмыстық істі тоқтату үшін негіздер. Жеке айыптаушының немесе оның өкілінің сот отырысына келмеуі. Ақтамайтын негіздер бойынша қылмыстық істі тоқтату шарттары.

Басты сот талқылауында қаулылар шығару тәртібі. Қаулылар шығару тәсілдері. Кеңесу бөлмесінде шығарылатын қаулылар. Кеңесу бөлмесіне кетпей шығарылатын қаулылар. Жеке қаулыларды шығару ерекшелігі.

Бұлтартпау шарасы туралы мәселені шешу. Сотталушыға қатысты бұлтартпау шарасын таңдау, күшін жою немесе өзгерту. Іс сотқа келіп түскен күннен бастап үкім шығарылғанға дейін сотталушыны бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау мерзімі.

## **Тақырып 9. Басты сот талқылауы**

Басты сот талқылауының құрылымы. Дайындық бөлімі. Сот тергеуі. Сот жарыссөзі. Сотталушының соңғы сөзі. Соттың үкім шығару үшін кеңесу бөлмесіне кетуі. Соттың сот отырысы залына қайтып келуі және үкімді жариялау.

Басты сот талқылауының дайындық бөлімі. Аудармашыға оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіру, оған қарсылық білдіру туралы мәселені шешу. Сотталушының жеке басын және оған айыптау актісінің уақтылы тапсырылғанын анықтау. Сот құрамын және процестің өзге қатысушыларын жариялау, сотқа және процестің өзге қатысушыларына қарсылық білдіру мәселелерін шешу. Сотталушыға оның құқықтарын түсіндіру. Жәбірленушіге, жеке айыптаушыға, азаматтық талапкерге және азаматтық жауапкерге олардың құқықтарын түсіндіру. Сарапшыға оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіру. Маманға оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіру. Тараптардың өтініш хаттарын мәлімдеу және шешу.

Іске қатысушы адамдардың қайсыбірі болмаған жағдайда істі қарау мүмкіндігі туралы мәселені шешу.

Сот тергеуі. Сот тергеуінің басталуы. Сотталушының көзқарасын анықтау. Дәлелдемелерді ұсыну мен зерттеу тәртібі. Басты сот талқылауына қатысушы адамдардан жауап алу. Сотталушының айғақтарын жария ету. Жәбірленушіден, куәлардан жауап алу. Жәбірленуші мен куәның айғақтарын жария ету. Сот талқылауындағы сараптама. Сарапшыдан жауап алу. Заттай дәлелдемелерді қарау. Тергеу іс-әрекеттерінің хаттамалары мен құжаттарды жария ету. Іс болған орынды және үй-жайды қарау. Тану, куәландыру, айғақтарды тұрған жерінде тексеру мен нақтылау, эксперимент жүргізу, үлгілер алу үшін көрсету. Дәлелдемелерді зерттеуді шектеу. Сот тергеуінің аяқталуы. Істің қысқартылған тәртіппен сотта талқылануы.

Сотжарыссөзі және сотталушының соңғы сөзі. Сотжарыссөзінің мазмұны мен тәртібі. Сотталушының соңғы сөзі.

Үкім шығару. Сот үкімі. Үкімдердің түрлері. Үкімді жасау тәртібі. Айыптау және ақтау үкімдерінің құрылымы мен мазмұны. Үкімді жариялау. Соттың үкімді жариялағаннан кейінгі әрекеттері. Жеке қаулы. Соттың үкім шығарумен бір мезгілде шешетін мәселелері.

### **Тақырып 10. Үкім шығару**

Үкім – сот төрелігінің актісі. Үкімді Қазақстан Республикасы атынан шығару. Үкімнің түсінігі және мәні. Үкім шығару-құқыққолданушылық акт. Үкімнің ажырамас заңдық қасиеттері. Үкімнің жалпыға міндеттілігі және ерекшелігі. Үкімнің заңдылығы және негізділігі. Үкімнің дәлелділігі. Үкімнің әділеттілігі.

Үкімнің түрлері. Айыптау үкімі мен ақтау үкімін шығарудың негіздері. Айыптау үкімінің түрлері.

Үкімді шығару кезіндегі сотпен шешілетін мәселелер. Сотталушының жасаған әрекеті дәлелденді ме. Әрекет қылмыстық құқықбұзушылық болып табыла ма, және ол нақты қандай қылмыстық заңмен қаралған. (бап, бөлім, тармақ). Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған сотталушы кінәлі ме. Оның жауапкершілігі мен жазасын жеңілдететін немесе ауырлататын жағдайлар бар ма. Сотталушы жасалған қылмыстық құқықбұзушылық үшін жазаға тартыла ма. Сотталушыға қандай жаза тағайындалуы қажет. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 74 және 76 баптарында көрсетілген жағдайларда жаза тағайындаусыз немесе жазадан босату не болмаса қылмыстық жазаны өтеуді кейінге қалдырусыз үкімді шығару үшін негіздер бар ма. Бас бостандығынан айырылған адам қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесінде жазаның қандай түрін және қандай режимде өтеуі тиіс. Азаматтық арыз қанағаттандырылуға жата ма, кімнің пайдасына және қандай мөлшерде. Азаматтық арызды немесе болжамды тәркілеуді қамтамасыз ету үшін тыйым салынған мүлікті не істеу қажет. Заттық дәлелдемелермен не істеу керек. Процессуалдық шығындар кімнің мойнына және қандай мөлшерде салынуы қажет. Сот (Қазақстан Республикасының Президенті не ұсыным беруі) сотталушыны құрмет, әскери, арнайы немесе басқа да

атақтарынан, сыныптық шенінен дипломатиялық дәрежесінен біліктілік сыныбынан мемлекеттік марапаттауларынан айыруы тиіс пе. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 91 бабында көрсетілген жағдайларда медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы. Қылмыстық құқықбұзушылықты жасауға мүмкіндік беретін жағдайлардың бар-жоқтығы туралы. Сотталушыға қатысты жолын кесу шаралары туралы. Алдыңғы үкім бойынша шартты соттауды жою немесе сақтау. Кепілді анықтаумен алдыңғы үкім бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатуды жою. Сотталушының ақыл-есінің дұрыстығы туралы мәселені шешу. Сотпен үкімді шығару кезінде шешілетін басқа да мәселелер.

Үкімді шығару мен жариялаудың тәртібі. Үкім шығарудың құпиялылығы. Үкімді жасау. Айыптау және ақтау үкімінің құрылымы мен мазмұны. Үкімді жариялау. Үкімді жариялағаннан кейінгі соттың әрекеті. Сотталушыны босату. Үкімнің көшірмесін беру.

Жеке қаулы. Жеке қаулы сотпен заңның бұзылуын елеп ескеруінің құралы ретінде. Жеке қаулы шығарудың негіздері мен процессуалдық тәртібі. Шығарылған жеке қаулы бойынша шаралар қолдану және қорытындысы туралы сотқа хабарлау.

### **Тақырып 11. Заңды күшіне енбеген сот шешімдеріне апелляциялық шағым беру, наразылық білдіру**

Заңды күшіне енбеген сот үкімдері мен қаулыларын қайта қарау сатысының мәні мен міндеттері. Апелляциялық іс жүргізу еркін шағымдану құқығын жүзеге асырудың процессуалдық нысаны ретінде. Апелляциялық іс жүргізудің міндеттері.

Іс жүргізудің апелляциялық тәртібі. Қаралуға тиіс сот актілері. Апелляциялық іс жүргізуді қозғау тәртібі. Апелляциялық шағымдарды, наразылықтарды беру тәртібі мен мерзімдері. Апелляциялық шағымдардың, наразылықтардың мазмұны. Қосымша материалдар ұсыну. Істі тексерудің ревизиялық тәртібі. Апелляциялық сатыдағы сот отырысын тағайындау. Апелляциялық сатыдағы сот отырысын дайындау. Апелляциялық сатыда істі қарау тәртібі. Апелляциялық сатыдағы соттың өкілеттіктері.

Үкімнің күшін жою немесе өзгерту негіздері. Сот тергеуінің біржақтылығы және толық болмауы. Үкімде (қаулыда) мазмұндалған сот қорытындыларының істің фактілік мән-жайларына сай келмеуі. Қылмыстық іс жүргізу заңының елеулі түрде бұзылуы. Қылмыстық заңды дұрыс қолданбау. Жазаның қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығына және сотталғанның жеке басына сәйкес келмеуі.

Апелляциялық саты қабылдайтын шешімдер. Бірінші сатыдағы соттың үкімін (қаулысын) – өзгеріссіз, ал апелляциялық (жеке) шағымды, наразылықты қанағаттандырусыз қалдыру туралы шешім. Үкімді өзгерту. Айыптау үкімінің күшін жою және істі қысқарту. Айыптау үкімінің күшін жою және ақтау үкімін шығару. Ақтау үкімінің күшін жою және айыптау үкімін шығару. Қосымша тергеуге жібере отырып, үкімнің күшін жою.

Апелляциялық сатының қылмыстық процесте азаматтық талап арызды қарауы. Апелляциялық үкімнің қаулының мазмұны.

Істі қайтадан қарау. Апелляциялық және бірінші сатыдағы соттардың істі қайтадан қарауы. Апелляциялық сатыдағы соттың қарау пәні. Бірінші сатыдағы соттың қайталап қарау пәні.

## **Тақырып 12. Істерді кассациялық шағымдар, наразылықтар бойынша қарау**

Кассациялық іс жүргізудің түсінігі және маңызы. Кассациялық іс жүргізудің мәні. Кассациялық іс жүргізудің мақсаттары мен міндеттері. Кассациялық қаулы.

Кассациялық шағымданудың, наразылық білдірудің субъектілері, шағым беру және наразылық білдіру тәртібі. Айыптау тарапынан қатысушылар. Қорғау тарапынан қатысушылар. Соттың үкімдеріне, қаулыларына кассациялық тәртіппен шағымданудың жалпы шарттары. Кассациялық шағым мен наразылықтың мазмұны.

Кассациялық сатыда қылмыстық істің қаралуы. Кассациялық шағымды немесе наразылықты қарау мерзімдері. Сотталған адамды шақыру. Кассациялық сатының қылмыстық істі қарау шектері. Үкімде анықталған айыптауды өзгерту кезінде жоғары тұрған сот басшылыққа алатын жіктер.

Кассациялық тәртіппен сот шешімінің күшін жою немесе өзгерту негіздері. Қылмыстық-процестік заңды елеулі түрде бұзу. Қылмыстық заңды дұрыс қолданбау. Үкімнің әділетсіздігі. Үкімді өзгерту.

Қылмыстық істі кассациялық сатыда қарау тәртібі. Дайындық бөлімі. Істі қарау. Қосымша материалдарды ұсыну. Соттың кассациялық қаулы нысанындағы шешімі.

Кассациялық сатыда қабылданатын шешімдердің түсінігі, түрлері және нысандары. Кассациялық саты қабылдайтын шешімдер. Кассациялық қаулының құрылымы және мазмұны.

Істі кассациялық сатыда қайта қарау. Үкімнің күшін жойған соң істі бірінші, апелляциялық сатыларда қарау. Істі жаңадан қарау кезінде жаза тағайындау шектері.

## **Тақырып 13. Сот шешімдерін орындау**

Сот шешімдерін орындаудың маңызы және оларды топтастыру. Сот шешімдерін орындау – тиімді қылмыстық сот ісін жүргізудің ажырамас элементі. Қылмыстық істі мәні бойынша шешетін сот шешімдері (түбегейлі шешімдер). Процедуралық сипаттағы (қылмыстық істің қозғалысын қамтамасыз ететін және т.б.) сот шешімдері. Түбегейлі сипат тасымайтын және адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеуді көздейтін сот шешімдері. Қылмыстық қудалау органдарының (олардың ішінде – прокурордың) шешімдері мен іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) келтірілген шағымдарды қарау нәтижелері бойынша шығарылған сот шешімдері. Үкімді орындаумен байланысты мәселелер бойынша сот шешімдері.

Қылмыстық істі мәні бойынша шешетін сот шешімдерін орындау. Түбегейлі сот шешімдерін орындау – қылмыстық процестің қорытындылаушы сатысы. Бірінші сатыда қылмыстық істі мәні бойынша шешетін сот шешімдерін орындау. Апелляциялық сатыда қылмыстық істі мәні бойынша шешетін сот шешімдерін орындау. Кассациялық сатыда қылмыстық істі мәні бойынша шешетін сот шешімдерін орындау.

Процедуралық сипаттағы сот шешімдерін орындау. Істі жүргізу аясында қабылданатын шешімдер. Қылмыстық істің қозғалысын және аралық міндеттерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін сот шешімдері. Аралық сот шешімдерінің нысандары. Жеке қаулы.

Түбегейлі сипат тасымайтын және адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын шектеуді көздейтін сот шешімдерін орындау. Бұлтартпау шараларын немесе процестік мәжбүрлеуді қолдану, өзгерту және күшін жою. Күзетпен ұстауға алынбаған адамды сот-психиатриялық немесе сот-медициналық сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға мәжбүрлеп орналастыру. Әкімшілік жаза, оның ішінде ақша өндіріп алуды тағайындау.

Қылмыстық қудалау органдарының (олардың ішінде – прокурордың) шешімдері мен іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) келтірілген шағымдарды қарау нәтижелері бойынша шығарылған сот шешімдерін орындау. Заңсыз деп танылған процесуалдық шешімнің күшін жою. Сәйкес лауазымды адамның іс-әрекетін (әрекетсіздігін) заңсыз немесе негізсіз деп тану және жол берілген құқық бұзушылықты жою туралы шешім. Прокурорға жол берілген азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзуды жою міндетін жүктеу. Шағымды қанағаттандырусыз қалдыру.

Үкімді орындаумен байланысты мәселелер бойынша сот шешімдерін орындау. Тағайындалған жазаны өтеуден әдейі жалтарған жағдайларда айыппұл түріндегі жазаны қоғамдық жұмыстарға тартумен; қоғамдық жұмыстарға тартуды қамаққа алумен; түзеу жұмыстарын қоғамдық жұмыстарға тартумен не қамаққа алумен немесе бас бостандығынан айырумен; бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айырумен ауыстыру. Қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталған, бақылаудан жасырынған және жазаны өтеуден жалтарған адамдарға қатысты іздеу жариялау және бұлтартпау шарасын таңдау. Қылмыстық-атқару заңнамасына сай бас бостандығынан айыру жазасына сотталған адамға үкім бойынша тағайындалған түзеу мекемесінің түрін өзгерту. Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату, жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру. Жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босатудың күшін жою. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдана отырып немесе қолданбай ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату. Шартты түрде соттаудың күшін жою немесе сынақ мерзімін ұзарту. Бас бостандығын шектеуге сотталған адамға жүктелген міндеттердің күшін толық немесе ішінара жою. Мерзімі өтуіне орай немесе бала шетінеген жағдайда не жүктілік үзілген жағдайда жазаны өтеуді кейінге қалдырудың күшін жою. Айыптау үкімінің ескіру мерзімінің өтуіне байланысты жазадан босату. Уақыт бойынша ең соңғы үкімде бұл

мәселе шешілмеген болса, басқа орындалмаған үкімдер болған жағдайда үкімді орындау. Күзетпен ұстау уақытын, сондай-ақ емдеу мекемесінде болған уақытты есепке алу. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануды ұзарту, өзгерту немесе тоқтату. Кері күші бар қылмыстық заңның, сондай-ақ рақымшылық жасау актісінің шығуы себепті жазадан босату немесе жазаны жеңілдету, сотталған адам жасаған әрекетті саралауды өзгерту, жазалау мерзімін, қылмыстың қайталануын қысқарту. Қылмыстық-атқару заңнамасына сай түзеу жұмыстарына сотталған адамның жалақысының ұсталып қалатын бөлігін төмендету. Үкімді орындау кезінде туындаған қандай да болсын күмән мен түсініксіздікті ұғындыру. Сотталған адамның қайтыс болуына байланысты іс жүргізуді қысқарту. Соттылықты алу.

#### **Тақырып 14. Сот актілерін Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сот қадағалауы тәртібімен қайта қарауы**

Сот шешімдерін қадағалау тәртібімен қайта қараудың мәні мен маңызы. Сот шешімдерін қадағалау тәртібімен қайта қарау заңды күшіне енген сот шешімдерінің заңдылығы мен негізділігін тексеру тәсілі ретінде. Қылмыстық істерді қадағалау тәртібімен қайта қараудың міндеттері. Қылмыстық істерді қадағалау тәртібімен қайта қараудың жария-құқықтық басталуы. Қадағалау алқаларының құрамы. Қадағалаушылық іс жүргізудің апелляциялық және кассациялық іс жүргізуден айырмашылығы.

Сот шешімдерін қадағалау тәртібімен қайта қараудың негіздері. Кінәсіз адамды соттау. Ақтау үкімін негізсіз шығару немесе істі қысқарту. Жәбірленушіні құқықтарын сот арқылы қорғау құқығынан айыру. Сот тағайындаған жазаның қылмыстық құқық бұзушылықтың ауырлығына және сотталушының жеке басына сай болмауы. Талап арызды қараусыз қалдырған жағдайларды қоспағанда, азаматтық талапты дұрыс шешпеу. Жаңадан анықталған мән-жайлар бойынша немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданған кезде заңсыз немесе негізсіз қаулы шығару. Мемлекеттік немесе қоғамдық мүдделерді, мемлекет қауіпсіздігін қозғайтын не адамдардың өмірі, денсаулығы үшін орны толмас ауыр зардаптарға әкеп соқтыруы мүмкін сот актілері. Адамды өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыру жазасына соттау. Туындаған қайшылықтарды жою туралы ұсыным.

Соттардың заңды күшіне енген үкімдері мен қаулыларын қайта қарау туралы өтініш жасауға, соттардың заңды күшіне енген үкімдері мен қаулыларына наразылық келтіруге құқығы бар тұлғалар. Қадағалау тәртібімен іс жүргізу үдерісін бастау тәртібі және оның түрлері. Заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау туралы өтінішхаттар мен наразылықтардың нысаны. Келіп түскен өтінішхаттар мен наразылықтарды қарау мерзімдері. Заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау туралы өтінішхаттарды алдын ала қараудың арнайы тәртібі. Өтінішхаттарды алдын ала қарау нәтижелері бойынша қабылданатын шешімдер.

Қылмыстық істер бойынша заңды күшіне енген сот актілерін қайта қараудың процесуалдық тәртібі мен мерзімдері. Қадағалау сатысында істі қараудың процесуалдық мерзімдері. Қадағалау сатысы сотының қылмыстық істерді қарау тәртібі. Дайындық бөлімі. Өтінішхаттың немесе прокурор наразылығының уәждерін баяндау. Процесс қатысушыларының түсініктемелері. Қосымша ұсынылған материалдарды зерттеу. Соттың шешім шығаруы. Қадағалау сатысының соты қабылдайтын шешімдер.

Қылмыстық процесс ғылымындағы қадағалаушылық іс жүргізу. Сот шешімдерін қайта қараудың бірыңғай негіздері. Қылмыстық процесс ғылымындағы қадағалаушылық іс жүргізуді апелляциялық (кассациялық) сатыдан ажырату жіктері. Үкімнің күшін жою негіздерінің бірыңғайлығы. Сот қателігі және оны түзету. Қылмыстық-процестік заңның құрылымындағы қадағалаушылық іс жүргізу.

### **Тақырып 15. Жаңадан анықталған мән-жайларға байланысты іс жүргізуді қайта жалғастыру**

Қылмыстық істерді жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты қайта жалғастырудың түсінігі, мәні және міндеттері. Қылмыстық істерді жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты қайта жалғастыру қылмыстық процестің дербес сатысы ретінде. Қылмыстық істерді жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты қайта жалғастырудың сот үкімдерінің заңдылығы мен негізділігінің кепілдіктері жүйесіндегі орны. Қылмыстық істерді жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты қайта жалғастырудың мақсаттары мен міндеттері. Қылмыстық істі жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты қайта жалғастыру – заңды күшіне енген сот шешімін қайта қараудың айрықша құқыққорғаушылық нысаны.

Қылмыстық істерді жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты қайта жалғастырудың негіздері. Қылмыстық істерді жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты қайта жалғастыру негіздерінің түсінігі. Қылмыстық істерді жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты қайта жалғастыру негіздерінің түрлері. Үкім немесе қаулы қабылдаған уақытта сотқа белгісіз болған өзге де мән-жайлар. Лауазымды адамдардың (анықтаушы, тергеуші, прокурор, судьяның), өзге адамдардың (сарапшы, куәлардың) заңсыз және негізсіз үкім (сот шешімі) шығаруға негіз болған қылмысты іс-әрекеттері. Өздігінен қылмыс болып табылмайтын, бірақ әділетсіз сот шешімін шығаруға негіз болған өзге де мән-жайлар.

Жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты қылмыстық істер бойынша іс жүргізуді қозғаудың процесуалдық тәртібі. Жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты іс жүргізуді қозғау құқығы. Жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты іс жүргізуді қозғау себептері. Жаңадан ашылған мән-жайларды тергеу. Жаңадан ашылған мән-жайларды тергеу жүргізудің мерзімдері. Жаңадан ашылған мән-жайларды тексерудің немесе тергеудің аяқталуы. Іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы.

Жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты қылмыстық істерді қайта қарау. Прокурордың жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты іс

жүргізуді қайта жалғастыру туралы қорытындысы. Жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты заңды күшіне енген сот шешімдерін қайта қарауға өкілетті сот органдарының жүйесі. Жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты істі қайта қарау нысаны. Жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты істерді қараудың соттық тәртібі. Жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты қайта қаралып отырған іс бойынша шығарылатын шешім. Процесуалдық мерзімдерді есептеу. Істі қайтадан қараған соң шығарылған үкімге шағымдану және наразылық білдіру.

### **III. Сот өндірісін жүргізудің жіктелген нысандары**

#### **Тақырып 16. Қылмыстық қудалаудың баламалары**

Ұлттық құқықтағы қылмыстық қудалау баламаларының түсінігі және оларды топтастыру. Медиация ұлттық құқықтағы қылмыстық қудалаудың баламасы ретінде. Процестік келісім. Келісімдік іс жүргізу.

Процестік келісім, оны жасасудың ерекше тәртібі. Процестік келісім жасалған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеру. Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімді жасасуға арналған шарттар. Кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісімді жасасудың салдарлары. Кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісім жасасу туралы өтінішхатты қарау тәртібі. Кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісім жасасу тәртібі. Кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісім жасасқаннан кейін қылмыстық іс бойынша прокурордың, тергеушінің, анықтаушының әрекеттері. Ынтымақтастық туралы процестік келісім. Ынтымақтастық туралы процестік келісімді жасасу тәртібі. Соттың ынтымақтастық туралы процестік келісімді бекіту тәртібі. Ынтымақтастық туралы процестік келісімнің шарттарын орындау бойынша прокурор мен соттың әрекеттері.

Қылмыстық істерді сотта келісімдік іс жүргізуде қарау. Келісімдік іс жүргізуді қолдану негіздері. Сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында жасалған процестік келісіммен бірге келіп түскен іс бойынша судьяның әрекеттері. Істі келісімдік іс жүргізуде қарау кезінде сот отырысына қатысатын адамдар. Келісімдік іс жүргізудегі сот талқылауының тәртібі мен мерзімдері. Соттың келісімдік іс жүргізудегі шешімдері. Келісімдік іс жүргізуде қаралған іс бойынша айыптау үкімінің құрылымы және мазмұны. Басты сот талқылауы барысында келісімдік іс жүргізуді қозғау. Сотта жасалатын процестік келісімнің құрылымы мен мазмұны. Сотта жасалған процестік келісіммен келіп түскен іс бойынша судьяның әрекеттері.

#### **Тақырып 17. Қылмыстық теріс қылықтар бойынша іс жүргізудің ерекшеліктері**

Қылмыстық теріс қылықтар бойынша іс жүргізу тәртібі. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің хаттамалық нысаны. Хаттама жасау тәртібі. Хаттаманы сотқа жіберу тәртібі. Қылмыстық теріс қылықтар туралы істі сотта қараудың тәртібі мен мерзімдері.



### **Тақырып 18. Үкім шығарылғанға дейін тәркілеу жүргізу**

Заңсыз жолмен алынған мүлікті үкім шығарылғанға дейін тәркілеуді жүзеге асырудың тәртібі.

Заңсыз жолмен алынған мүлікті үкім шығарылғанға дейін тәркілеуді жүзеге асыру туралы іс жүргізуді қозғау. Сотқа дейінгі тәркілеу туралы іс жүргізу. Соттың тәркілеу туралы іс жүргізуді қарауы. Тәркілеу туралы іс жүргізудегі соттың кеңесу бөлмесінде шешетін мәселелері. Тәркілеу туралы іс жүргізудегі сот шешімі. Тәркілеу туралы қаулыға шағымдану, наразылық білдіру.

### **Тақырып 19. Жеке айыптау істері бойынша іс жүргізудің ерекшеліктері**

9. Өз кінәсін мойындап келгенде, ол жалған сөз жеткізгені үшін қылмыстық жауаптылық көзделетіні туралы ескертіледі ме?

10. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз немесе хабарламаны қабылдаудан бас тартуға қылмыстық қудалау органының қызметкері құқылы ма?

11. Қандай жағдайларда жәбірленушінің арыздары тергеулігі бойынша жіберілуге жаталы?

12. Қылмыстық теріс қылық туралы хаттама қанша мерзімде құрылуы қажет?

13. Егер де тұлға бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасаған болса, оның ішінде қылмыстық теріс қылық сотқа дейінгі тергеп-тексеру қандай нысанда жүргізіледі?

14. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы хабарлаған тұлғаға қандай құжат беріледі?

15. Штаттан тыс жағдайлар туындаған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексерудің тіркеу тәртібі?

### **Өзіндік бақылау материалдары:**

#### **Конспектiлеу:**

1. Қазақстан Республикасының Бас Прокурорының 2014 ж. 19 қыркүйектегі «Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды қабылдау және тіркеу, сонымен қатар Сотқа дейінгі тергеудің бірыңғай тізілімін жүргізу Қағидасын бекіту туралы» №89 Бұйрығы [http://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=31619562](http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31619562).

2. Қазақстан Республикасының 2007 ж. 12 қаңтардағы №221-III Заңы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» (29.12.2014ж. толықтырулар мен өзгертулерімен) [http://online.zakon.kz/document/?Doc\\_id=30086115](http://online.zakon.kz/document/?Doc_id=30086115).

3. Қазақстан Республикасының 2003 ж. 7 қаңтардағы №370-II Заңы «Электрондық құжат пен электрондық сандық қолтаңба туралы» (29.12.2014ж. толықтырулар мен өзгертулерімен), [http://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=1035484](http://online.zakon.kz/document/?doc_id=1035484).

## **№ 9 - тақырып. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізудің жалпы шарттары**

Сұрақ қою біліктілігі -  
Ақыл мен ойдың маңызды  
және қажетті белгісі  
*И. Кант*

### **Дәріс сұрақтары**

**1 сағ.**

1. Тергеулік түсінігі мен оның белгілері.
2. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің органдары, нысандары және сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімі оны ұзарту тәртібі.

### **Дәріс тезісі**

Қылмыстық істің тегеулігі атты құбылысты зерттеуді бастамас бұрын оған ғылымды қажет ететін анықтама беру қажет. Қолданыстағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде қылмыстық сот өндірісінің аталған институтының нормативтік түсінігі бекітілген. Бұдан басқа аталған құбылысты теоретикалық (ғылыми) және тәжірибелік (құқық қолданушы) жақтарынан қарастыру қажет.

ҚР ҚПК 7 б. 46 т. сәйкес «Тергеулік» - осы қылмыстық құқық бұзушылықты тергеп-тексеруді қандай да бір қылмыстық қудалау органының құзыретіне жатқызатын, осы Кодексте белгіленген белгілердің жиынтығы.

Тергеулік –белгілердің жиынтығына сәйкес қылмыстық істің белгілі бір органның тергелуіне жататындығы түсініледі. Жасалған қылмыстың түріне, оны жаслу орнына, оны кім жасағанын куәландыратын жағдайларына байланысты тергеулік түрлері ажыратылады: заттық (түр), жеке, аймақтық, істердің байланысы, баламалы.

Осылайша: тергеулік дегеніміз - осы қылмыстық құқық бұзушылықты тергеп-тексеруді қандай да бір қылмыстық қудалау органының құзыретіне жатқызатын белгілердің жиынтығы. Жасалған қылмыстың түріне, оның жасалу орнына, оны кім жасағандығын куәландыратын жағдайларына байланысты тергеулік түрлері анықталады: заттық, жеке, территориалдық, істердің байланысы бойынша, баламалы және аралас.

Тергеулік—бұл алдын ала тергеу не анықтауды жүргізуге міндетті және құқылы нақты орган бекітілетін заңда бекітілген заң белгілерінің жиынтығы.

Тергеуліктің келесі түрлерге ажыратылады:

- заттық (тектік);
- жеке;
- баламалы;
- территориалдық (жергілікті);
- істердің байланысы бойынша;
- аралас (жеке-заттық).

Алдын ала тергеу – бұл процеске қатысушылардың құқықтарын жүзеге асырудағы және әділетті орнатудағы кепілді максималды түрде қамтамасыз ететін сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мейілінше толық нысаны. Алдын ала тергеу үшін толық көлемде тергеудің жалпы шарттары әрекет етеді, онда оның барлы қинституттары жүзеге асырылған және жоғарыда көзделген барлық сатылар нақты бөлінген. Осыған қоса, алдын ала тергеудің процестік тәртібі медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы, кәмелетке толмағандарға қарсы және артықшылықтары мен иммунитеттері бар тұлғаларға қатысты қылмыстық істермен күрделенуі мүмкін екенін есепке алып отырған жөн.

Алдын ала тергеу – тергеудің негізгі нысаны. Ол анықталады:

- біріншіден, заң шығаруша тергеп-тексерудің бұл нысанына қылмыстық істердің көп бөлігін жатықзады (Қазақстан Республикасының ҚПК 187 б.);
- екіншіден, егер прокурор қажетті деп таныса, алдын ала тергеуді анықтау органының құзыретіне кіретін қылмыстық істер бойынша да жүргізіледі (Қазақстан Республикасының ҚПК 193 б. 1 б. 12 т.);
- үшіншіден, Қазақстан Республикасының ҚПК 189 б. 5 б. Көзделген талаптарының бар болуына байланысты анықтау органы да қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеу жүргізе алады.

Анықтау — іс бойынша алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес анықтау органымен немесе анықтаушымен жүргізілетін сотқа дейінгі тергеп-тексерудің нысаны. Аталған нысанды жүргізудің негіздері мен шарттары: қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілік деңгейінің төмен болуы (анықтау, әдеттегідей, тек ауыр емес және орташа ауырлықтағы қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша жүргізіледі). Тергеудің аталған нысаны анықтау жүргізудің өндірісінде де анықтаушылардың құқықтық мәртебесінде де көрініс тапқан, анықтаудың қысқартылға мерзімі (кейінге қалдырылмайтын тергеу әрекеттері 5 тәулік).

Қылмыстық процестегі материалдарды сотқа дейінгі дайындаудың хаттамалық нысаны – кейбір (заңда көзделген) қылмыстық құқық бұзушылықтардың жағдайларын анықтау органдарымен анықтаудың арнайы тәртібі.

Хаттамалық нысан істің мән-жайлары алдын ала тергеу не анықтау нысанындағы тергеп-тексеру жүргізусіз-ақ анықтала алатын қылмыстық істер бойынша қолданылады. Бұл қылмыстар бойынша іс жүргізу жалпы ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

Қылмыстық құқық бұзушылықта хаттамалық нысан жүргізу белгілерін анықтаған кезде анықтау органы үш тәулік ішінде тергеу әрекеттерін жүргізбей, қылмыстық құқық бұзушылық жағдайларын және құқық бұзушының тұлғасын анықтайды, құқық бұзушыдан және куәлардан сұрау алады, құқық бұзушының соттылығының бар-жоғы туралы анықтаманы, жұмыс орнынан не оқу орнынан мінездемені және қылмыстық істі сотта қарастыруға маңызы бар құжаттарды талап етеді.

Жасалған құқық бұзушылықтың жағдайлары туралы хаттама толтырылады онда құқық бұзушы туралы мәліметтер, қылмыстық құқық бұзушылық орын алған жері, уақыты, себептері, әдістері және зардаптары, сонымен қатар қылмыстық құқық бұзушылықтың орын алғанын және құқық бұзушының кінәсін дәлелдейтін фактілік мәліметтер келтіріледі. Қылмыстық кодекс бойынша қылмыстық құқық бұзушылық сараланады. Хаттамаға барлық материалдар және сотқа шақырылатын адамдар тізімі қоса тіркеледі. Анықтау органының бастығы хаттаманы және қоса тіркелген құжаттарды зерттеп мақұлдайды, кейіннен барлық материалдар күдіктіге танысу үшін ұсынылады, бұл туралы тиісті белгі қойылады. Бұл белгі күдіктінің және қорғаушының (егер бар болса) қолдарымен расталады. Күдікті іс материалдарымен танысқаннан кейін анықтау органының бастығы дереу істі прокурорға жолдайды. Қылмыстық істерді хаттамалық нысанда тергеу барысында адам және азаматтың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау кепілдігі қамтамасыз етіледі.

Жаңа заңда 2010-2020 ж.ж. Қазақстан Республикасының құқықтық саясаты Тұжырымдамасының қылмыстық әрекеттерге екі векторлық тәсіл туралы ережелері жүзеге асырылған.

Жекелей айқанда, халықаралық тәжірибені есепке ала отырып, қылмыстық-жазалаушы әрекеттердің екі бөлімдік жүйесі енгізілген, ол қылмыстық құқық бұзушылықтан және қылмыстық теріс қылықтан тұрады.

Қылмыстық теріс қылықтар қатарына әкімшілік құқық бұзушылық пен қазіргі уақытта қолданыстағы Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексте қарастырылған қоғамдық қауіптілік деңгейіне дейінгі қылмыстар шегінде орналасқан әрекеттер жатады.

Бұл мемлекет Басшысының тәртіпсіздікке деген шыдамдылықтың жоқтығы қағидасы туралы бекітілуіне сәйкес келеді және күрделі қылмыстардың алдын алады.

Бұдан басқа әкімшілік құқық бұзушылық құрамдарын қылмыстық теріс қылық деңгейіне ауыстыру жауаптылыққа тартылатын тұлғалардың қорғалуын қамтамасыз етеді. Бұл міндетті түрде қорғаушының – кәсіби адвокаттың шақырылуы және қылмыстық-процестік кодексімен бекітілген барлық процестік кепілдер кешенін қолдануы.

Бұл теріс қылықтарды әкімшілік құқық бұзушылық мәртебесінен ауыстыру негізі болып олардың санкциясында әкімшілік қамаудың қарастырылуы немесе әкімшілік қамаудың болу-болмауына қарамастан істің тек сотта қарастырылу мәселесі болды.

Қылмыстық теріс қылықтар құрамына, сонымен қатар кейбір жаңа әрекеттер қосылған. Олар алдын қолданыстағы қылмыстық заңнамада да әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексте де көзделмеген болатын. Мысалы, бұл балық қорын қорғау ережелерін бұзу және т.б.

Қылмыстық теріс қылықты процестік рәсімдеу мәселесіне келетін болсақ, анықтау органы күдіктіге, егер ол анықталған болса, қатысты қылмыстық теріс қылық туралы хатама толтырады. Тұлға анықталмаған болса, онда хаттама жауаптылыққа тарту мерзімінің ескіруін есепке ала

отырып, ол анықталған сәттен бастап толтырылады. Қылмыстық теріс қылықтың жағдайларын анықтау, оны жасаған тұлға туралы мәліметтер жинау немесе оның тұрған жерін анықтау қажеттілігі туындағанда қылмыстық теріс қылық туралы хаттама үш тәулік ішінде толтырылады.

Егер де сараптама тағайындау немесе маманның қоырытындысын алу қажеттілігі туындаса, онда олардың қоырытындыларын алған сәттен бастап бір тәулік ішінде қылмыстық теріс қылық туралы хаттамасы толтырылады.

Анықтау органының бастығы хаттаманы және қоса тіркелген құжаттарды зерттеп мақұлдайды, кейіннен барлық материалдар күдіктіге танысу үшін ұсынылады, бұл туралы тиісті белгі қойылады. Бұл белгі күдіктінің және қорғаушының (егер бар болса) қолдарымен расталады. Күдікті іс материалдарымен танысқаннан кейін анықтау органының бастығы дереу істі прокурорға жолдайды.

Прокурор қылмыстық істі зерделей отырып – бір тәуліктен кешіктірмей, ал күдікті осы Кодекстің 128-бабының тәртібімен ұсталған істер бойынша сегіз сағаттан кешіктірмей, мынадай әрекеттердің бірін жүргізеді:

1) қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманы бекітеді және қылмыстық істі сотқа жібереді;

2) хаттаманы бекітуден бас тартады және қылмыстық істі осы Кодекстің 35 және 36-баптарында көзделген негіздер бойынша тоқтатады;

3) анықтау не алдын ала тергеу жүргізу үшін қылмыстық істі қайтарады;

4) қылмыстық істі жекелеген күдіктілерге қатысты тоқтатады, ол туралы тиісті қаулы шығарып, оның көшірмелерін мүдделі тұлғаларға жібереді және қылмыстық істі сотқа жібереді.

Күдікті осы Кодекстің 128-бабының тәртібімен ұстап алынған жағдайда, қылмыстық теріс қылық туралы іс күдікті нақты ұстап алған кезден бастап отыз алты сағаттан кешіктірілмей прокурорға жіберіледі.

Қылмыстық теріс қылықтар туралы істер сотқа келіп түскен сәттен бастап он бес тәулік ішінде қарастырылуға жатады.

Процесс қатысушылардың өтініші немесе іс бойынша қосымша жағдайларды анықтау қажеттілігі негізінде істі қарастыру мерзімі бір айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Жазалау ретінде Қазақстан Республикасының аумағына тыс шығару, сонымен қатар егер күдікті ҚПК 128 бабының талаптарымен ұсталған болса, қылмыстық теріс қылықтар бойынша қылмыстық істер сотқа келіп түскен күі қарастырылады.

Қылмыстық теріс қылықтар бойынша қылмыстық істерді сотта қарастырылу барысында прокурордың қатысуы міндетті.

Іс сотқа келіп түскеннен кейін судья істі іс жүргізуге қабылдап және қылмыстық теріс қылық туралы істі қарауға кірісе отырып:

1) істі кімнің қарайтынын, қай істің қаралуға жататынын, кімнің және Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің қай бабының негізінде жауаптылыққа тартылатынын жариялайды;



2) сотталушының, сондай-ақ істі қарауға қатысатын өзге де адамдардың келгеніне көз жеткізеді;

3) іс бойынша іс жүргізуге қатысушылардың жеке басын анықтайды және заңды өкілдері болған кезде – олардың, қорғаушының өкілеттігін тексереді;

4) іс бойынша іс жүргізуге қатысатындардың келмеу себептерін анықтайды және істі көрсетілген адамдардың қатысуынсыз қарау туралы не істі қарауды кейінге қалдыру туралы шешім қабылдайды;

5) қажет болған жағдайларда істі қарау кезінде қатысуы міндетті болып табылатын адамды күштеп әкелу туралы қаулы шығарады, аудармашы тағайындайды;

6) істі қарауға қатысатын адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді;

7) мәлімделген қарсылық білдірулер мен өтінішхаттарды шешеді;

8) қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманы, ал қажет кезде істің өзге де материалдарын жария етеді;

9) мыналарға: егер судьяға қарсылық білдіру істің мәні бойынша қаралуына кедергі келтіретін болса, оның өздігінен бас тартуы немесе оған қарсылық білдіру туралы мәлімдеуге; егер қорғаушыға, уәкілетті өкілге, сарапшыға немесе аудармашыға қарсылық білдіру істің мәні бойынша қаралуына кедергі келтіретін болса, көрсетілген қарсылық білдіруге; істі қарауға қатысатын адамдардың келуі немесе іс бойынша қосымша материалдар талап етіп алдыру қажеттігіне байланысты істі қарауды кейінге қалдыру туралы қаулы шығарады. Қажет болған жағдайда, судья сараптама тағайындау туралы қаулы шығарады.

Судья қылмыстық теріс қылық туралы істі қарап шығып:

1) осы Кодекстің 46-тарауында көзделген тәртіппен айыптау немесе ақтау үкімін шығарады;

2) осы Кодекстің 35 және 36-баптарында көзделген мән-жайлар болған кезде істі тоқтатады;

3) қылмыс белгілері анықталған кезде істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу туралы мәселені шешу үшін тиісті прокурорға жібереді.

Қылмыстық теріс қылық туралы соттың шешімі ҚПК көзделген жалпы мерзімдер және тәртіп бойынша тараптармен шағымдалуы мүмкін.

Қылмыстық теріс қылықтар жасағаны үшін Қылмыстық кодекспен күзетпен ұстау жазалау шарасы қарастырылған.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

## **№ 1 семинар**

**1 сағ.**

### **Сұрақтары:**

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру: нысандары, орны, мерзімдері және оларды ұзарту процедурасы
2. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде процесуалдық бақылау, прокурорлық қадағалау және соттық тексеріс.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

## **№ 2 семинар**

**1 сағ.**

### **Сұрақтары:**

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жеделдетілген аяқталу тәртібі.
2. Алдын ала тергеу жүзеге асырылатын істер бойынша анықтау органдарының қызметі.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

## **КОӨЖ**

**1 сағ.**

**Тапсырма:** Семинар сабағында өзіндік пікірлер сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізудің жалпы шарттарың жүргізу мәселелері. Жеке тұлғаның пікірі бойынша ғалымдыардың қылмыстық процесте пікірлерін талдау.

### **Процесуалдық құжаттарды толтыру:**

1. Сотқа дейінгі тергеу мерзімін ұзарту туралы қаулыны құрастырыңыз.
2. Алдын ала тергеу тағайындау туралы қаулысын толтырыңыз.

**КОӨЖ өткізу нысаны:** Қарастырылып отырған сұрақтардың аспектілік мәселелерін талқылау және процесуалдық құжаттарды толтыру.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

**КӨЖ**

**1 сағ.**

**Тапсырма:**

**Сұрақтары:**

1. Алдын ала тергеудің міндеттілігі?
2. Қандай қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеу міндетті емес?
3. Қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру және хаттамалық нысанды кім жүргізеді?
4. Жеделдетілген сотқа дейінгі тергеп-тексерудің негіздері?
5. Тергеулік деген не?
6. Ішкі істер органдарының тергеушілерінің тергеулігінде қандай қылмыс түрлері бар?
7. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізудің орны?
8. Егер тергеліп отырған қылмыс оның тергеулігіне жатпаса, анықтаушы сол іс бойынша тергеу әрекеттерін жүргізуге құқылы ма?
9. Алдын ала тергудің, анықтаудың және хаттамалық нысандағы сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімдері?
10. Жеделдетілген сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімі?
11. Тергеулігі бойынша қылмыстық істерді беру қалай жүзеге асырылады, мысалы «ІІМ-нен ҰҚК-не»?
12. Қылмыстық істі ІІМ-нен ҰҚК-не жіберуге шешімді кім қабылдайды?
13. Қандай істер бойынша жеделдетілген сотқа дейінгі тергеп-тексеру қолданылмайды?
14. Қандай істер бойынша хаттамалық нысанда сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізіледі?
15. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімін ұзарту?
16. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында судья, прокурор, ТБ бастығы мен АБ бастығы қандай құқықтарға ие болады?

**Өзіндік бақылау материалдары:**

**Конспектiлеу:**

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы, 06.12.2002 ж., №25 «Қылмыстық істер бойынша сот ісін жүргізу жариялылығы принципін соттардың сақтауы туралы»
2. ҚР Жоғарғы сотының №26 2002 ж. 6 желтоқсандағы нормативтік қаулысы «Қорғануға құқықты реттейтін қылмыстық-процестік заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы» // <http://all-docs.ru/index.php?page=7&vi1=134124.000>

## **№ 10 - тақырып. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу барысындағы тергеу әрекеттері.**

### **Дәріс сұрақтары**

**1 сағ.**

1. Тергеу әрекеттерінің түсінігі, түрлері, жүйесі.
2. Тергеу әрекеттерін жүргізудің жалпы шарттары мен ережелері.

### **Дәріс тезісі**

«Тергеу әрекеттері» термині нені білдіреді? Қылмыстық-процестік кодексте жиі айтылатын бұл түсінік заңнамалық түрде анықталмаған. Жеке нормаларды салыстыру барысында бұл терминге көлемі бойынша кең және тар мағына беріледі. Бір жағдайларда бұл терминді қолданғанда заң шығарушы процестік қызметтің субъектісін айтады, ал тергеу әрекеттері дегеніміз тергеушінің процестік маңызы бар барлық актілер.

Тергеу әрекеттерінің міндетті белгісі болып оларды сотқа дейінгі іс жүргізу барысында оған құзыретті қылмыстық процесті жүзеге асыратын лауазымды тұлғалармен (тергеуші, анықтаушы, прокурор) жүргізілетіні табылады.

Бас сот талқылау барысында алынған дәлелдемелерді жинауға, зерттеуге және бағалауға бағытталған процестік әрекеттер сот әрекеттері деп аталады.

Тергеу әрекеті тек жеткілікті негіздердің болуымен ғана жүргізіледі, яғни азаматтардың конституциялық құқытары аясына кірумен байланысты жеке тергеу әрекеттерін жүргізу үшін заң санкцияланатын негізді қаулының шығарылуын талап етеді.

Тергеу әрекеттерінің негізін екі элемент құрайды:

- 1. іздестіру (танымдық);
- 2. куәландыратын.

Әрбір нақты тергеу әрекеті белгілі бір элементтердің қолдануын болжайды: сұрау, салыстыру, өлшеу, эксперимент, үлгілеу, суреттеу және т.б.

- Отандық заңнама тергеу әрекеттеріне жатқызады:

-қарап-тексеру (оқиға болған жерді, жергілікті жерді, заттарды, құжаттарды, мәйітті, жануарларды және басқа да объектілерді) (Қазақстан Республикасының ҚПК 219-222 б.б.);

-сараптама тағайындау мен жүргізу (Қазақстан Республикасының ҚПК 270-277 б.б.);

-жауап алу (куәдан, жәбірленушіден (Қазақстан Республикасының ҚПК 214 б.), күдіктіден (Қазақстан Республикасының ҚПК 216 б.), ал кейбір жағдайларда сарапшы мен маманнан (Қазақстан Республикасының ҚПК 285 б.);

- беттестіру (Қазақстан Республикасының ҚПК 218 б.);

-тану үшін көрсету (тірі адамдарды, заттарды, құжаттарды, жануарларды, құрылыстарды, жергілікті жердің учаскелерін, тұлғалардың фотобейнелерін) (Қазақстан Республикасының ҚПК 229-230 б.б.);

- тінту (Қазақстан Республикасының ҚПК 252,254,256,258 б.б.);
- алу (қарапайым заттар мен құжаттарды, мемлекеттік құпияларды құрайтын заттар мен құжаттарды, пошта-телеграф корреспонденциясын) (Қазақстан Республикасының ҚПК 253, 254, 256 б.б.);
- куәландыру (күдіктіні, айыпталушыны, куәні, жәбірленушіні (Қазақстан Республикасының ҚПК 223-224 б.б.);
- тергеу эксперименті (Қазақстан Республикасының ҚПК 258 б.);
- экспумация (Қазақстан Республикасының ҚПК 225-228 б.б.);
- айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау (Қазақстан Республикасының ҚПК 257 б.);
- сараптамалық зерттеу жүргізу үшін үлгілерді алу (Қазақстан Республикасының ҚПК 262-269 б.б.).

Тергеу әрекеті – бұл қылмыстық-процестік заңнаманың талаптарына сәйкес мемлекеттік мәжбүрлеумен қамтамасыз етілетін уәкілетті тұлғамен жүргізілетін қылмыстық істің жағдайларын анықтауға маңызы бар фактілік мәліметтерді анықтау, бекіту және тексеруге бағытталған және оларды жүргізудің дербес және егжей-тегжейлі рәсімімен және олардың барысы мен нәтижелерін рәсімдеумен сипатталатын процестік әрекеті.

Қазақстан Республикасының ҚПК 111 б. 2 б. тергеу әрекеттерінің басым бөлігінің нәтижесінде анықталатын қылмыстық істің дұрыс шешілуіне маңызы бар нақты деректердің тізімі келтірілген, нақты айтқанда: күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, куәнің, қорғалуға құқығы бар куәнің, сарапшының, маманның айғақтары; сарапшының, маманның қорытындысы; процестік әрекеттердің (тінту, алу, куәландыру және т.б.) хаттамалары.

Тергеліп отырған іске байланысты орындалатын, бірақ қылмыстық-процестік заңнамамен бекітілген тәртіпті бұзумен, өмір мен денсаулыққа қауіп төндіретін заңсыз шаралардың қолдануымен не зорлау мен қорқыныш сезімін келтіру арқылы жасалған тергеу әрекеттерін дәлелдеменің қайнар көзі ретінде қарастыруға және дәлелдемені алу мен тексерудің құралдары ретінде қарастыруға болмайды. Бұл туралы заң шығарушы Қазақстан Республикасының ҚПК 197 б. 4 б. нақты ашып көрсеткен, ал Қазақстан Республикасының ҚПК 112 б. дәлелдемелер ретінде жол берілмейтін нақты деректер тізімін келтірген.

Тергеу әрекеттерін заңды және негізді жүргізу, сонымен қатар дәлелдеі ақпараттарды алу мақсатында қылмыстық-процестік заңнама оларды жүргізу барысында сақтауға қажетті шарттар мен талаптарды бекітті. Кейбір талаптар тек жеке тергеу әрекеттеріне таралады, бірақ барлық тергеу әрекеттері институтына қатысты жалпы шарттар да қарастырылған.

Бірінші талап, кез келген тергеу әрекетіне қойылады және оларды жүргізуге жеткілікті негіздердің болуымен сипатталады. Тергеу әрекеттерінің негізділігі жекелей алғанда кім де кімнің құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасау тек нақты жағдайдың шарттарымен ақталады, яғни олардың қажеттілігінің шегінде орындалуға жол беріледі. Басқа сөзбен айтқанда, тергеу әрекеті тек құқықтық және нақты негіздің бар болғанда ғана жүзеге асырылуы тиіс.

Құқықтық негіз – бұл тергеушіге кез келген тергеу әрекетін жүргізу құқығын беретін қылмыстық-процестік заңнамамен көзделген шарттардың жиынтығы.

Нақты негіз іс бойынша әділетті орнату мүддесінде нақты әрекеттерді орындау қажеттілігін көрсететін нақты деректерді түсіну қажет.

Екінші талап, тергеу әрекеттеріне қойлатыны – олардың міндетті түрде заңды болуы. Ал бұл дегеніміз тергеу әрекетін жүргізу барысында рұқсат берілген және тыйым салынғанның шегін қарастыратын заңмен бекітілген процестік тәртіптің қатаң сақталуы. Осымен тек тегеу әрекетіне қатысушы тұлғалардың құқықтары мен мүдделерінің сақталуының кепілі ғана болмай, сонымен қатар нақты қылмыстық іс бойынша дәлелдеме ретінде келтірілген нақты деректердің іске жататындығы мен қатыстылығын процестік сапалылығы бір уақытта қамтамасыз етіледі.

Тергеу әрекетінің жүргізілуі адамгершілік қағидалар мен нормаларға негізделуі тиіс. Бұны қолданыстағы әрекет етуші қылмыстық-процестік заңнама да талап етеді. Онда азаматтардың жеке өмірі туралы анықталған жағдайларын жариялауға тыйым салынады (Қазақстан Республикасының ҚПК 240 б.); тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде азаптауға, зорлық-зомбылық көрсетуге, қорқытуға және өзге де шараларды, қатыгез қарым-қатынасты қолдануға, сол сияқты оған қатысатын адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруге жол берілмейді (Қазақстан Республикасының ҚПК 197 б. 4 б.) нақты ашып көрсеткен.

• Қолданыстағы қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес тергеу әрекеттерін жүргізу тек келесі процестік шарттары болған жағдайда ғана жүзеге асырылады:

1. осы әрекетті жүргізуге уәкілетті тұлғаның болуы (тергеуші, анықтаушы, прокурор);

2. қылмыстық –процестік заңнамада құқықтық мәртебесі бекітілген тергеу әрекеттерінің белгіленген қатысушылардың шеңбері болуы (куәгерлер, маман, аудармашы, педагог, тану үшін көрсетілетін тұлғалар – куә, туысқандар, жақын туысқандар);

3. тергеу әрекеттерінің барасы мен нәтижелері тиісті хаттамаларда бекітілуге міндетті (Қазақстан Республикасының ҚПК 199 б.);

4. тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде ғылыми-техникалық құралдар қолданылуы және қылмыстық құқық бұзушылықтың іздері мен заттай дәлелдемелерді анықтаудың, тіркеу мен алудың ғылыми негізделген тәсілдері пайдаланылуы мүмкін (Қазақстан Республикасының ҚПК 197 б. 3 б.). Ғылыми-техникалық құралдарды пайдаланудың нәтижелері тергеу әрекетінің хаттамасына қоса тіркеледі: фотосуреттер, кинотаспалар, дыбыс және бейне жазбалар;

5. жеке тергеу әрекеттерін жүргізу үшін тиісті үлгіде рәсімделген, қаулы деп аталатын процестік шешімдерді қабылдау қажеттілігі (Қазақстан Республикасының ҚПК 198 б.) .

6. әр тергеу әрекеті белгілі бір мақсатқа жету үшін жүргізіледі. Әр тергеу әрекетін жүргізудің мақсаты ҚПК нормаларында тікелей көрсетілген.

(мысалы, қарап-тексерудің мақсаты – қылмыстық құқық бұзушылық іздерін анықтау мен іс үшін маңызы бар жағдайларды анықтау (Қазақстан Республикасының ҚПК 219 б.), алудың мақсаты – іс үшін маңызы бар заттар мен құжаттарды анықтау мен алу (Қазақстан Республикасының ҚПК 253 б.). Егер тергеу әрекеті өз мақсатына жетпесе, онда бәрібір оның орындалуымен байланысты процестік құжаттар қылмыстық іске қосылуы қажет;

7. кейінге қалдырылмайтын мән-жайларды қоспағанда, тергеу әрекетін түнгі уақытта жүргізуге жол берілмейді (Қазақстан Республикасының ҚПК 197 б. 2 б.). Мысалы: оқиға болған жерді қарап-тексеру, ұстау барысында жеке тінту және т.б.;

8. тергеуші тергеу әрекеттеріне анықтау органының қызметкерін тартуға құқылы (Қазақстан Республикасының ҚПК 197 б. 5 б.) немесе оны жүргізуді анықтау органына тапсыра алады (Қазақстан Республикасының ҚПК 196 б. 3 б.) олар бұл жағдайда өз міндеттерін тек тергеушінің нұсқаулары мен тапсырмалары шегінде ғана орындайды (Қазақстан Республикасының ҚПК 60 б. 7 б.).

Қылмыстық іс бойынша барлық шешімдер, оның ішінде тергеу әрекеттерін жүргізу туралы шешімдерді (заңмен соттың шешімі мен прокурордың санкциясын алу көзделген жағдайларды қоспағанда) тергеуші дербес қабылдайды және олардың заңды және сапалы орындалуына толық жауапты болады (Қазақстан Республикасының ҚПК 60 б. 7 б.).

Егер де тергеуші өзі тергеу әрекетін жүргізуге мүмкіндігі болса және анықтау органы не басқа жергілікті жердің тергеушісіне тапсыру қажеттілігі туындамаса, онда тергеуші тергеу әрекетін ешкімге қайта тапсыруға құқығы жоқ. Осыған қоса, тергеушінің тапсырмасын он тәулік ішінде орындалуға жатады (Қазақстан Республикасының ҚПК 60 б. 7 б.).

• Ішкі істер органдарының анықтау органдарының өкілдері ретінде тергеу әрекетін жүргізуге құқығы бар:

-алдын ала тергеу жүргізу міндетті емес істер бойынша ғана толық көлемде жүргізе алады(Қазақстан Республикасының ҚПК 191 б.);

-алдын ала тергеу жүргізу міндетті істер бойынша, олар СДТБТ тіркелген сәтінен бастап тек кейінге қалдыруға болмайтын тергеу әрекеттерін жүргізе алады (Қазақстан Республикасының ҚПК 196 б.);

-анықтау органдарынан тергеушіге берілген немесе тергеушінің өндірісіндегі істер бойынша – оның тапсырмасымен жүргізе алады.

• Тергеушінің өндірісіндегі қылмыстық іс бойынша жеке тергеу әрекеттерін жүргізуге қатысуға прокурордың құқығы бар (Қазақстан Республикасының ҚПК 193 б.).

• Тергеу әрекеттері тек тергеушінің бастамасымен ғана жүргізілмейді, олар прокурордың, тергеу бөлімінің бастығының нұсқауымен немесе қылмыстық іске қатысушы тұлғалардың: күдіктінің, оның қорғаушысыны, жәбірленушінің, азаматтық талапкер және азаматтық жауапкердің, сонымен қатар олардың өкілдерінің өтінішімен жүргізіледі.

Аталған тұлғалардың өтініштері бойынша тергеу әрекеттерінің жүргізу қажеттілігін тергеуші анықтайды. Тергеу әрекетін жүргізу туралы өтініштен бас тартуын тергеуші өзінің қаулысымен негіздей алады.

Қандай да бір тергеу әрекеттерін жүргізуін таңдау қылмыстық істі сипатына байланысты болады, алайда заң кейбір жағдайларда олардың міндетті жүргізілуін талап етеді. Мысалы, Қазақстан Республикасының ҚПК 271 б. егер іс бойынша: өлімнің себептерін; денсаулыққа келтірілген зиянның сипаты мен ауырлық дәрежесін; іс үшін маңызды болып, бірақ жасы туралы құжаттар болмаған немесе күмән туғызған жағдайларда, күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің жасын; күдіктінің, айыпталушының есінің дұрыстығы немесе қылмыстық процесте өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін өзі қорғау қабілеті күмән туғызғанда, олардың психикалық немесе физикалық жай-күйін; жәбірленушінің, куәнің іс үшін маңызы бар мән-жайларды дұрыс қабылдау және олар туралы айғақтар беру қабілеті күмән туғызған жағдайларда, олардың психикалық немесе физикалық жай-күйін; істің басқа дәлелдемелерімен анық белгіленбейтін өзге мән-жайларын анықтау қажет болғанда, сараптаманы тағайындау және жүргізу міндетті делінген.

Бұдан басқа, кейбір тергеу әрекеттерінің жүргізу міндеттілігі алдын тергеушімен жүргізілген процестік әрекеттермен шартталады. Осылайша, Қазақстан Республикасының ҚПК 128 б. талаптарына сәйкес ұсталған тұлға міндетті түрде күдікті ретінде жауап алынуға тиіс.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

### **№ 1 семинар**

**1 сағ.**

#### **Сұрақтары:**

1. Қарап-тексеру: түсінігі мен түрлері. Жүргізудің негіздері мен жалпы ережелері. Процессуалдық жүргізу тәртібі
2. Куәландыру: негізі және өткізу тәртібі.
3. Эксгумация: негізі, өткізу тәртібі және санкциялау тәртібі.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.



## **№ 2 семинар**

**1 сағ.**

### **Сұрақтары:**

1. Куә, жәбірленуші, күдіктіден жауап алу тәртібі. Күдікті, кәмелетке толмаған, жасөспірім, физикалық және психикалық ауытқуы бар адамдардан жауап алу тәртібінің ерекшеліктері

2. Ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, бейнебайланыс режимінде жауап алудың (қашықтықтан жауап алу) ерекшеліктері және тергеу судьясымен жәбірленушіден, куәдан жауап алу ерекшеліктері (айғақтарды сақтауға қою).

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

## **№ 3 семинар**

**1 сағ.**

### **Сұрақтары:**

1. Тану: түсінігі және түрлері. Тану үшін көрсету негіздері және процессуалдық тәртібі.

2. Беттестіру. Түсінігі, негізі және өткізу тәртібі.

3. Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау және тергеу эксперименті өткізу процессуалдық тәртібі.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

## **№ 4 семинар**

**1 сағ.**

### **Сұрақтары:**

1. Тінту және алуды процессуалдық жүргізу тәртібі. Жеке тінтуді жүргізу ерекшеліктері.

2. Үлгілерді алу: негізі және жүргізу тәртібі.

3. Сот сараптамасын жүргізу тәртібі мен негізі.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

### **№ 5 семинар**

**1 сағ.**

#### **Сұрақтары:**

1. Жасырын тергеу әрекеттері: түрлері, шарттары, негізі, санкциялау, мерзімі және өткізу тәртібі.
2. Дәлелдеуде жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелерін ұсыну, зерттеу, бағалау және пайдалану.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

### **№ 1 тәжірибелік**

**1 сағ.**

#### **Оқу блогы №1**

#### **Есеп №1.**

Аз-ша Петрованы өтіру фактісі бойынша кешенді сот-медициналық сараптама жүргізу үшін Петрованың мәйітін эксгумациялау қажеттігі туындады. Осыған байланысты, тергеуші Матюхин эксгумация жүргізу туралы қаулы шығарды да, соттан санкция алмай, туысқандарын ескертпей сот-медициналық сарапшы Альбертованың қатысуымен эксгумация жүргізді.

1. Тергеушінің әрекеті заңды ма?
2. Тергеушінің орнында Сіз қалай әрекетте етер ежіңіз?
3. Эксумация жүргізудің тәртібі қандай?
4. Эксумация жүргізуге негіздер қандай??

#### **Есеп №2**

Тергеуші Махметова ЖТТ құрамында бола тұра, жәбірленуші Рахманованы зорлау фактісі бойынша одан жауап алу барысында, зорлаған адамның бетін көрмеген бірақ кеудесінде крест тәріздес татуировкасы бар екенін анықтады.

Жедел іздестіру шараларының нәтижесінде КПБ қызметкерлері кеудесінде крест тәріздес татуировкасы бар Борисовты ұстап алып келді.

Осыған байланысты, тергуші Махметова Борисовты куәландыру жүргізуге шешім қабылдады. Уәландыру қалалық аурухананың дәрігері Турсуновтың қатысуымен өтті.

- 1. Тергеушінің әрекеті заңды ма?*
- 2. Куәландыру жүргізудің тәртібі?*
- 3. Тергеушінің орнында Сіз қалай әрекетте етер едіңіз?*
- 4. Куәландыру жүргізудің негіздері?*

### **Оқу блогы №2**

1. Тергеу әрекеттері жөнінде іскерлік ойынын өткізу – үй жайларды қарау және тінті. Курсанттар арасында рөлдерді бөлу. Қалған курсанттар тергеушінің әрекеттерін бағалайды сарапшы ретінде.

### **№ 2 тәжірибелік**

**1 сағ.**

### **Оқу блогы №1**

#### **Есеп № 1**

Тергеуші Чувиловтың өндірісінде ҚР ҚК 178 б. 2т. қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдікпен Ерощенко мен Матвеевке қатысты қылмыстық іс болды. Айғақтарды сол жерде тексеру мен нақтылау тергеу әрекетін жүргізу барысында, уақытты үнемдеу мақсатында тергеуші екі күдіктіні біріктіріп бір тергеу әрекетін жүргізді.

- 1. Тергеушінің әрекеті заңды ма?*
- 2. Аталған тергеу әрекетін бір уақытта екі күдіктімен өткізуге болады ма?*
- 3. Бұл тергеу әрекетін жүргізудің тәртібі?*
- 4. Тергеушінің орныда Сіз қалай әрекет етер едіңіз?*

#### **Есеп № 2**

Тергеуші Аубакиров 1996 ж.т. Д.С.Михаилов пен кәмелетке толмаған 2001 ж.т. С.Р. Нигматзянов арасында беттестіру жүргізді. Бұл тергеу әрекетіне Нигматзяновтың заңды өкілі Д.Ж.Нигматзянова және қорғаушы Д.Р.Искаков қатысты. Кейіннен осы қылмыстық іс сотқа жіберілді, алайда судья қылмыстық-процестік заңнаманың нормалары бұзылды деп қылмыстық істі прокурорға жіберді.

- 1. Соттың әрекеті заңды ма?*
- 2. Беттестіру барысында тергеуші қандай нормаларды бұзды?*
- 3. Беттестіру қандай мақсатпен жүргізіледі?*

### **Оқу блогы №2**

1. Күдіктіден жауап алу мен тануға ұсыну тергеу әрекеттерін іскерлік ойында көрсетеді. Курсанттар арасында рөлді бөлу. Қалған курсанттар сарапшы ретінде жағдайды бағалайды.

### №1 оқыту блогы

#### Есеп № 1

Бұлтартпау шарасы «Ешқайда кетпеу және тиісті мінез құлқы туралы қолхат» алныған Күдікті Иванов жұмыстан үйіне кетіп бара жатқан ол Ахметов Сидоровтын мүлкін ашық түрде тонап жатқан кезін көріп куә болған.

Ахметовке қатысты тонау туралы сотқа дейін тергеу әрекеттері басталып Иванов куә ретінде жауапқа шақырылып өзіне қатысты басқа да қылмыстық іс бойынша өзін күдікті болып өтіп жатқаның түсіндірді.

*1. Тонау бойынша Ивановтің процесуалдық әрекеті қалай?*

*2. Тонау бойынша қылмыстық істе Иванов жәбірленуші не болмаса куә ретінде одан жауап алынама егерде ол басқа қылмыстық іс бойынша күдікті ретінде өтіп жатса.*

*3. Тонау қылмыстық ісі бойынша Ивановтің жауабы айғақ бола алама?*

#### Есеп № 2

Куә ретінде жауапқа шықырылған Д.А.Алпысбаевтің орнына оның ағасы Н.А.Алпысбаев інісінің басқа қалаға кетіп қалғаның және ол бір айдан соң келетінің түсіндірген. Тергеуші қылмыстық іс бойынша бұлтартпау шарасы «қамауға алынғаның» және Н.А.Алпысбаев болған мән жайды ағасы Д.А.Алпысбаевқа айтып беріп сонымен қатар өзінің орнына жауап беруге айтқаның есекере отыра.

Н.А.Алпысбаев келісе отыра інісінің атынаң жауап беріп және хаттамаға қол қойған.

*1. Тергеушінің әрекеті заңды ма?*

*2. Алынған мәлімет айғақ бола алама?*

*3. Осындай жағдайда сіз қалай істер едіңіз?*

### №2 Оқыту блогы

1. Адамды тану туралы іскерлік ойын ойнату (жәбірленуші күдіктіні тану). Курсанттардың арасында өз рөлдеріне бөліп жөғарыда көрсетілген тергеу әрекеттерін өткізу үшін курсанттардың арасынаң топты бөліп алу қалған курсанттарды сарапшы ретінде тергеушінің әрекеттерін саралау.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

## **№ 1 КОӨЖ**

**1 сағ.**

**Тапсырма:** Семинар сабағында өзіндік пікірлер негізінде сотқа дейінгі тергеу және теріс қылықтарды жүргізу мәселелері. Жеке тұлғаның пікірі бойынша ғалымдыардың қылмыстық процесте пікірлерін талдау.

**Процессуалдық құжаттарды толтыру:**

1. Үй-жайлы қарау хаттамасын құрастырыңыз.

**КОӨЖ өткізу нысаны:** Қарастырылып отырған сұрақтардың аспектілік мәселелерін талқылау және процессуалдық құжаттарды толтыру.

**Негізгі әдебиеттер:**1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

## **№ 2 КОӨЖ**

**1 сағ.**

**Тапсырма:** Семинар сабағында өзіндік пікірлер негізінде сотқа дейінгі тергеу және теріс қылықтарды жүргізу мәселелері. Жеке тұлғаның пікірі бойынша ғалымдыардың қылмыстық процесте пікірлерін талдау.

**Процессуалдық құжаттарды толтыру:**

1. Жасырын тергеу әрекетің өткізу қаулысын құрастырыңыз. Оның ішінде адамды немесе орынды тжасырын аудио – және бейнебақылау.

**КОӨЖ өткізу нысаны:** Қарастырылып отырған сұрақтардың аспектілік мәселелерін талқылау және процессуалдық құжаттарды толтыру.

**Негізгі әдебиеттер:**1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

## **№ 3 КОӨЖ**

**1 сағ.**

**Тапсырма:** Семинар сабағында өзіндік пікірлер негізінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу барысындағы тергеу әрекеттерін жүргізу мәселелері. Жеке тұлғаның пікірі бойынша ғалымдыардың қылмыстық процесте пікірлерін талдау.

**Процессуалдық құжаттарды толтыру:**

1. Бейнебайланыс арқылы ғылыми-техникалық құралдарды қолдана отырып жауап алу хаттамасын толтырыңыз.

**КОӨЖ өткізу нысаны:** Қарастырылып отырған сұрақтардың аспектілік мәселелерін талқылау және процессуалдық құжаттарды толтыру.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

**КӨЖ**

**1 сағ.**

**Тапсырма:**

**Сұрақтары:**

1. Қарап-тексерудің түрлері?
2. Үй жайды қарап-тексерген кезде кім қатысуға құқылы?
3. Куәландыру жүргізу жөнінде тергеуші не шығарады?
4. Тергеп-тексеру барысында куәгерлер қай кезде міндетті түрде қатысады?
5. Тергеп-тексеру барысында прокурор қай кезде міндетті түрде қатысады?
6. Адамның мәйітін қарап-тексерген кезде кім міндетті түрде қатысады?
7. Қай кезде қайталап тергеп-тексеру жүргізіледі?
8. Куәландырудің жүргізу мақсаты?
9. Эксгумация жүргізу негізі?
10. Прокурордың келісімсіз, соттың санкциясыз эксгумацияны жүргізуге бола ма?
11. Эксгумация жүргізу кезінде кім міндетті түрде қатысу керек?
12. Қайталап қарап-тексерудің қосымша қарап-тексерудің айырмашылығы?
13. Тергеу әрекеті ретіндегі куәландыру сот-медициналық куәландырудан айырмашылығы?
14. Куә және жәбірленушіден жауап алу тәртібі?
15. Куә ретінде судьяны жауап алуға бола ма?
16. Адвокаттың қатысумен куә жауап беруге құқылы ма?
17. Кәмелетке толған және кәмелетке толмаған жауап алудың уақыты?
18. Жауап берген кезде күдікті жалған жауап берген үшін ескертіле ме?
19. Қашықтықта жауап алу негізі және тәртібі?
20. Айғақтарды сақтауға қою жүргізген кезде негізі және тәртібі?
21. Жауап алу мерзімі қанша күніне?
22. Түнгі уақытта кәмелетке толмаған адамды жауап алуға болады ма?
23. Қашықтықта жауап алу күдіктіге қатысты жүргізуге болады ма?
24. Тану жүргізген кезде қандай шарттар сақталу керек?
25. Танитын адамның қауіпсіздігін қорғау мақсатында тануға ұсыну барысында қандай шарттар сақталуы тиіс?
26. Тану үшін ұнтақ немесе сұйық заттарды ұсынуға болады ма?
27. Оған ұқсас заттарды табу мүмкін емес, қайталанбас заттарды тану үшін қалай ұсынамыз (мысалы, әлемдік мұра болып табылатын өнер туындысы – И.К. Айвазовскийдің "Девятый вал" суреті)?

28. Адамды немесе затты көзі көрмейтін адамға тану үшін ұсынуға бола ма?

29. Тану кезінде танушы адам танылатын адамдарды алғаш рет көргендігін айтты. Тергеу әрекеті аяқталған соң ол нақты адамды танығандығын және ол өштеніп алуы мүмкін деген қорқынышпен оны көрсетпегенін айтады. Тергеуші қалай әрекет етуі керек?

30. Қандай жағдайларда объект (адам) тану үшін оның суреті ұсынылады?

31. Қандай жағдайларда қайта тану үшін жүргізу рұқсат етіледі?

32. Фонограмма бойынша тану үшін ұсыну қалай жүргізіледі?

33. Беттестіру жүргізу кезінде қылмыстық іске тіркелген заттай дәлелдемелер ұсынылуы мүмкін бе?

34. Тану жүргізген кезде куәгерлер міндетті түрде қатысу керек пе?

35. Танудың түрлері?

36. Танудың мақсаты?

37. Қайталама тану жүргізу мүмкін бе?

38. Айғақтарды сол жерде тексеру мен нақтылауды екі тұлғамен өткізуге болады ма?

39. Айғақтарды сол жерде тексеру мен нақтылаудың маңызы?

40. Тергеу экспериментінің мақаты?

41. Тергеу эксперименті айғақтарды сол жерде тексеру мен нақтылаудан айырмашылығы?

42. Тергеу эксперименті айғақтарды сол жерде тексеру мен нақтылауды айырмашылығы неде?

43. Қылмыстық іске қатысы болмаса да, айналымы заңмен тыйм салынған заттарды алу заңмен көзделген. Бұл қандай заттар?

44. Алынған заттар мен құжаттарды мөрлеудің қажеттілігі қандай, алынған зат та, мөр де тергеушінің қолында?

45. Мәжіліс, облыстық Мәслихат депутатына тінту жүргізуге бола ма?

46. Азамат қандай да бір затты немесе құжатты өз еркімен ұсынғанда тергеуші оны қалай бекітеді?

47. Тергеуші шіркеу ішіне тінту жүргізе ала ма, себебі шіркеу мемлекеттен бөлектенген?

48. Егер басқа ауданда тінту жүргізу қажеттілігі туындағанда қай ауданның прокуроры тінтуге санкция беруі тиіс?

49. Тінтуді прокурордың санкциясыз жүргізуге болады ма?

50. Тінтудің мақсаты?

51. Тінту жүргізу барысында қатысушылар бір-бірімен сөйлесіп, жеке шыға алады ма?

52. Тінту мен алу жүргізу барысында куәгерлердің қатысуы міндетті ма?

53. Тұрғын-үй жайларды тінті мен алу жүргізу барысында кім міндетті түрде қатысуы қажет?

54. Тінту мен алудың айырмашылығы?

55. тергеуші алу және тінту жүргізбей, қажетті заттар мен құжаттарды уақытша қолдануға талап етуге құқығы бар ма?

56. Азамат заттар мен құжаттарды ұсынуы үшін тергеуші қандай құжат толтырады?

57. Жасырын тергеу әрекетін жүргізудің максималды мерзімі? 2. Можно ли проводить негласные следственные действия в ночное время?

58. Қандай жағдайда жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуге прокурордың санкциясы керек емес?

59. Қандай лауазымды адам жасырын тергеу әрекетін жүргізу туралы қаулы шығарады?

60. Кімдерге қатысты жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуге болмайды?

61. Үлгілерді алуға болатын тұлғаларды атаңыз?

62. Қандай жағдайларда сараптама тағайындалады?

63. Сараптаманы жүргізу кімге жүктеледі?

### **Өзіндік бақылау материалдары:**

#### **Конспектiлеу:**

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот пленумының 1992 ж. 24 сәуірдегі №2 қаулысы «Қылмыстан жәбір көрген тұлғалардың құқықтары мен міндеттерін реттейтін заңнаманы қолдану тәжірибесі туралы» (21.04.2011 ж. толықтырулар мен өзгертулермен) // Сборник постановления Пленумов ВС РК. – Алматы, 2011г.

2. ҚР ІІМ Біріккен бұйрығы 12 желтоқсан 2014 жыл №892 «Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу Ережелерін бекіту туралы».

3. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының 2004 ж. 26 қарашадағы №16 нормативтік қаулысы «Қылмыстық істер бойынша сот сараптамасы». (өзг.қос. 25.06.2010ж.).

**Негізгі әдебиеттер:** 1, 2, 15, 20-28, 172, 173.

**Қосымша әдебиеттер:** 40, 41, 100, 118, 124, 148, 161, 167, 170, 171, 177, 178, 184, 185, 187, 189, 214, 230, .

**№ 11 - тақырып. Тұлғаны күдікті ретінде тану. Процестік келісім қабылданған істер бойынша іс жүргізу.**

#### **Дәріс сұрақтары**

**1 сағ.**

1. Тұлғаны күдікті ретінде танудың түсінігі, маңызы, негіздері және іс-әрекетін саралау.

2. Процестік келісім қабылдаудың негіздері, шарттары және ерекше тәртібі.

#### **Дәріс тезисі**

Күдікті:



- 1) ұстап алуды жүзеге асырған адамнан өзіне тиесілі құқықтар туралы түсіндірме алуға;
- 2) өзіне не үшін күдік келтірілгенін білуге;
- 3) өз бетінше немесе өзінің туыстары немесе сенім білдірген адамдары арқылы қорғаушы шақыруға құқылы. Егер қорғаушыны күдікті, оның туыстары немесе сенім білдірген тұлғалары шақырмаса, қылмыстық қудалау органы осы Кодекстің 67-бабының үшінші бөлігінде көзделген тәртіппен қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуге міндетті;
- 4) іс бойынша азаматтық талап қойылуына байланысты өзін азаматтық жауапкер деп таныған жағдайда оның құқықтарын пайдалануға;
- 5) таңдаған немесе тағайындалған қорғаушысымен, оның ішінде жауап алу басталғанға дейін оңаша және құпия кездесуге;
- 6) күдікті қорғаушыдан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, қорғаушысы қатысып отырған кезде ғана айғақ беруге;
- 7) күдікті, азаматтық жауапкер деп тану туралы, іс-әрекетін саралау туралы қаулылардың, ұстап алу хаттамасының, бұлтартпау шарасын таңдау және оның мерзімін ұзарту туралы өтінішхаттың және қаулының, қылмыстық істі тоқтату туралы қаулының көшірмелерін алуға;
- 8) айғақ беруден бас тартуға;
- 9) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамнан кепіл түріндегі бұлтартпау шарасын және күзетпен ұстауға байланысты емес басқа шараларды қолдану тәртібі мен шарттары туралы түсіндірме алуға;
- 10) дәлелдемелерді ұсынуға;
- 11) өтінішхатты, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішхатты және қарсылық білдірулерді мәлімдеуге;
- 12) ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге;
- 13) аудармашының тегін көмегін пайдалануға;
- 14) өз өтінішхаты бойынша немесе қорғаушысының не заңды өкілінің өтінішхаты бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қылмыстық қудалау органының рұқсатымен қатысуға;
- 15) заңда көзделген жағдайларда, оның ішінде медиация тәртібімен жәбірленушімен татуласуға;
- 16) тергеп-тексерудің кез келген сатысында жазалаудың түрі мен шарасы туралы өз ұсыныстарын баяндай отырып, прокурорға процестік келісім жасасу туралы өтінішхат мәлімдеуге не оны жасасуға келісім білдіруге және процестік келісімді жасасуға;
- 17) өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және хаттамаларға ескертулер беруге;
- 18) тергеушінің, анықтаушының, прокурордың және соттың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағым келтіруге;
- 19) өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қорғауға;
- 20) сараптама тағайындалған және жүргізілген кезде, сондай-ақ өзіне сарапшының қорытындысы ұсынылған кезде осы Кодекстің 274, 286-баптарында көзделген әрекеттерді жүзеге асыруға;

21) тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін осы Кодексте белгіленген тәртіппен іс материалдарымен танысуға және одан, мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді қоспағанда, кез келген мәліметтерді көшіріп алуға, сондай-ақ ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, олардың көшірмелерін түсіруге;

22) қылмыстық қудалауды тоқтатуға қарсылық білдіруге;

23) жасырын тергеу әрекеттеріне қатысты мәселелерді қоспағанда, өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын процестік шешімдердің қабылданғаны туралы өзін қылмыстық процесті жүргізетін органның кейінге қалдырмай хабардар етуіне, сондай-ақ олардың көшірмелерін алуға;

24) өзіне қарсы айғақ берген куәден қосымша жауап алу туралы, өзі көрсеткен адамдарды куә ретінде шақыру және олардан жауап алу, олармен беттестіру туралы өтінішхат беруге құқылы.

Қылмыстық заңды тәжірибелік тұрғыда қолданудың маңызды бөлігін күдіктінің іс-әрекетін саралау алады.

«Саралау» термині латын тілден «сапа» дегенді білдіреді.

Сәйкесінше, күдіктінің іс-әрекетін саралау түсінігін қарастыру белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылықтың түріне, дәрежесіне жататын сапалы белгілеріне қарауды түсіндіреді.

Күдіктінің іс-әрекетін саралау түсінігі – бұл жасалған әрекетті бағалау мен оның негізді белгілерін Қылмыстық кодекстің нақты баптарын қолдану мақсатында сол баптардың белгілерімен салыстыру.

Күдіктінің іс-әрекетін саралау кінәлінің заңға сәйкес тиісті жазасын алатынына кепіл болады. Қылмыскердің жауаптылығын жүзеге асырады және әділетті жазалау міндетін атқарады.

Күдіктінің іс-әрекетін саралау екі түрлі болады:

- Легалды немесе заңды. Аталған күдіктінің іс-әрекетін саралау қылмыстық қудалаудың уәкілетті мемлекеттік органдарымен жүргізіледі: тергеуші, судья, прокурор.

- доктриналды немесе жеке.

Күдіктінің іс-әрекетін саралау дегеніміз – оған құқықтық баға беру мен Қазақстан Республикасының ҚК тиісті бабымен сәйкестендіру, сәйкесінше адам жүріс-тұрысының нақты актісі мен заңнамалық құрылымын ұқсастыру.

Күдіктінің іс-әрекетін нақты саралау заңдылықты сақтау талаптарының негізгісі болып келеді, себебі ол азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың кепілі болып келеді.

Саралаудың негізі – қылмыстық құқық бұзушылық құрамының барлық белгілері бар әрекет жасау.

Күдіктінің іс-әрекетін саралаудың алғышарты болып істің барлық жағдайларын анықтау мен Ерекше бөлімдегі тиісті баптың диспозициясында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамының барлық белгілерінің болу-болмауын анықтау табылады.

Күдіктінің іс-әрекетін саралау барысында анықталады:

– аталған әрекет қылмыстық әрекетке жататындығы анықталады (Қазақстан Республикасының ҚК бабы);

– қылмыстық қол сұғушылықтың объектісі (кейбір жағдайларда заты) анықталады;

– объективтік және субъективтік жақтарына жататын белгілерді анализдеу жүргізеді;

– қылмыстың субъектісіне қойылатын қажетті құқықтық талаптар анықталады.

Адамның қылмыс жасағаны туралы күдікті растайтын оған қатысты жеткілікті дәлелдемелер болған кезде прокурор, Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы уәжді қаулы шығарады. Іс-әрекетті саралау туралы қаулы қисынды мерзімде шығарылуға тиіс. Прокурор, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам күдіктіге оған күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы жарияланатын күн туралы хабарлайды және сонымен бір мезгілде оған қорғаушы шақыру не оның қатысуын қамтамасыз ету туралы өтіну құқығын түсіндіреді.

Күдіктінің іс-әрекетінің саралануын айқындаған кезде іс материалдарына, егер ол бұрын жасалмаған болса, жеке басты куәландыратын құжаттың прокурор, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам куәландырған көшірмесі қоса беріледі.

Күдіктінің, айыпталушының жеке басын куәландыратын құжаты болмаған не жоғалған, оны жоғалтқан жағдайда, оны құжаттауды уәкілетті орган сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдармен келісу бойынша белгіленген тәртіппен жүргізеді.

Қазақстан Республикасының қолданыстыға қылмыстық-процестік кодексі 25 тарауда күдіктінің іс-әрекетін саралауын анықтау бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарының жұмысының ұйымдастырылуын анықтады.

Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулының көшірмесі ол шығарылғаннан кейін жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға жіберіледі.

Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы, егер қорғаушының қатысуы заң бойынша міндетті болса немесе бұл туралы күдікті өтінішхат берсе, қорғаушының қатысуымен және қаулы шығарылған кезден бастап жиырма төрт сағаттан кешіктірілмей жария етіледі. Күдікті немесе оның қорғаушысы келмей қалған жағдайда, қаулы жиырма төрт сағат өткеннен кейін де жариялануы мүмкін.

Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыда:

1) оның жасалған уақыты мен орны; хаттаманы кімнің жасағаны; күдіктінің тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), туған күні, айы, жылы және туған жері;

2) қылмыстың жасалған уақыты, орны, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ҚПК 113-бабына сәйкес дәлелденуге жататын өзге де мән-жайларды көрсете отырып, осы адам жасады деп күдік келтірілген қылмыстың сипаттамасы;

3) адамға оны жасады деп күдік келтіріліп отырған қылмыс үшін жауаптылықты көздейтін қылмыстық заң (бап, бөлік, тармақ) көрсетілуге тиіс.

2015 жылы Қазақстан Республикасында адамның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғауға шақырылған жаңа Қылмыстық-процестік кодексі күшіне енді.

Аталған кодексте «процестік келісім» атты жаңа түсінігі бар (ағылш. *Plea bargain*), немесе басқа сөзбен айтқанда «тергеумен келіссөзге келу институты».

Бұл жаңа енгізілім қылмыстық топтар мен қылмыстық қоғамдастықтың құрамындағы тұлғаларға қылмыстық жазаның өлшемін азайту мен мемлекеттік қорғауды қамтамасыз ететін шартымен құқық қорғау органдарының келіссөзге келу арқыла ұйымдасқан қылмыстылықтың барлық нысандарына қарсы күреске бағытталған.

Ынтымақтастық туралы келісім (әділеттілікпен келісім жасау) таяу және қиыр шет елдерінің қылмыстық-процестік заңнамаларында кеңінен және ұзақ уақыт бойы қолданылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша келісім институтына қылмыстық-процестік кодекстің 13 бөлім берілген.

Жасалған процестік келісім шеңберінде қылмыстық істерді тергеп-тексеру мынадай:

1) онша ауыр емес, ауырлығы орташа не ауыр қылмыстар бойынша – күдікті, айыпталушы келтірілген күдікпен, айыптаумен келіскен жағдайда – кінәні мойындау туралы мәміле нысанында;

2) қылмыстық топ жасаған қылмыстарды, өзге де адамдар жасаған аса ауыр қылмыстарды, сондай-ақ экстремистік және террористік қылмыстарды ашуға және тергеп-тексеруге ықпал ету кезінде барлық санаттағы қылмыстар бойынша ынтымақтастық туралы келісім нысанында жүргізіледі.

Процестік келісімнің әр нысанын егжей-тегжейлі қарастырайық.

Жасалған процестік келісім шеңберінде қылмыстық істерді тергеп-тексеруді кінәні мойындау туралы мәміле нысанында жүргізу жоғарыда айтылғандай онша ауыр емес, ауырлығы орташа не ауыр қылмыстар бойынша – күдікті, айыпталушы келтірілген күдікпен, айыптаумен келіскен жағдайда жүзеге асырылады.

Осыған қоса, процестік келісім жәбірленушіні және азаматтық талапкерді осы қылмыстық істе немесе азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен азаматтық талап қою құқығынан айырмайды.

Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісім мынадай шарттар болған: күдікті, айыпталушы процестік келісім жасасуға ерікті түрде ниет білдірген; күдікті, айыпталушы келтірілген күдікке, айыптауға және іс бойынша қылмысты жасағанына қолда бар дәлелдемелерге, өзі келтірген зиянның сипаты мен мөлшеріне дауласпаған; процестік келісім жасасуға жәбірленуші келіскен кезде жасалуы мүмкін.

Және керісінше. Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісім: қылмыстардың жиынтығына қатысты, егер олардың ең

болмағанда біреуі осы Кодекстің осы бабында және 612-бабында көзделген талаптарға сәйкес келмесе; егер жәбірленушілердің ең болмағанда біреуі процестік келісім жасасуға келіспесе, жасала алмайды (Қазақстан Республикасының ҚПК 613 б.).

Күдікті, айыпталушы, сотталушы қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің кез келген сәтінде сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін мәміле нысанында кінәні мойындау туралы процестік келісім жасасу туралы өтініш мәлімдеуге құқылы.

Қылмыстық процесті жүргізетін орган күдіктіден, айыпталушыдан не қорғаушыдан кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісім жасасу туралы өтінішхатты алып, осы Кодекстің 613-бабында көзделген негіздерді ескере отырып, процестік келісім жасасу туралы мәселені шешу үшін келіп түскен өтінішхатты қылмыстық іс материалдарымен бірге үш тәулік ішінде прокурорға жібереді.

Процестік келісім прокурордың бастамасы бойынша жасалуы мүмкін. Процестік келісімге прокурор, күдікті, айыпталушы, оның қорғаушысы қол қояды. Процестік келісімге қол қойылғанға дейін күдіктінің, айыпталушының өз қорғаушысымен бірге оның ережелерін оңаша және құпия талқылауға құқығы бар. Процестік келісімде:

- 1) оның жасалған күні мен орны;
- 2) процестік келісімді жасасушы прокуратура органының лауазымды адамы;
- 3) келісім жасасушы күдіктінің, айыпталушының тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), туған күні мен жері, тұрғылықты жері және айналысатын кәсібі, оның қорғаушысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);
- 4) қылмысты оның жасалған уақытын, орнын, сондай-ақ осы Кодекстің ережелеріне сәйкес дәлелденуге жататын басқа да мән-жайларды көрсете отырып сипаттау;
- 5) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің осы қылмыс үшін жауаптылық көздейтін тармағы, бөлігі, бабы;
- 6) процестік келісімде көрсетілген шарттарды сақтаған және міндеттемелерді орындаған кезде күдіктіге, айыпталушыға қатысты қолданылуы мүмкін, қылмыстық жауаптылық пен жазалауды жеңілдететін мән-жайлар және қылмыстық заңның нормалары;
- 7) процестік келісім жасасқаннан кейін күдікті, айыпталушы жасауға міндеттенетін әрекеттер;
- 8) прокурор сот алдында ол туралы өтінішхат беретін жазаның түрі мен мөлшері;
- 9) процестік келісім жасасудың осы Кодекстің 614-бабында көзделген салдары;
- 10) жәбірленушінің процестік келісім жасасуға келісетіні туралы көрсетілуге тиіс (Қазақстан Республикасының ҚПК 616 б.).

Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімді жасасудың салдарлары мыналар болып табылады: процестік келісім

жасасқан кезден бастап, осы Кодекстің 192-бабында белгіленген мерзімдерде аяқталатын сотқа дейінгі іс жүргізу; осы Кодекстің 382-бабының екінші бөлігіне және 64-тарауына сәйкес кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы істі сотта талқылау; процестік келісім жасасуға келісім берген жәбірленушіні залалды өтеу мөлшері туралы талапты одан әрі өзгерту құқығынан айыру (Қазақстан Республикасының ҚПК 614 б.).

Кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісімге қол қойғаннан кейін прокурор күдіктіге қатысты бұлтартпау шарасының күшін жою не оны өзгерту қажеттігі туралы мәселені қарайды. Іс бойынша тергеу және процестік әрекеттер жүргізу қажет болған кезде прокурор істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына жібереді. Тергеуші, анықтаушы күдіктінің, айыпталушының кінәсін растауға жеткілікті көлемде дәлелдемелер жинауды жүзеге асырады.

Прокурордың процестік келісім жасасудан бас тартуы шағым жасалуға жатпайды, дегенмен бұл одан әрі процестік келісім жасасуға кедергі келтірмейді.

Ынтымақтастық туралы процестік келісім осы Кодекстің 615-бабы үшінші бөлігінің 2) тармағында, 616-бабы бірінші бөлігінің 1), 2), 3), 4), 5), 6) және 7) тармақтарында, екінші бөлігінде көзделген талаптар сақтала отырып, қажет болған кезде 47-бабының қағидалары бойынша оның құпиялығын сақтай отырып және 12-тарауына сәйкес қауіпсіздікті қамтамасыз ете отырып, прокурор мен күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның арасында жасалады және бекіту үшін тиісінше облыстың прокурорына немесе оған теңестірілген прокурорға, олардың орынбасарларына, ал сотталған адаммен келісім – Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына не оның орынбасарына жіберіледі.

Сонымен қоса, прокурорлардың алдында сотталғандардың конституциялық құқықтарын қорғау бойынша міндеттер туындайды:

- ынтымақтастық туралы процестік келісімге келу құқығы бар барлық субъектілер өз құқықтарымен, талаптары және шарттарымен таныстырылды ма;

- жазалаудың қатаң және қарым-қатынастың зорлық-зомбылық, қорлық көрсету түріндегі, адамгершілік қағидаларына қайшы келетін қатынас арқылы келісімге итермеленген жоқ па;

- процестік келісімге өз еркімен келісті ме және оның салдарларын ұғынады ма.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

**№ 1 семинар**

**1 сағ.**

**Сұрақтары:**

1. Тұлғаны күдікті ретінде танудың процесуалдық тәртібі.

2. Күдіктінің іс-әрекетін саралау түсінігі және маңыздылығы.
3. Кінәні мойындау туралы мәміле нысаны және ынтымақтастық туралы процестік келісім: шарттары, салдары, қарау және құру тәртібі.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

### **№ 1 тәжірибелік**

**1 сағ.**

#### **№1 оқу блогы**

Күдікті ретінде тану туралы және күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы шығару қаулысын құрастырыңыз.

#### **№2 оқу блогы**

Күдікті ретінде хабарлау және күдіктіден жауап алу тергеу әрекетін жүргізу бойынша іскерлік ойын өткізу. Курсанттардың арасында рөлдерді бөлу, тәргеу әрекетін жүргізетін курсанттарды таңдау. Қалған курсанттар тергеу әрекетін бағалайтын экспорттар болып саналады.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

### **№ 1 КОӨЖ**

**1 сағ.**

**Тапсырма:** Семинар сабағында өзіндік пікірлер негізінде тұлғаны күдікті ретінде тану, процестік келісім қабылданған істер бойынша іс жүргізу мәселелері. Жеке тұлғаның пікірі бойынша ғалымдыардың қылмыстық процесте пікірлерін талдау.

#### **Процессуалдық құжаттарды толтыру:**

1. Күдікті ретінде тану туралы қаулыны құрастырыңыз.
2. Күдіктінің іс әрекетін саралау туралы қаулы құрастырыңыз.

**КОӨЖ өткізу нысаны:** Қарастырылып отырған сұрақтардың аспектілік мәселелерін талқылау және процессуалдық құжаттарды толтыру.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172,173,177,178,230,231,240,243.

**КӨЖ**

**1 сағ.**

**Тапсырма:**

**Сұрақтары:**

1. Қандай жағдайларды тұлғаны күдікті ретінде тану қаулысы шығарылады?
2. Тұлғаны күдекті ретінде тану қаулысы, егер де ол адвокат болса, кіммен бекітіледі?
3. Күдіктінің іс-әрекетін саралаған кезде қылмыстық іс материалдарын не тіркеледі?
4. Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыны шығарудың негіздері?
5. Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы қашан шығарылады?
6. Күдіктіге оның іс-әрекетін саралау туралы қаулыны жариялау сәтінен бастап қандай жағдайда қорғаушы қатысуы міндетті болып саналады?
7. Тұлғаны күдекті ретінде тану қаулысы, егер де ол прокурор болса, кіммен бекітіледі?
8. Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыда не толтырылу қажет егер күдікті бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасалуында күдік болса?
9. Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулысын жариялағанда күдікті онда қол қоюдан бас тартқан жағдайда тергеушінің әрекеті?
10. Күдікті Қазақстан Республикасының территориясынан тыс жерлерде болған жаңдайда оған күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыны жариялаудың тәртібі?
11. Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулысын күдіктіге жариялағаннан кейін, ол қаулыда көрсетілген жағдайлар нақтыланбағанда тергеушінің әрекеті?
12. Қандай жағдайларда процестік келісімді өз кінәсін мойындау нысанында пайдалануға болады?
13. Қандай сатыда күдікті процестік келісімнен бас тартуға құқылы?
14. Процестік келісімге келу туралы өтінішті қайта білдіруге болады ма?
15. Өз кінәсін мойындау нысанындағы процестік келісімді қабылдағаннан кейінгі салдары?
16. Өз кінәсін мойындау нысанындағы процестік келісімге келу туралы өтініш түскен сәттен бастап тергуші қандай мерзімде бұл туралы пркурорға хабарлауға міндетті?
17. Өз кінәсін мойындау нысанындағы процестік келісімге келу туралы өтініштен прокурор бас тартқан жағдайда, оған наразылық білдіруге болады ма?



18. Ынтымақтастық туралы процесстік келісім кіммен бекітіледі?
19. Қандай сатыда ынтымақтастық туралы процесстік келісімге келу туралы өтінішін білдіруге болады?
20. Қанша уақыт ішінде прокурор ынтымақтастық туралы процесстік келісімді қабылдау туралы өтінішін жолдайды?
21. Өз кінәсін мойындау нысанындағы процесстік келісімнің ынтымақтастық туралы процесстік келісімнен айырмашылығы?
22. Ынтымақтастық туралы процесстік келісімді бекітудің тәртібі?
23. Ынтымақтастық туралы процесстік келісімді қабылдағаннан кейінгі прокурордың әрекеттері?

### **Өзіндік бақылау материалдары:**

#### **Конспектiлеу:**

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулысы 21 маусым 2001 жылғы N4 Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 67-бабын қолдану тәжірибесі туралы (21.04.2011жылғы ҚР ЖС №1 нормативтік қаулысымен енгізілген өзгертулермен).

**Негізгі әдебиеттер:**1, 2, 15,20-28,172,173.

**Қосымша әдебиеттер:**40,41,100,118,124,148,161,167,170,171,177,178,184,185,187,189,214,230,.

### **№ 12 - тақырып. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталуы.**

#### **Дәріс сұрақтары**

**1 сағ.**

1. Анықтаудың, алды ала тергеудің және хаттамалық нысандағы сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталуының түсінігі мен түрлері.
2. Айыптау актісімен сотқа дейінгі тергеп-тексеруді аяқтау және қылмыстық істі тоқтату негіздері, процессуалдық тәртібі.

#### **Дәріс тезісі**

• Алдын ала анықтау мен алдын ала тергеудің аяқталуы дегеніміз – ол анықтаушы мен тергеушінің өздерінің қарауындағы қылмыстық іс бойынша жұмыстарының қорытындылау сатысы. Ол қылмыстық іс қашан жан-жақты, толық және объективті қаралып, тергелгенде ғана өз орынын тапты деп есептеледі.

Сотқа дейінгі тергеудің соңғы сатысы дегеніміз – ол төмендегі функцияларды атқаруға бағытталған процесстік іс әрекеттердің жиынтығы:

- іс бойынша жинақталған айғақтарды жүйелендіру мен сараптау;
- соттың істі қарауы үшін немесе сотқа дейінгі тергеп-тексеруді аяқтайтын басқа да бір шешім шығаруы үшін істі жолдауға материалдық толықтылығын анықтау;

- қолда бар материалдың толықтығын тексеріп, ол толық болмаған жағдайда тотыру жолын қарау;

- күдікті мен оның қорғаушысына өзіне қатысты қылмыстық істің барлық материалдарымен танысуына мүмкіндік беру;

- егер де қаласа материалмен басқа да іске қатысушыларды таныстыру;

- іске қатысты осал және істің бұлыңғыр тұстарын барлық қатысушылардың көмегімен айқындап, анықтап алу;

- қылмыстық істі қарау кезде күдікті мен басқа да қатысушылардың өз құқықтарын қорғауға септігі тиетін ақпараттармен қамтамасыз ету.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталуы оның аяқталуы туралы шешім шығарылуынан, қорытынды процестік құжаттың толтырылуынан басталып, қылмыстық істің прокурорға жолданған сәтімен аяқталады. Сотқа дейінгі тергеп тексерудің бұл сатысы, тергеушіні, тергеу органының басшысын, анықтаушы мен анықтау органын қоса алғандағы сот өндірісіне қатысушылардың барлығының көптүрлі шешімдері мен іс-әрекеттерінен, сонымен бірге қылмыстық іс жүргізу заңнамаларымен қарастырылған құжаттарды жасақтаудан тұрады.

Сотқа дейінгі тергеуді – сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысындағы қылмыстық іс өндірісінің аяқталуы мен қорытындылау құжатын толтыру бойынша, билік субъектілерінің рөлін анықтаудағы қылмыстық процеске қатысушылар арасындағы қатынасты реттейтін қылмыстық іс жүргізу институты десе де болады.

Сотқа дейінгі тергеп – тексерудің айыптау актісін толтырумен аяқталуын осы дәрістің екінші сұрағында қарастырамыз. ,

Хаттамалық нысан (қылмыстық әрекетті тергеу үшін). Анықтаушы орган анықталған жағдайда тез арада күдіктіге қатысты қылмыстық теріс қылық туралы хаттама толтырады. Тұлғалар болмаған жағдайда оның анықталған сәтінен бастап, жауапкершілікке тарту мерзімін ескере отырып толтырады.

Қылмыстық теріс қылық болып, оны жасаған күдіктіге, жасалған жерге қатысты мәліметтерді, басқа да жайттарды анықтау қажеттілігі туындаған жағдайда қылмыстық теріс қылық туралы хаттама үш күннен қалдырылмай толтырылуы тиіс.

Сараптама жүргізудің немесе маманның қорытындысын алу қажет болған жағдайда, қылмыстық теріс қылық туралы хаттама аталмыш тиісті қорытынды алынған сәттен бастап, 1 тәулік ішінде толтырылуы тиіс.

Арасында қылмыстық теріс қылық немесе қылмыстық теріс қылықтар кездесетін бірнеше қылмыстық құқыбұзушылықтарға қатысты қылмыстық іс бойынша, қылмыстық іс өндірісі анықтау формасында немесе алдын ала тергеу түрінде жүргізіледі.

Жасалған қылмыстық теріс қылықтың күдіктіге қатысты мән-жайлары туралы хаттама жасалады, онда: хаттаманың жасалған уақыты мен орны, хаттаманы кімнің жасағаны, күдіктінің жеке басы туралы деректер, қылмыстық теріс қылық жасалған орын мен уақыт, оқиға, оның тәсілдері, себептері, салдары және басқа да елеулі мән-жайлар, қылмыстық теріс

қылықтың болғанын және құқық бұзушының кінәсін растайтын нақты деректер, Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігінде көзделген қылмыстық теріс қылық құрамының белгілері, жәбірленуші туралы деректер, оған келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері көрсетіледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам қылмыстық теріс қылықтың мән-жайларын анықтау және хаттама жасау үшін күдіктіден, жәбірленушіден, куәлерден жауап алады, күдіктінің жеке басы туралы мәліметтерді талап етіп алдыру және хаттамаға қосып тігу шараларын қолданады, қажет болған кезде – қарап-тексеруді, алуды, осы Кодексте көзделген басқа да процесік әрекеттер мен тергеу әрекеттерін жүргізеді. Күдіктіден, айыпталушыдан, сотталушыдан анықтау органдары мен соттың шақыруы бойынша келу және өзінің тұрғылықты жерін ауыстырғаны туралы хабарлау міндеттемесі алынуы мүмкін.

ҚР ҚПК-нің 528 бабында хаттаманы сотқа жолдаудың тәртібі былайша көрсетілген:

Біріншіден, анықтау органының бастығы хаттаманы және оған қоса берілген материалдарды зерделеп, хаттаманы келіседі, содан соң барлық материалдар танысу үшін күдіктіге беріледі, бұл туралы хаттамада күдіктінің және қорғаушының (ол қатысқан кезде) қойған қолымен куәландырылған тиісті белгі жасалады.

Екіншіден, күдікті хаттамамен және іс материалдарымен танысқаннан кейін анықтау органының бастығы қылмыстық істі дереу прокурорға жібереді.

Үшіншіден, прокурор қылмыстық істі зерделей отырып – бір тәуліктен кешіктірмей, ал күдікті осы Кодекстің 128-бабының тәртібімен ұсталған істер бойынша сегіз сағаттан кешіктірмей, мынадай әрекеттердің бірін жүргізеді:

1) қылмыстық теріс қылық туралы хаттаманы бекітеді және қылмыстық істі сотқа жібереді;

2) хаттаманы бекітуден бас тартады және қылмыстық істі осы Кодекстің 35 және 36-баптарында көзделген негіздер бойынша тоқтатады;

3) анықтау не алдын ала тергеу жүргізу үшін қылмыстық істі қайтарады;

4) қылмыстық істі жекелеген күдіктілерге қатысты тоқтатады, ол туралы тиісті қаулы шығарып, оның көшірмелерін мүдделі тұлғаларға жібереді және қылмыстық істі сотқа жібереді.

Айыптау актісі – қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру іс өндірісін аяқтайтын, іс жүргізу құжаты. Мұнда сотқа дейінгі тергеп-тексеру іс өндірісін жүргізген тұлғамен атқарылған жұмыстар көрсетіліп, жасалған қылмыстық оқиға туралы ұйғарымдар мен жауапкершілікке тартылған тұлғалардың кінәсі, және олардың теріс қылықтарының заңи саралануы жазылады.

Айыптау актісінің жасақталуына бірнеше талаптар қойылады.

1. Айыптау актісі заңды және негізді болуы тиіс.

2. Айыптау актісінде қылмыстық құқыбұзушылықтың барлық жайттары жан-жақтылық, толықтық және объективтілік сақтала отырып, көрсетілуі тиіс.

3. Айыптау актісі заңмен бекітілген құрылымда, кіріспе, сипаттау-уәждеу және қарар бөліктерінен тұруы тиіс (ҚР ҚІЖК 299 бабы).

Айыптау актісі, егер ол қылмыстық іс-жүргізу заңнамаларының талаптарына сай болса және қылмыстық-құқықтық нормалардың дұрыс қолдануы арқылы жасалса заңды болып есептеледі.

Айыптау актісі, ол мұқит әрі Жан-жақты зерттелген дәлелдемелер мен жасалған қылмыстық әрекеттің нақты жайттарына сүйеніп жасалған жағдайда, негізді болып есептеледі.

Жан-жақты қарастыру деген сөздің астарында, жасалған қылмысты зерттеуде тек қана айыптаушының көзімен ғана емес, сонымен қатар, қорғаушы тараптың көзімен де қарау керек деген сөз, екіұшты талдаудың болмауы, айыпты мен қорғаушы келтірген барлық жайттың босқа қалуына әкеліп соғады.

Дәлелдердің толық келтірілуі (дәлелдемелердің саны бойынша) әрбір дәлелденуге тиісті аргументтердің нақты дәлелденуіне септігін тигізеді. Айыптау актісінде дәлелдердің саны соншалықты, ол қылмысты жасаған басқа емес, сол тұлғаның нақ өзі екенін бұлтартпай дәлелдейтіндей болуы керек. Тергеу барысында анық болған және сотпен істі қарап, зерттеуге септігі тиетін барлық фактілер мен жайттар тап осындай толымдылықпен жазылуы тиіс.

Әділдік – айыпталушының жауаптылығының ауырлататын да, жеңілдететін де, сонымен бірге оны қорғау үшін келтірілген барлық дәлелдердің келтірілгенін қалайды.

ҚР ҚПК 299 бабының 1 тармағына сәйкес, айыптау актісінің кіріспе бөліміне актінің толтырылған уақыты мен жері; айыптау актісін толтырған тұлғаның лауазымы мен фамилиясы және инициалдары; күдіктінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), туған күні, айы, жылы, туған жері жазылады.

ҚР ҚПК 299 бабының 2 тармағында көрсетілгеніне қарамастан, Сипаттау-уәждеу бөлігінде:

1) қылмыстық құқық бұзушылықтың оқиғасы, жасалған уақыты, орны, оның тәсілі, себебі, салдары, саралануы және өзге де мән-жайлар;

2) жәбірленуші, оған келтірілген зиянның сипаты мен мөлшері туралы мәліметтер;

3) қылмыстық құқық бұзушылық жасау жолымен алынған мүлік туралы мәліметтер;

4) күдіктінің жауаптылығын ауырлататын және жеңілдететін мән-жайлар;

5) күдікті туралы мәліметтер (азаматтығы, отбасылық жағдайы, айналысатын кәсібі, білімі, тұрғылықты жері, сотталғандығының бар-жоғы), оны сипаттаушы өзге де деректер, оған қатысты тандалған бұлтартпау шарасы;

6) адамды айыптау үшін негіз болып табылатын мән-жайларды растайтын дәлелдемелердің тізбесі;

7) алкогольдік, нашақорлық немесе өзге де тәуелділіктен емдеуді қолданудың алғышарттары болып табылатын мән-жайлар туралы мәліметтер баяндалады.

Айыптау актісінің үшінші бөлігі – қарар бөлігі, онда күдіктінің тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), оған жасады деп айып тағылып отырған іс-әрекет сараланатын қылмыстық заңның нақты бабы, бабының бөлігі және тармағы және айыптау актісін бекіту туралы мәселені шешу үшін қылмыстық істі прокурорға жіберу және қылмыстық істі мәні бойынша қарау үшін сотқа жіберу туралы көрсетіледі.

Айыптау актісіне оны жасаған адам қол қояды.

Адам қылмыстық заңның әртүрлі баптарында, бөліктерінде немесе тармақтарында көзделген бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықты жасады деп айыпталған кезде айыптау актісінде осы қылмыстық құқық бұзушылықтардың әрқайсысы жеке-жеке сараланып көрсетілуге тиіс.

Бір қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп бірнеше адам айыпталған кезде айыптау актісінде қылмыстық құқық бұзушылықтың саралануы күдіктінің әрқайсысына қатысты көрсетіледі.

ҚР ҚПК 299 бабына сай, айыптау актісіне сотқа шақыртылуға тиіс тұлғалар тізімі қоса жалғанады. Тізімде адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), оның процестік жағдайы, тұрғылықты жері көрсетіледі, оның айғақтары берілген қылмыстық іс парағының және томының нөміріне сілтемежасалады.

Тізім екі бөліктен: күдікті және қорғаушы атаған адамдардың тізімінен (қорғау тізімінен) және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жасаған тізімнен (айыптау тізімінен) тұруға тиіс.

Тізім мөрленген конвертке салынып, қылмыстық іске қоса тігіледі.

Айыптау актісіне анықтама қоса беріледі, онда сотқа дейінгі тергеп-тексеру мерзімі, бұлтартпау шарасы, күдіктіні күзетпен ұстау мерзімі, қолда бар заттай дәлелдемелер және оларды сақтау орны, азаматтық талап қоюды қамтамасыз ету және сот үкімін орындау үшін қолданылған шаралар, айыпталушыдан өндіріп алынуға жататын процестік шығындар мен сомалар, мәлімделген талап қою көрсетіледі.

Бұдан кейін ҚР ҚПК-нің 300 бабына сай айыптау актісі қылмыстық іспен бірге прокурорға жіберіледі. Ол түскен қылмыстық істі қарап, тексеріп, ҚР ҚПК-нің 301 бабында көрсетілген қылмыстық іс жүргізу заңнамаларының талаптары бұзылмағанын қадағалайды.

Айыптау актісімен бірге түскен істі қарап, 10 тәуліктен асырмаған мерзімде ҚР ҚПК-нің 302 бабында көрсетілген шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) айыптау актісін бекітеді;
- 2) жаңа айыптау актісін жасайды;
- 3) сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға қылмыстық істі қосымша тергеу жүргізу үшін жібереді;

4) осы Кодекстің 35 және 36-баптарында көзделген негіздер бойынша қылмыстық істі толық көлемде немесе оның бір бөлігін қысқартады;

5) өз қалауы немесе қорғаушы тараптың өтінішхаты бойынша процестік келісім жасасу туралы мәселені шешеді;

6) қорғаушы куәлардың тізімін қоспағанда, сотқа шақырылуға жататын адамдардың тізімін толықтырады немесе қысқартады.

7) айыптау актісіне келісімін беріп, айыпталушыны сотқа береді; және ол туралы 284 бапқа сай шешім шығарады;

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

### **№ 1 семинар**

**1 сағ.**

#### **Сұрақтары:**

1. Сотқа дейінгі өндірісті тоқтату бойынша тергеушінің әрекеті.
2. Айыптау актісін құру барысында тергеушінің әрекеті. Айыптау актісінің нысаны мен мазмұны. Айыптау актісіне қосымша..

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

### **№ 1 тәжірибелік**

**1 сағ**

#### **№1 оқу блогы**

#### **Есеп № 1**

2015 жылы 15 сәуір күні Қарағанды қаласы Кривогуза мекен жайында бірге тұратын Аубакиров және оның туысқаны Есимов алкогольді ішімдік ішу барысында өзара келіспей қалады. Соның салдарына Есимов қолындағы пышақты пайдалана отыра Аубакировке үш рет дене жарақатын келтіре отыра сол жерде Есимов алған жарақаттан қайтыс болады.

Осы фактісі бойынша алдын ала тергеу әрекеттері басталып тергеуші қылмыстық істі аяқтап күдікті Есимовке танысуға ұсынады. Бірақ күдікті қылмыстық іспен танысудан бас тартты себебі тергеуші істі тігілмеген және мөрленбеген түрде ұсынғандығына байланысты. Осыған орай тергеуші күдіктінің бас тартқан себебін үн таспаға жазып алып прокуратураға жолдады.

*1.Қандай жағдайда қылмыстық іс күдіктіге таныстыруға беріледі?*

*2.Осындай жағдайда күдіктінің әрекеттері дұрыс па?*

3.Тергеушінің әрекеттерін бағаланыз?

4.Тергеуші қылмыстық істі сотқа жолдау кезінде іспен кімдерді таныстыруға тиіс?

## **Есеп № 2**

Қарағанды қ ПД ТБ нан ҚР ҚК бабы бөлімімен келіп түскен айыптау актісін прокурор тексеру кезінде тергеуші қылмыстық істі күдіктімен ғана таныстырып басқа үш жәбірленушімен таныстырмағандығын анықтаған. Осы жағдайды көре отыра прокурор қылмыстық істі қайта тергеуге жолдайды. Жолдамасында қылмыстық іспен жәбірленушілерді де таныстыру керек деп көрсетті.

1.Прокурордың тапқан қатесі құқ бұзушылыққа жатадыма?

2.Прокурордың іс әрекеттерін заңды көзбен қарап оларды сараланыз?

3.Осындай жағдайда сіз қалай істер едіңіз?

## **№2 оқу блогы**

1. Қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы құрастырыңыз.

**Негізгі әдебиеттер:**1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

## **№ 1 КОӨЖ**

**1 сағ.**

**Тапсырма:** Семинар сабағында өзіндік пікірлер негізінде сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталуы жүргізу мәселелері. Жеке тұлғаның пікірі бойынша ғалымдыардың қылмыстық процесте пікірлерін талдау.

**Процессуалдық құжаттарды толтыру:**

1. Айыптау актісін құрастырыңыз.

**КОӨЖ өткізу нысаны:** Қарастырылып отырған сұрақтардың аспектілік мәселелерін талқылау және процессуалдық құжаттарды толтыру.

**Негізгі әдебиеттер:**1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

## **КӨЖ**

**1 сағ.**

**Тапсырма:**

**Сұрақтары:**

1. Қылмыстық істы тоқтатудың негіздері?

2. Қылмыстық істі тоқтатудың тәртібі?

3. Күдікті мен оның қорғаушысы іс материалдарымен танысу уақытын әдейі созған уақытта тергеушінің әрекеті?
4. Айыптау актісінің нысаны?
5. Іс материалдарымен танысу барысында тергеу әрекеттерін жүргізуге боады ма?
6. Күдікті бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасаған кезде айыптай актісі қалай құрылады?
7. Айыптау актісіне қоса тіркелетін сот отырысына шақырылатын адамдар тізімі қай жерде сақталуы қажет?
8. Айыптау актісіне күдіктінің жеке басын куәландыратын құжаттарды қоса беру керек пе? Олай болса, тағы қандай құжаттар қоса тіркеу қажет?
9. Айыптау актісі айыптау қорытындысынан айырмашылығы?
10. Айыптау актісінің мазмұны?
11. Айыптау актісі бар қылмыстық іс бойынша прокурор қанша уақытта шешім қабылдайды?
12. Айыптау актісі бар қылмыстық іс бойынша прокурор қандай шешім қабылдайды?
13. Айыптау актісі бар қылмыстық іс бойынша прокурор процестік келісімге отыру туралы мәселені шеше алады ма?
14. Айыптау актісіні бекіткеннен кейін прокурордың әрекеті?
15. Айыптау актісіне қандай құжаттар қоса тіркеледі және оны кім құрастырады?

### **Өзіндік бақылау материалдары:**

#### **Конспектілеу:**

1. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулысы 21 маусым 2001 жылғы N4 Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 67-бабын қолдану тәжірибесі туралы (21.04.2011жылғы ҚР ЖС №1 нормативтік қаулысымен енгізілген өзгертулермен).

**Негізгі әдебиеттер:**1, 2, 15,20-28,172,173.

**Қосымшаәдебиеттер:**40,41,100,118,124,148,161,167,170,171,177,178,184,185,187,189,214,230,.

### **№ 13 - тақырып. Қылмыстық істердің соттылығы. Басты сот талқылауының сатысы.**

#### **Алқабилер қатысумен сот ісін жүргізу.**

#### **Дәріс сұрақтары**

**1 сағ.**

1. Қылмыстық істердің соттылығының ұғымы, мағнасы және белгілері. Бірнеше айыпталушы немесе бірнеше қылмыстар туралы қылмыстық істерді біріктірген кезде соттылықты анықтау.



2. Басты сот талқылау сатысының мәні, маңызы және міндеттері.
3. Алқабилер сотының түсінігі, маңызы және мағнасы.

### **Дәріс тезісі**

Қазақстан Республикасының сот жүйесін Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы Конституциялық заңға сәйкес құрылатын Қазақстан Республикасының Жоғарғы соты және жергілікті соттар құрайды.

1. Аудандық және оларға теңестірілген соттар бірінші сатыдағы сот ретінде әрекеттеседі.

2. Мамандандырылған соттардың соттылығына жатқызылған қылмыстық істерді қоспағанда, барлық қылмыстық істер, егер олардың соттылығы осы Кодексте көзделген жағдайларда өзгертілмеген болса, аудандық және оған теңестірілген соттың соттылығына жатады.

3. Аудандық және оларға теңестірілген соттар (тергеу судьясы) қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамдардың, жедел-іздестіру қызметінің, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалауды жүзеге асыратын прокурордың шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жасалған шағымдарды қарайды, осы Кодексте көзделген жағдайларда процестік әрекеттерді санкциялайды.

4. Үкімді орындау сатысында аудандық және оларға теңестірілген соттар өздерінің соттылығына жатқызылған істер бойынша осы Кодекстің 475 және 476-баптарында көрсетілген мәселелерді қарайды.

Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың соттылығына жататын қылмыстық істер;

Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың соттылығына жататын қылмыстық істер;

Қылмыстық істердің қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери соттардың және гарнизондардың әскери соттарының соттылығына жатуы

Қылмыстық істердің аумақтық тұрғыдағы соттылығы

- Қылмыстық іс қылмыстық құқық бұзушылық жасалған жердегі сотта қаралуға жатады.

- Егер қылмыстық құқық бұзушылық бір соттың қызметі жерінде басталып, басқа соттың қызметі жерінде аяқталса, іс тергеп-тексеру аяқталған жердегі соттың соттылығына жатады.

-Егер қылмыстық құқық бұзушылық Қазақстан Республикасынан тысқары жерде жасалса немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасалған жерді анықтау мүмкін болмаса немесе қылмыстық құқық бұзушылықтар әртүрлі жерде жасалса, істі тергеп-тексеру аяқталған жердегі сот қарайды.

- Айыптау актісі жасалған немесе медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін істі сотқа жіберу туралы қаулы шығарылған жер тергеп-тексеру аяқталған жер болып табылады.

Басты сот талқылау сатысы іс жүргізудің басқа сатыларымен салыстырғанда маңызы зор, негізгі, түйінді, күрделі саты саналады. Себебі бұл сатыда қылмыстық іс бойынша басты шешім қабылданады, яғни сотталушының кінәсі немесе кінәсіздігі анықталады. Соған байланысты оған жаза қолдану-қолданбау мәселесі шешіледі.

Қазақстан Республикасында қылмыстық істер бойынша сот әділдігін тек соттар ғана жүзеге асырады. Кімнің болса да сот өкілеттігін иемденуі заңда көзделген жауаптылыққа әкеп соқтырады.

Соттың үкімі бойынша және заңға сәйкес болмаса, ешкім де қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танылмайды, сондай-ақ қылмыстық жазаға тартылмайды.

Басты сот талқылауында қылмыстық іс бойынша жиналған дәлелдемелерді сот жаңадан зерттейді. Судья сот әділдігін атқару кезінде ешкімге тәуелді емес, алдын ала тергеу барысында жиналған дәлелдемелерді зерттеумен шектелмейді.

Басты сот талқылауын алдын ала тергеу сатысымен салыстырсақ, оның мынадай өзгешеліктерін атау қажет:

1) тергеуші қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеу жүргізгенде әртүрлі болжамды тексере отырып шындықты, ақиқатты анықтайды, ал сот қарауында нақты адамдар туралы тергеуші жинаған, жан-жақты тексерілген, баға берілген, жүйеге келтірілген дәлелдемелер болады;

2) тергеуші алдын ала тергеуді дербес, жеке дара жүргізеді, ал сот дәлелдемелерді айыптау және ақтау тараптарының қатысуымен зерделейді;

3) тергеуші қылмыстық істі басынан аяғына дейін кейбір жағдайда тергемейді, іс басқа тергеушіге берілуі мүмкін (тергеуші ауырып қалды, кезекті демалысқа шығып кетті, білімін жетілдіруге кетті және басқа себептер), ал басты сот талқылауында қылмыстық істі бір судья немесе судьялардың сол құрамы қарауы тиіс;

4) тергеуші бірнеше қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді қатарластыра жүргізеді, ал сот (судья) істі жартылай қарап, басқа судьяға бере алмайды, судья істі басынан аяғына дейін қарап, қарауды үкім шығарумен не істі қысқартумен аяқтайды.

Басты сот талқылауының негізгі белгілері:

1. Басты сот талқылауында істі қарау қылмыстық іс жүргізу заңдарында көрсетілген тәртіп бойынша жүргізіледі. ҚР ҚІЖК-де басты сот талқылауының жалпы шарттары көрсетілген. Сотта іс қарағанда іс жүргізудің барлық принциптері толық көрініс табады.

2. Басты сот талқылау сатысының алдындағы сатылар көмекші рөл атқарады, басты сот талқылау сатысын дайындайды. Алдын ала тергеу «сотқа дейін», «соттан тыс», «сот үшін» жүргізіледі.

3. Басты сот талқылау нәтижесінде сот төрелігі жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады (ҚР Конституциясы 75-б. 1-бөл.).

4. Қылмыстық іс бойынша әділ шешім қабылдау үшін басты сот талқылау сатысында барлық кепілдіктер барынша толық шоғырландырылған. Сот

қылмыстық іс бойынша жиналған дәлелдемелерді жариялы түрде тікелей ауызша зерделейді.

Қылмыстық іс жүргізу сатыларының жүйесінде басты сот талқылау сатысы ерекше орын алады. Ол маңызды, негізгі, түйінді, күрделі саты болып саналады. Себебі бұл сатыда қылмыстық іс бойынша, біріншіден, басты шешім қабылданады, яғни қылмыстық жауапқа тартылған адамның кінәсі немесе кінәсіздігі анықталады. Соған байланысты оған жаза қолдану-қолданбау мәселесі шешіледі.

Жаза қылмыскердің жанын қинау немесе адамгершілік намысына тиіп, қорлау мақсатын көздемейді. Жаза жасалған қылмыс үшін қылмыскердің сазайын тарттыру емес, оның мақсаты — сотталған адамды түзеу. Жаза дегеніміз ҚРеспубликасы ҚК 38-бабына сәйкес, соттың үкімі бойынша тағайындалатын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы. Жаза қылмыс жасауға кінәлі деп танылған адамға қолданылады.

Жаза әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ сотталған адамды түзеу және сотталған адамның да, басқа адамдардың да жаңа қылмыстар жасауынан сақтандыру мақсатында қолданылады. Жаза тән азабын шектіруді немесе адамның қадір-қасиетін қорлауды мақсат етпейді.

Басты сот талқылауы сатысында қылмыстық жауапқа тартылған адамның кінәсі немесе кінәсіздігі біржолата, үзілді-кесілді шешіледі. Солай бола тұрса да, баспасөз беттерінде бұл мәселел жөнінде басқа да әртүрлі пікірлер айтылып жатады.

1. Төрағалық етуші алқабилерге олардың құқықтарын, міндеттерін және олардың әрекеттеріне істі қарауға байланысты қойылатын шектеулерді түсіндіреді, сондай-ақ міндеттерді бұзу мен шектеулерді сақтамаудың салдарлары туралы ескертеді.

2. Алқабидің:

1) істің мән-жайларын өзінің ішкі нанымы бойынша өз бетінше бағалау және алқабилер алқасының алдына қойылатын сұрақтарға жауап беру мүмкіндігін алу үшін сотта қаралатын дәлелдемелерді зерттеуге қатысуға;

2) процеске қатысушыларға төрағалық етуші арқылы сұрақтар қоюға;

3) заттай дәлелдемелерді, құжаттарды тексеріп қарауға, жергілікті жерді және үй-жайларды тексеріп-қарауды жүргізуге, сот тергеуіндегі барлық басқа да әрекеттерге қатысуға;

4) төрағалық етушіге заңнама нормаларын, сондай-ақ сот отырысында жария етілген құжаттардың мазмұнын және іске қатысты өзіне түсініксіз басқа мәселелерді түсіндіруді сұрап өтініш жасауға;

5) сот отырысы кезінде жазбалар жасауға құқығы бар.

Алқабидің:

1) сот отырысында тәртіп сақтауға және төрағалық етушінің заңды өкімдеріне бағынуға;

2) алқабидің міндеттерін атқару үшін, сондай-ақ сот отырысында үзіліс жарияланса немесе істі тыңдау кейінге қалдырылса, сот талқылауын жалғастыру үшін сот көрсеткен уақытта келуге;

3) сотқа келуге мүмкіндігі болмаған жағдайда, төрағалық етушіге келмеудің себептері туралы алдын ала құлағдар етуге міндетті.

Алқаби:

1) істі тыңдау кезінде сот отырысының залынан кетуге;

2) істі тыңдау кезінде сот құрамына кірмейтін адамдармен төрағалық етушінің рұқсатынсыз іс бойынша сөйлесуге;

3) істі талқылау барысында мәліметтерді сот отырысынан тыс жинауға;

4) жабық сот отырысына қатысуына байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы мәліметтерді жария етуге, сондай-ақ кеңесу бөлмесінің құпиясын бұзуға құқылы емес.

Алқабидің өз міндеттерін атқармауы, сондай-ақ осы бапта көзделген шектеулерді сақтамауы заңда белгіленген жауаптылыққа, сондай-ақ төрағалық етушінің алқабиді істі қарауға одан әрі қатысудан шеттету мүмкіндігіне әкеп соғады.

Төрағалық етуші, егер сот талқылауы кезінде осы Кодекстің 35-бабының бірінші бөлігінде көзделген мән-жайлар анықталса, сондай-ақ мемлекеттік айыптаушы осы Кодекстің 337-бабының жетінші бөлігіне сәйкес айыптаудан бас тартқан кезде істі алқабилер қатысатын сотта талқылаудың кез келген кезеңінде тоқтатады.

Алқабилерді сот талқылауына қатысудан босатқаннан кейін төрағалық етуші іс бойынша тиісті қаулыны жеке-дара шығарады.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

## **№ 1 семинар**

**1 сағ.**

### **Сұрақтары:**

1. Соттың келіп түскен қылмыстық іс бойынша іс-әрекеті. Алдын-ала тыңдауды өткізу.

2. Басты сот талқылауың тағайындау. Басты сот талқылауың шегі. Басты сот талқылауының сатысында айыпты өзгерту.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

## **№ 2 семинар**

**1 сағ.**

### **Сұрақтары:**

1. Алқабилер қатысатын соттың құзыреті.
2. Алқабилердің қатысуымен істер бойынша сот талқылауының құрылымы.
3. Алқабилердің қатысуымен істер бойынша сотпен үкім шығарудың ерекшеліктері.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

## **№ 1 КОӨЖ**

**1 сағ.**

**Тапсырма:** Семинар сабағында өзіндік пікірлер негізінде қылмыстық істердің соттылығы, басты сот талқылауының сатысы, алқабилер қатысуымен сот ісін жүргізу мәселелері. Жеке тұлғаның пікірі бойынша ғалымдыардың қылмыстық процесте пікірлерін талдау.

### **Процессуалдық құжаттарды толтыру:**

1. Қылмыстық іс бойынша істі тоқтата тұру қаулысын құрастырыңыз.

**КОӨЖ өткізу нысаны:** Қарастырылып отырған сұрақтардың аспектілік мәселелерін талқылау және процессуалдық құжаттарды толтыру.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

## **КӨЖ**

**1 сағ.**

### **Тапсырма:**

### **Сұрақтары:**

1. Сот талқылауы неге қылмыстық істер жүргізудің басты сатысы болып табылады?
2. Қылмыстық іс бойынша судьяның өкілеттілігі қандай?
3. Сот талқылауының жалпы шарттары қандай?
4. Айыптау қортындысының көшірмесін қолға беру мен сот мәжілісінде істі қараудың мерзімдері қандай?

5. Қандай жағдайда басты сот талқылауы кейінге қалдырылады, ал қандай жағдайда қылмыстық іс бойынша іс жүргізу уақытша тоқтатылады?

6. Қылмыстық істі қосымша тергеу үшін қайтаруға қандай негіздер болу керек?

7. Дәлелдемелерді ұсынудың және зерттеудің тәртібі қандай?

8. Қандай жағдайларда сотталушының айғақтары жария етіледі?

13. Айыптау актісі бар қылмыстық іс бойынша прокурор процестік келісімге отыру туралы мәселені шеше алады ма?

14. Айыптау актісіні бекіткеннен кейін прокурордың әрекеті?

15. Айыптау актісіне қандай құжаттар қоса тіркеледі және оны кім құрастырады?

### **Өзіндік бақылау материалдары:**

#### **Конспектілеу:**

1. «Қазақстан Республикасының судьяларының мәртебесі және сот жүйесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы ҚР Конституциялық заңы (16.02.2012 жылда өзгертулер енгізілген).

2. «Алқабилер соты жөніндегі» Қазақстан Республикасының Заңы // Заң газеті. 2006 ж., 25 қаңтар. № 11 (991).

**Негізгі әдебиеттер:**1, 2, 15,20-28,172,173.

**Қосымша әдебиеттер:**40,41,100,118,124,148,161,167,170,171,177,178,184,185,187,189,214,230,.

### **№ 14 - тақырып. Үкім.Үкім шығару (апелляция, кассация).**

#### **№ 1 семинар**

##### **Семинар сұрақтары**

**1 сағ.**

1.Үкімнің заңдылығы және негізділігі. Үкімнің әділділігінің, дұрыстығының және дәлелділігінің ара-қатынасы.

2. Заңды күшіне енген сот үкімінің қасиеті.

3. Үкімнің түрлері. Ақтау немесе айыптау үкімдерін шығару үшін негіздер.

**Негізгі әдебиеттер:**1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

#### **№ 2 семинар**

**1 сағ.**

##### **Сұрақтары:**

1. Үкімге (қаулыға) апелляциялық шағымдану, наразылық берудің заты. Апелляциялық наразылықтың, шағымның мазмұны және түрлері.

2.Кассациялық шағымданудың заты. Кассациялық наразылықтың, шағымның мазмұны және түрлері.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Негізгі әдебиеттер:**1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

### **№ 3 семинар**

**1 сағ.**

#### **Сұрақтары:**

1.Үкімге (қаулыға) апелляциялық шағымдану, наразылық берудің заты. Апелляциялық наразылықтың, шағымның мазмұны және түрлері.

2.Кассациялық шағымданудың заты. Кассациялық наразылықтың, шағымның мазмұны және түрлері. Қадағалау сатысы.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

### **№ 1 тәжірибелік**

**3 сағ.**

**Қазақстан Республикасы ІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясында немесе Қарағанды қаласының аудандық соттары нақты қылмыстық істі қараумен байланысты өткізілетін сот отырысын курсанттарға көрсету.**

(Сот отырысын көрсетудің уақыты мен мерзімі алдымен күндізгі оқу факультетімен және Қарағанды қаласының Қазыбек-би аудандық сотымен келісіледі).

**Өткізілетін сабақтың мақсаты:** Курсанттар өтетін сот отырысына шын мәнісінде тікелей қатысып, соттың қылмыстық істі қарау тәртібін және іс бойынша қандай шешімдер қабылдайтын өздері көріп, дәрістерде, семинар сабақтарында алған білімдерін естерінде сақтап қалу болып табылады.

Курсанттар осы тәжірибелік сабаққа дайындалу барысында теориялық материалдарды яғни, қылмыстық істер жүргізу заңдарының тиісті нормаларын оқып, мынандай сұрақтарға зейін аударулары қажет:

-басты сот талқылау сатысының мәні, маңызы және міндеттері;

-қылмыстық процестің принциптері (сот талқылауының тікелей және ауызша болуы және т.б.) іс бойынша объективті ақиқатты орнатудың процессуалдық шарты ретінде;

- соттық талқылаудағы соттың басты рөлі;
- сотталушының, жәбірленушінің, прокурордың, қорғаушының және басқа да процеске қатысушылардың басты сот талқылауына қатысуы;
- басты сот талқылауының шегі;
- сот талқылауын кейінге қалдыру және қылмыстық істі тоқтата тұру;
- істі қосымша тергеуге жіберудің негіздері мен тәртібі;
- сот отырысында қылмыстық істі қысқарту;
- сот процесінің мәдинеті мен этикасы;
- басты сот талқылауының дайындық бөлімі;
- сот тергеуі;
- сот жарыссөзі;
- сотталушының соңғы сөзі;
- үкімді шығару.

Жоғарыдағы көрсетілген сұрақтардың мазмұның терең білуде, сот талқылауына қатысушылардың процессуалдық әрекеттерің дұрыс талқылауының мынадай кезендерін білгендері жөн:

1. сот отырысының дайындық бөлімі;
2. сот тергеуі;
3. сот жарыссөзі;
4. сотталушының соңғы сөзі;
5. үкімді шығару.

Сонымен қатар:

- сотталушының іс әрекеттерінің дұрыс саралануы;
- мемлекттік айыптаушы мен қорғаушының сөздерінің мазмұндары.

Сот талқылау болатын күні курсанттар соттың құрамы келгенше кестеде көрсетілген дәріс залында немесе сот мәжілісі өтетін залда өз орындарын тауып отыра береді, сот талқылауы барысында олардың барлығы төрағалық етуші судьяға бағынады: іс бойынша ақиқатқа жету мақсатындағы соттың қызметіне кедергі жасамай, сот отырысын тындайды.

Үкім шығару үшін сот кеңесу бөлмесіне кеткеннен кейін, прокурормен және қорғаушымен курсанттардың кездесуі ұйымдастарылады, ол пресс-конференция ретінде өткізіледі.

## **№ 1 КОӨЖ**

**1 сағ.**

**Тапсырма:** Семинар сабағында өзіндік пікірлер негізінде үкім шығару (апелляция, кассация) жүргізу мәселелері. Жеке тұлғаның пікірі бойынша ғалымдыардың қылмыстық процесте пікірлерін талдау.

### **Процессуалдық құжаттарды толтыру:**

1. Үкімді құрастырыңыз.

**КОӨЖ өткізу нысаны:** Қарастырылып отырған сұрақтардың аспектілік мәселелерін талқылау және процессуалдық құжаттарды толтыру.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.



**Тапсырма:** Семинар сабағында өзіндік пікірлер негізінде сотқа дейінгі тергеу және теріс қылықтарды жүргізу мәселелері. Жеке тұлғаның пікірі бойынша ғалымдыардың қылмыстық процесте пікірлерін талдау.

**Процессуалдық құжаттарды толтыру:**

1. Соттық талқылауда іскерлік ойын ойнау.

**КОӨЖ өткізу нысаны:** Қарастырылып отырған сұрақтардың аспектілік мәселелерін талқылау және процессуалдық құжаттарды толтыру.

**Негізгі әдебиеттер:**1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

**Тапсырма:**

**Сұрақтары:**

1. Үкімнің түрлерің атаңыз?
2. Үкімді шығарар кезде сотпен шешілетін негізгі мәселелер?
3. Айыптау үкімі жорамалдармен негізделуі мүмкін бе?
4. Ақтау үкімі дегеніміз не?
5. Үкім неше бөліктен тұрады, онда жазылатындарды айтыңыз?
6. Апелляциялық шағымданудың субъектілерінің тізімің беріңіз?
7. Соттың заңды күшіне енбеген үкімдері мен қаулыларын апелляциялық тәртіппен қарайтын соттар?
8. Үкімдерге апелляциялық шағымдану мен наразылық білдірудің тәртібі мен мерзімдері?
9. Шағымданудың, наразылық білдірудің мерзімін қайта қалпына келтіру?
10. Сот үкімдеріне кассациялық тәртіппен шағымданудың қандай жалпы шарттарын білесіз?
11. Кассациялық сатыда істі қараудың мерзімдері?
12. Кассациялық сатыда үкімнің күшін жоюдың немесе өзгертудің негіздері?

**Өзіндік бақылау материалдары:**

**Конспектiлеу:**

1.«Апелляциялық тәртіппен қылмыстық істерді қараудың тәжірибесі туралы» 2003 жылғы 19 желтоқсандағы ҚР Жоғарғы Сотының №13 қаулысы. (10.04.2015ж. өзгертулер енгізілген).

**Негізгі әдебиеттер:**1, 2, 15,20-28,172,173.

**Қосымша әдебиеттер:** 40, 41, 100, 118, 124, 148, 161, 167, 170, 171, 177, 178, 184, 185, 187, 189, 214, 230, .

**№ 15 - тақырып. Сот үкімдері мен қаулыларын орындау сатысы.  
Жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты іс бойынша іс жүргізуді қайта бастау.**

**Дәріс сұрақтары**

**1 сағ.**

1. Сот үкімдері мен қаулыларын орындау сатысының түсінігі, міндеттері және маңызы.
2. Жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты іс бойынша іс жүргізуді қайта бастаудың түсінігі, міндеттері және маңызы.

**Дәріс тезісі**

Үкімді орындау — бір жағынан әртүрлі мекемелер мен ұйымдардың қылмыстық атқару қызметі, екінші жағынан сот кінәлі деп танып, жаза қолданған адам жөніндегі шешімді жүзеге асырумен байланысты атқарылатын сот органдарының қылмыстық іс жүргізу қызметі.

Үкімді орындау сатысы :

үкімді орындауға кірісу мәселелерін шешетін, оның орындалуын бақылайтын, сондай-ақ сот үкімін орындауға кірісу кезінде туындаған мәселелерді шешетін, қылмыстық іс жүргізу заңымен рәсімделген, сот және сот ісін жүргізуге қатысатын өзге де субъектілердің қызметі.

Соттың заңды күшіне енген үкімі мен қаулысы мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, заңды тұлғалардың, лауазымды адамдардың, азаматтардың бәріне бірдей міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында бұлжытпай орындалуға жатады. Соттың үкімін, қаулысын орындамау қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғады.

- орындаудың уақытылы жүзеге асырылуы;
- үкімді заңда көрсетілген соттардың үкімді орындау сатысында материалдарды қарау;
- үкімнің мәнін өзгертетін өзгертулер мен толықтырулар енгізуге жол бермеу және үкімнің өзгермейтіндігі.

Үкімді орындау – ол жерде жазылған нұсқауларды жүзеге асыратын қызмет

Үкімді орындау сатысының мақсаты болып үкімді жүзеге асыруға бағытталған жағдайды қамтамасыз ету табылады.

Осы кезеңдегі соттық қызметтің мазмұны келесі тапсырмаларды шешуге қатысты:

- Үкім мен соттың өге де шешімдерін орындау
- Үкімді жүзеге асыру
- Жазаны орындау барысында пайда болатын сұрақтарды шешу

Үкімді орындау барысында соттың міндеттері:

- 1) үкімдермен қабылданған барлық шешімдерді уақытында жүзеге асыру;
- 2) үкімді орындауға кірісуге бақылау жасау;
- 3) сотталған адамдырдың жазасын өтеу тәртібі мен шарттарына тиісті өзгерістерді енгізу;
- 4) үкімді орындау кезінде туындаған қандай да болмасын күмән мен түсініксіздікті ұғындыру.

Үкімді орындау кезеңінің мәні - қылмыстық құқық бұзушылық бойынша қаулыдағы іске асыру үшін қажетті алғышарттарын жасайды, яғни, құзыретті органдар тарапынан тиімді жүзеге асыру, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, заң үстемдігін нығайтуға септігін тигізеді

Үкімнің күшіне енуі дегеніміз соттың үкімде жазылған нұсқаулықтарын жүзеге асыруды бастау

Үкімді орындауға кірісу

- дегеніміз үкімді орындау туралы өкімді судья үкімінің көшірмесімен бірге қылмыстық атқару заңдарына сәйкес, үкімді орындау міндеті жүктелген органға жіберу

Аудандық және оларға теңестірілген соттар, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сот, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери сот, кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сот, гарнизонның әскери соты шығарған бірінші сатыдағы соттың үкімдері, егер оларға шағым жасалмаса немесе наразылық білдірілмесе, апелляциялық шағым жасау немесе наразылық білдіру мерзімі өткен соң заңды күшіне енеді және орындауға енгізуге жатады.

Іс апелляциялық сатыда қайта қаралған жағдайда, егер үкімнің күші жойылмаса, ол апелляциялық қаулы шығарылған күні күшіне енеді. Егер апелляциялық (жекеше) шағымдар, наразылық апелляциялық сатыдағы сот отырысы басталғанға дейін кері қайтарып алынса, апелляциялық саты шағымның, наразылықтың кері қайтарып алынуына байланысты іс жүргізуді тоқтату туралы қаулы шығарған күні үкім заңды күшіне енеді.

Бірінші сатыдағы сот, үкімнің заңды күшіне енген немесе іс жоғары тұрған соттан қайтарылған күннен бастап үш тәуліктен кешіктірмей үкімді орындауға енгізеді.

Қылмыстық құқық бұзушылық үшін сотталған адам, егер айыптау үкімі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 77-бабында белгіленген мерзімде орындауға келтірілмесе, жазаны өтеуден босатылады.

Соттың қаулысы сотталған адамды, ақталған адамды күзетілуден босату бөлігінде дереу орындауға енгізілуге жатады.

Бірінші сатыдағы соттың қаулысы шағым жасау немесе наразылық білдіру мерзімі өткен соң не жекеше шағымдар немесе наразылық келтірілген жағдайда, істі жоғары тұрған сот қарағаннан кейін заңды күшіне енеді және орындауға енгізіледі.

Соттың шағым жасалуға немесе наразылық білдірілуге жатпайтын қаулысы шығарылған бойда дереу күшіне енеді және орындауға енгізіледі.

Соттың алдын ала тыңдау барысында немесе басты сот талқылауы кезінде шығарылған істі тоқтату туралы қаулысы оның айыпталушыны немесе сотталушыны күзетілуден босатуға қатысты бөлігінде дереу орындалуға жатады.

Апелляциялық сатыдағы соттың қаулысы, үкімі жария етілген кезінен бастап күшіне енеді.

Апелляциялық сатыдағы соттардың үкімдері мен қаулылары осы Кодекстің 445-бабында көзделген тәртіппен орындауға енгізіледі.

Соттың жекеше қаулысы заңды күшіне енген кезден бастап үш тәуліктен аспайтын мерзім өткен соң басқару функцияларын орындайтын тиісті лауазымды адамға жіберіледі. Жекеше қаулы бойынша бір айлық мерзімнен кешіктірмей қажетті шаралар қолданылуға және оның нәтижелері туралы қаулы шығарған сотқа хабарлануға тиіс.

Жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты іс жүргізуді іс бойынша қайта бастау қылмыстық іс жүргізудің ең ақырғы сатысы. Бұл сатының мәні — жаңадан ашылған мән-жайлар, деректер бойынша заңды күшіне енген үкімдердің, қаулылардың заңдылығын, дәлелдігін тексеру, соның нәтижесінде заңсыз деп табылған сот шешімдерінің күшін жою. Мысалы, 1971 жылдан 1987 жылға дейін Витебск облысының Солоники деген поселкесінің тұрғыны Геннадий Михасевич дейтін азамат отыз алты әйелді өлтірген (алдымен оларды зорлап, содан кейін қылмыстың ізін жасырмақ мақсатында өлтіріп отырған). Г. Михасевич совхоздың автокөлік жөндеу шеберханасының меңгерушісі болып жұмыс жасаған. Ол ұсталып қамауға алынғанша оның жасаған қылмыстары бойынша 11 сот мәжілісінде 14 адам жазықсыз сотталған, оның ішінде біреуі 10 жыл отырып шыққан, екіншісі 6 жыл кінәсіз қамауда отыру барысында ауырып, су қараңғы соқыр болады, сол себептен «қоғамға қауіпсіз» деп қамаудан босатылған, үшіншісі жазанның ерекше түрі өлім жазасына кесіліп атылған, төртіншісі өзін өзі өлтірмекші болып асылайын деп жатқан жерінен тұзақтан босатылып алынған<sup>1</sup>.

Міне осындай кінәсіз сотталған азаматтарды ақтау үшін жаңадан ашылған мән-жайлар бар деп істі қайта қарап, заңсыз сот үкімінің күшін жою қажет. Істі жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша жаңғырту қылмыстық іс жүргізудің ерекше сатысы болғандықтан заңды күшіне енген үкімнің заңдылығы тексеріледі және оны тексеру үшін іске қатысушылардың шағымы, прокурордың ұсынысы керек. Әрбір қылмыстық іс бойынша қабылданған үкімнің заңдылығы тексерілмейді, жаңадан ашылған мән-жайлары бар және олар үкімнің заңдылығына күмән келтіреді деген прокурордың ұсынысы болу керек.

Табиғат құбылыстарын бір-бірімен салыстыру нәтижесінде танып білеміз деген қағида бар. Осы қағиданы ескере отырып, істі жаңадан

<sup>1</sup> //Литературная газета. 1988. 2-наурыз.

ашылған мән-жайлар бойынша жаңғырту сатысын қадағалау сатысындағы іс жүргізумен салыстырсақ, екеуінің арасындағы айырмашылықтарды да, екеуіне бірдей жалпы белгілерді байқауға болады. Ол мынадай белгілер:

1) міндеттері (екі сатының алдында тұрған міндет — заңды күшіне енген үкімнің, қаулының заңдылығы мен дәлелділігін тексеру);

2) мақсаты (заңды және дәлелді сот шешімдерінің жүзеге асуын қамтамасыз ету);

3) сипаты (екі сатыдағы да іс жүргізу ерекше саты болып танылады, себебі олардың міндеті мен мақсатына қарай лауазымды адамдардың шешімі нәтижесінде туады);

4) қадағалау сатысындағы іс қарайтын соттар жаңа ашылған мән-жайлар бойынша жаңартылған қылмыстық істерді қарайды.

Басқаша айтқанда, қадағалау тәртібімен іс қарайтын соттар жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша жаңартылған істерді қарайды, атап айтқанда:

а) облыстық және оған теңестірілген соттың қадағалау алқасы

б) ҚР Жоғарғы Соттың қадағалау алқасы;

в) ҚР Жоғарғы Соттың қылмыстық іс жүргізу жөніндегі алқасы.

Соттың заңды күшіне енген үкімінің, қаулысының, оның ішінде осы Кодекстің 71-тарауында көзделген тәртіппен шығарылған қаулысының күші жойылуы және қылмыстық іс немесе осы Кодекстің 71-тарауында көзделген тәртіппен тәркілеу туралы өтінішхат бойынша іс жүргізу жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта басталуы мүмкін.

Іс жүргізуді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастаудың негіздері мыналар болып табылады:

1) соттың заңды күшіне енген үкімінде белгіленген, заңсыз немесе негізсіз үкім не қаулы шығаруға әкеп соққан жәбірленушінің немесе куәнің айғақтарының, сарапшының қорытындысының көрінеу жалғандығы, сол сияқты заттай дәлелдемелердің, тергеу және сот әрекеттері хаттамаларының және өзге де құжаттардың жалғандығы немесе аударманың көрінеу дұрыс жасалмауы;

2) соттың заңды күшіне енген үкімінде белгіленген, анықтаушының, тергеушінің немесе прокурордың заңсыз және негізсіз үкім, қаулы шығаруға әкеп соққан қылмыстық әрекеттері;

3) соттың заңды күшіне енген үкімінде белгіленген, судьялардың осы істі қарау кезінде жасаған қылмыстық әрекеттері;

4) Кодекстің 502-бабында көзделген тәртіппен тексеру немесе тергеп-тексеру арқылы белгіленген және прокурордың қорытындысында баяндалған, үкім, ұйғарым шығару кезінде сотқа беймәлім болған, өздігінен немесе бұрын анықталған мән-жайлармен бірге сотталушы адамның кінәсіздігі туралы немесе оның ауырлық дәрежесі жөнінен өзі сотталғаннан гөрі өзге қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы не ақталған адамның немесе өзіне қатысты іс тоқтатылған адамның кінәлілігін айғақтайтын өзге де мән-жайлар;

5) сот актісін шығару кезінде сот қолданған заңды немесе өзге де нормативтік құқықтық актіні Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің конституциялық емес деп тануы;

6) Кодекстің 71-тарауында көзделген тәртіппен тәркілеу үшін негіз болған қылмыс үшін қылмыстық жауаптылықтан соттың заңды күшіне енген ақтау үкімі не қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасының немесе құрамының болмауына байланысты қылмыстық қудалауды тоқтату туралы қаулы негізінде босату не істі мәні бойынша қараған соттың үкімінде мүлікті тәркілеуді ішінара немесе толық қолданбау;

7) өзіне қатысты іс осы Кодекстің 335-бабы екінші бөлігінің 2) тармағында белгіленген тәртіппен қаралған сотталған адам қылмыстық процесті жүргізетін органға келген жағдайда, оның ерік білдіруі.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

## **№ 1 семинар**

### **Семинар сұрақтары**

**1 сағ.**

1. Сот үкімдері мен қаулыларын орындау сатысының міндеттері және маңызы.

2. Соттың үкімін, қаулысын орындауға кірісудің тәртібі және мерзімі.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

## **№ 2 семинар**

**1 сағ.**

### **Сұрақтары:**

1. Жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты іс бойынша іс жүргізуді қайта бастаудың негіздері, себептері және тәртібі.

2. Іс жүргізуді қайта бастаудың мерзімдері. Жаңадан ашылған мән-жайларға орай іс жүргізу. Прокурордың тексеру немесе тергеу аяқталғаннан кейінгі іс-әрекеті.

3. Соттың іс бойынша іс жүргізуді жанарту туралы мәселені шешуі.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

## **№ 1 КОӨЖ**

**1 сағ.**

**Тапсырма:** Семинар сабағында өзіндік пікірлер негізінде сот үкімдері мен қаулыларын орындау сатысы, жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты іс бойынша іс жүргізуді қайта бастау жүргізу мәселелері. Жеке тұлғаның пікірі бойынша ғалымдыардың қылмыстық процесте пікірлерін талдау.

Процессуалдық құжаттарды толтыру:

1. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істі қайта туралы өтінішті қанағаттандыру туралы қаулы шығару.

**КОӨЖ өткізу нысаны:** Қарастырылып отырған сұрақтардың аспектілік мәселелерін талқылау және процессуалдық құжаттарды толтыру.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

## **КӨЖ**

**1 сағ.**

**Тапсырма:**

### **Сұрақтары:**

1. Сот үкім мен қаулының айырмашылығы неде?
2. Соттың үкімін, қаулысын орындауға кірісудің тәртібі қандай?
3. Сот сотталған адамға туыстарымен кездесуге рұқсат беруге құқылы ма?
4. Үкімді орындау мерзімі?
5. Жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты іс бойынша іс жүргізуді қайта бастау сатысының қадағалау сатысынан айырмашылығы қандай?
6. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істі жаңартудың негіздері?
7. Жаңадан ашылған мән-жайлар туралы іс қозғау негізінің мазмұны қандай?
8. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қылмыстық істі жаңартуға негіз болып табылатын басқа да мән-жайларға қандай фактілер жатады?
9. Домалақ арыз жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істі жаңартуға негіз бола ма?
10. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істі жаңарту қандай ережелер бойынша жүргізіледі?

11. Ауыр қылмыс жасаған үшін заңды қолдану қажет болу себебімен заңды күші енгеніне алты ай болған сәттен жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істі жаңарту ретінде үкімді жоққа шығаруға бола ма?

12. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша прокурордың құзіреті.

13. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша тергеудің мерзімі.

### **Өзіндік бақылау материалдары:**

#### **Конспектiлеу:**

1. «Қазақстан Республикасының судьяларының мәртебесі және сот жүйесі туралы» 2001 жылғы 25 желтоқсандағы ҚР Конституциялық заңы (16.02.2012 ж. өзгертулер енгізілген)

**Негізгі әдебиеттер:**1, 2, 15,20-28,172,173.

**Қосымша әдебиеттер:**40,41,100,118,124,148,161,167,170,171,177,178,184,185,187,189,214,230,.

### **№ 16 - тақырып. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы істер бойынша іс жүргізу.**

#### **Дәріс сұрақтары**

**1 сағ.**

1. Ювеналдық сот ісін жүргізу: ұғымы, шет елдердің тәжірибесі.
2. Кәмлетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы бойынша сотқа дейінгі өндіріске қатысуының ерекшеліктері.

#### **Дәріс тезісі**

Ювеналдық сот әділдігі - бұл қалыпқа келтіру бағдарламасынан тұраын қалыпқа келтіруші аумақтың құқықтық тіреуі, ол алдын-ала анықталған аумақта ведомствоаралық шарттарға сай ортақ мақсат үшін арнайы технологиялар арқылы іске асады.

Әлемдік халықаралық денсаулық сақтау ұйымдарының класификациясы бойынша кәмелетке толмағандармен профилактикалық жұмыс

■ бірінші профилактика бұл қоғамдық сана сезімге салауатты өмір салтын жүргізу туралы ой енгізу және жас балалар ұйымдарымен жұмыс жүргізу

■ екінші профилактика әлеуметтік қоғамға бейімделмеген балалар мен жасөспірімдермен бағытталған жұмыс жүргізу

■ үшінші профилактика рецидив аурулармен, химиялық тәуелді науқастармен мақсатты бағытталған жұмыс (әлеуметтік психологиялық фактілердің төмендеуі)

1.Дисфункционалды жанұя -

Қандайда бір жағдай барысында бұзылған функционалданған жанұя (жанұя мүшесінің жеке ерекшеліктері, элементтік және материалдық жағдайы, жанұя мүшесінің ауруға шалдығуы және т.б) осының нәтижесінде



жанұяның бір немесе бірнеше мүшесінде жеке адамның азғынуына әкеліп соғатын қатынастар пайда болады.

Бұл білдіреді

- жанұя адамның өмірінде кішкентай кезінен бастап рөл атқарады, егер жанұяда қандай да бір мәселелер туындаса бұл балаларға ерекше жат көрінеді.

- егер ата-аналар осы проблемасын шешуге мүмкін болмаса немесе шешкісі келмеген жағдайда баланың «қорғау механизмдері» жұмыс жасайды-бала өз-өзін жақсы сезінетін, оны жақсы көретін, түсінетін, қорғайтын жаққа кетеді.

жанұяның негізгі функциялары:

Тәрбиелеушілік

Шаруашылық-тұрмыстық

Қорғаушылық

Эмоционалды

Рухани, мәдени тіл табысу

Алғашқы әлеуметтік бақылау

Сексуально-эротикалық дамуы.

Жанұяның негізгі дисфункциялары:

Гипоқамқор

Гиперқамқор

Авторитарлық

Қылмысқа жол берушілік

Жанұя ішінднгі қатынастың бұзылуы

Бұл білдіреді нағыз жанұя өз балаларының бақытты болуына, жақсы адам болып өсіп-өнуіне, жақсы білім алуына, өз отаның сыйлап, құрметтеуіне, заңға бағынышты азамат болуы үшін барлық жағдай жасайды.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы істер бойынша қорғаушының қатысуы осы Кодекстің 67 бабының 1 б 2 тармағына сәйкес міндетті

Қылмыстық қудалау органдары мен соттар ҚР Конституциясының 13 бабы 3 бөлігіне сай және ҚПК 27 бабына сай барлық жағдайларда кәмелетке толмаған күдікті, айыпты, сотталушының білікті заң көмегін алу құқығымен қамтамасыз етуі тиіс.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы ерекшеліктеріне жатады. Кәмелетке толмағандардың заңды өкілдері сотқа қатысуға міндетті (ҚПК 75 б, 537 б.)

Кәмелетке толмаған адам осы Кодексте көзделген тәртіппен ұстап алынуы және оған бұлтартпау шарасы қолданылуы мүмкін. Қылмыстық теріс қылық, онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасауда күдік келтірілетін, айыпталатын кәмелетке толмағандарға күзетпен ұстау түрінде бұлтартпау шарасы қолданылмайды.

Бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау, кәмелетке толмағанға ҚПК 128, 147\_баптарында көрсетілген негіздер болса, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған кезде ғана ерекше жағдайларда қолданылуы мүмкін.

Кәмелетке толмағанды ҚПК 151-бабында белгіленген сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында күзетпен ұстау мерзімі алты айдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін.

Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі өндірістің ерекшеліктеріне жауап алудың процессуалды тәртібін жатқызуға болады.

ҚР ҚПК 535-бабына сәйкес, кәмелетке толмаған күдікті, айыпталушыдан жауап алу жалпы негіздер бойынша қорғаушы, заңды өкіл, қажет болған жағдайда – психолог, педагогтің қатысуымен жүргізіледі.

Кәмелетке толмаған күдікті, айыпталушыдан жауап алу күндізгі уақытта және екі сағат сайын үзіліс жасай отырып жүргізіледі, жалпы ұзақтығы – күніне 4 сағаттан астам емес. Кәмелетке толмағанның нақты шаршағаны белгілері анықталға, жауап алу осы мерзімнің өтуіне дейін үзілуі керек.

Он алты жасқа толмаған, сондай-ақ осы жасқа толған, бірақ психикалық дамуында мешеулік белгілері бар кәмелетке толмаған күдіктінің, айыпталушының қатысуымен іс жүргізу әрекетін жүргізу кезінде педагогтің немесе психологтың қатысуы міндетті (ҚПК 538 бап 1б). Он алты жасқа толған кәмелетке толмағандар туралы іс бойынша педагог немесе психолог іске қатысуға тергеушінің, соттың ұйғаруы бойынша не қорғаушының, заңды өкілдің өтініші бойынша жіберіледі (ҚПК 538 бап 2 б).

Кәмелетке толмағанға қатысты қылмыстық істің өндірісін жеке бөлектеу

Ересектермен бірге қылмыстық жауаптылыққа тартылған кәмелетке толмаған айыпталушыға қатысты қылмыстық іс жеке өндіріске бөлектенеді (ҚПК 44 бап 1 бөл 3 тармағы).

Алайда, қылмыстық істің мұндай бөлектенуіне аса маңызды шарт негізінде жол беріледі, егер бұл қылмыстық істің шешілуі алдын ала тергеудің жан-жақтылығы мен объективтілігіне әсер етпесе. Негізінде, егер кәмелетке толмаған қылмыстың орындаушысы, ұйымдастырушысы немесе айдап салушы болған жағдайларда, ересектердің қылмыстық әрекеттерінде белсенді қатысу кезінде бөлектеуге жол берілмейді.

Жеке өндіріске бөлекетген істе міндетті түрде осы қылмыстық іске маңызы бар прокурормен, тергеушімен, анықтаушымен куәландырылған процессуалды құжаттар болуы тиіс. Әдетте мұндай құжаттарда кәмелетке толмағанның тұлғасын, оның өмірі мен тәрбиесі жағдайын суреттейтін, сондай-ақ оның жасы туралы материалдар сақталады.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

## **№ 1 семинар**

### **Семинар сұрақтары**

**1 сағ.**

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында кәмелетке толмаған адамға қатысты істі қарау ерекшеліктері.

2. Кәмелетке толмаған адамды жауапқа шақырту және жауап алу ерекшеліктері

3. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылық туралы істер бойынша қорғаушының, заңды өкілдің, педагог пен психологтың қатысуы.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

## **№ 1 тәжірибелік**

**1 сағ.**

### **Оқу блогы №1**

#### **Тапсырма №1.**

Қалада кәмелетке толмаған және 20 жастан асқан азаматтардан тұратын топтар құрылды. Олардың арасында біршама рет төбелестер орын алды. Әр топтан 15 адамнан құралған кезекті төбелес кезінде аса күшті алкогольдік күйде болған кәмелетке толмаған Бахытов Т.М. азамат Г.А.Семеновтың кеуде тұсын пышақпен жаралап, нәтижесінде оқиға болған орында Г.А.Семенов қаза тапты.

Тергеуші Бахытовтың іс-әрекетін қасақана кісі өлтірумен саралау туралы қаулы шығарып, айыптау актісімен аудандық прокурорға жолдады.

*Тергеушінің әрекетін бағалаңыздар.*

*Кәмелетке толмағандардың ісі бойынша дәлелдеу заты қандай ерекшеліктерге ие?*

*Кәмелетке толмағандарға қатысты қылмыстық іс қозғаудың ерекшеліктері бар ма?*

*Қылмыстық топтың басқа мүшелері жауапкершілікке тартыла ма?*

*Кәмелетке толмағандардың ісі қандай жағдайда жеке іс болып бөлінбейді?*

#### **Тапсырма №2**

Кәмелетке толмаған Рихтер бөтеннің мүлкін ұрлауға байланысты мойындайтындығын айтты. Рихтердің мойындағанынан басқа, оның кінәсін дәлелдейтін басқа дәлелдемелер табылмады.

Тергеуші күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығарып, айыптау актісімен аудандық прокурорға жолдады. Сотқа дейінгі тергеп –

тексеру барысында кәмелетке толмаған Рихтер қорғаушы тағайындаудан жазбаша түрде бас тартып, өз құқықтарын қорғауды өзі жүзеге асырды.

Сот отырысында Рихтер өзінің жауабын өзгертіп, ұрлық жасағанын мойындамады. Рихтердің құқығын қорғаушы адвокат сот отырысында, сотқа дейінгі тергеп- тексеруді жүргізу кезінде жауап алу заң талаптарына сай емес және қорғалуға құқығы бар куәнің құқықтарын бұзуына байланысты өзінің қорғалуындағы Рихтерге ақтау үкімін шығару туралы өтінішхатын мәлімдеді. Сот қорғаушының өтінішхатын қанағаттандырды.

*Жағдайды бағалаңыздар.*

*Күдіктінің мойындап жауап беруін бағалаудың ережесі қандай?*

*Мойындап жауап беру айыптау негізінде болуы мүмкін бе?*

*Қол жеткізілген дәлелдемелерге баға беріңіз.*

*Тергеу жүргізу барысында және басты сот талқылауында ҚПК-тің бұзылуына жол берілген ба?*

## **Оқу блогы №2**

1. Беттестіру тергеу әрекетіне іскерлік ойын өткізу. Курсанттарға рөлдерін бөліп беру, топтан жоғарыда аталған тергеу әрекетін өткізу үшін курсанттар бөлінеді, дәлірек айтсақ, тергеуші, кәмелетке толмаған күдікті, оның заңды өкілі, қорғаушысы, психолог, психиатр. Қалған курсанттар тергеу әрекетіне баға беріп, сарапшы болады.

## **№ 1 КОӨЖ**

**1 сағ.**

**Тапсырма:** Семинар сабағында өзіндік пікірлер негізінде кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы істер бойынша іс жүргізу жүргізу мәселелері. Жеке тұлғаның пікірі бойынша ғалымдыардың қылмыстық процесте пікірлерін талдау.

### **Процессуалдық құжаттарды толтыру:**

1. Кәмелетке толмаған күдіктіден жауап алу хаттамасын құрастырыңыз.

**КОӨЖ өткізу нысаны:** Қарастырылып отырған сұрақтардың аспектілік мәселелерін талқылау және процессуалдық құжаттарды толтыру.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

## **КӨЖ**

**1 сағ.**

**Тапсырма:**

### **Сұрақтары:**

1. Кәмелетке толмағандардан қанша сағат үзіліссіз жауап алынады?
2. Түнгі уақытта кәмелетке толмағанды жауап алуға болады ма?
3. тергеу әрекетін жүргізу барысында қандай жағдайларда педагог пен психологтың қатысуы міндетті.?
4. Кәмелетке толмағанға қатысты «күзетпен ұстау» бұлтарптау шарасын қолдануға болады ма?
5. Кәмелетке толмағанға қатысты күзетпен ұстау максималдық мерзімі?
6. Қандай жағдайларды сотталушы кәмелетке толмағанды сот залынан шығарып жібереді?
7. Кәмелетке толағанның ата-анасы болмаған жағдайда оның заңды өкілі кім бола алады?
8. Қылмыстық іс бойынша кәмелетке толмаған күдікті ретінде танылса қорғаушының қатысуы міндеттіме?

### **Өзіндік бақылау материалдары:**

#### **Конспектілеу:**

1. Декларация прав ребенка от 20 ноября 1959 г. // Права человека. Сборник документов ООН. – М., 1990.
2. Конвенция о правах ребенка 1989 г. (принята 44-й сессией Генеральной Ассамблеи ООН). // Права человека. Сборник документов ООН. – М., 1990.
3. Минимальные стандартные правила отправления правосудия в отношении несовершеннолетних (Пекинские правила). Утверждены Генеральной Ассамблеей ООН 10 декабря 1985 // Сборник международных документов. Вып. 1. – М., 1989.
4. 2002 ж. 11 сәуірден ҚР Жоғары Соттың нормативтік қаулы № 6 «Кәмелетке толмағандармен жасалған қылмыстар, оларды қылмыстық және қоғамға қарсы іс әрекеттер жасауына тарту істер жөнінде соттық тәжірбиелігі туралы» (21.04.2011ж.№ 1 өзгертулер енгізілген).

**Негізгі әдебиеттер:**1, 2, 15,20-28,172,173.

**Қосымша әдебиеттер:**40,41,100,118,124,148,161,167,170,171,177,178,184, 85,187,189,214,230,.

**№ 17 - тақырып. Қылмыстық құдалаудан артықшылықтары мен иммунитеті бар адамдардың істері бойынша іс жүргізу ерекшеліктері.**

#### **№ 1 семинар**

##### **Семинар сұрақтары**

**1 сағ.**

1. Артықшылықтары мен иммунитеті бар адамдарға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы тәртібі.
2. Артықшылықтары мен иммунитеті бар адамдарға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексерудің ерекшеліктері.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

## **№ 2 семинар**

### **Семинар сұрақтары**

**1 сағ.**

1. ҚР Парламентінің депутаты, ҚР Президенттігіне кандидатқа, ҚР Парламентінің депутаттығына кандидатқа, ҚР Конституциялық Кеңесінің Төрағасына немесе мүшесіне, судьяға және ҚР Бас Прокурорға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексерудің ерекшеліктері. Қылмыстық-процессуалдық артықшылықтарын айыру тәртібі.

2. Дипломатиялық және консульдық иммунитеттердің ара қатынасы.

3. Қылмыстық қудалаудан иммунитеттері бар адамдарға қатысты процессуалдық әрекеттерді қабылдаудың ерекшеліктері.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

## **№ 1 тәжірибелік**

**1 сағ.**

### **Оқу блогы №1**

#### **Тапсырма №1.**

Қарағанды облысы ІД тергеушісі полиция подполковнигі Самойлов С.Д. №1234 аудандық соттың судьясы Ивановтың пара алуы бойынша қылмыстық ісін өз өндірісіне алып, соңғыны ҚР ҚПК 128-б.бойынша ұстау туралы шешім қабылдады. Одан соң қадағалаушы прокурор Ивановты УҰИ-нан босатып, қылмыстық- процестік заңнаманы бұзғаны үшін тергеушіні жазалау туралы ұсыным жазып ІД бастығына жіберді.

*Судьяның қылмыстық жауапкершілікке тартылу тәртібі қандай?*

*Тергеушінің әрекетін бағалаңыз.*

*Прокурордың әрекетін бағалаңыз.*

*Аталған мән- жай бойынша сіз қалай етер едіңіз?*

## **Тапсырма №2**

20.05.2015 ж. Астана қ.ІД кезекші бөліміне Горький көшесі 4 –үй, 56-пәтерде адам өлтіру фактісі туралы хабарлама келіп түсті. Хабарлама бойынша шыққан жедел-тергеу тобы аталған пәтерге кіре алмады, себебі ҚР-дағы АҚШ-ң елшілікті қорғау қызметкерлерімен және елшілік өкілдерінің айтуы бойынша бұл пәтер ҚР-дағы АҚШ-ң елшілігіне тиесілі және экстерриториялылығы бойынша қолданылады. Одан басқа, елшілік өкілі аталған қылмыс бойынша өздері қарастыратындығын, себебі жәбірленуші АҚШ-ң азаматы екендігін мәлімдеген.

*Жағдайды бағалаңыз.*

*Процессуалдық шешім қабылдаңыз.*

*Қабылданған шешімнің орындалу тәртібін айқындаңыз.*

## **Оқу блогы №2**

1. ҚР Парламенті күдікті депутатының іс - әрекетін саралау туралы қаулы шығарыңыз.

### **№ 1 КОӨЖ**

**1 сағ.**

**Тапсырма:** Семинар сабағында өзіндік пікірлер негізінде қылмыстық құдалаудан артықшылықтары мен иммунитеті бар адамдардың істері бойынша іс жүргізу ерекшеліктері жүргізу мәселелері. Жеке тұлғаның пікірі бойынша ғалымдыардың қылмыстық процесте пікірлерін талдау.

### **Процессуалдық құжаттарды толтыру:**

1. Күдікті Қазақстан Республикасы Парламентінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы құрастырыңыз.

**КОӨЖ өткізу нысаны:** Қарастырылып отырған сұрақтардың аспектілік мәселелерін талқылау және процессуалдық құжаттарды толтыру.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

### **КӨЖ**

**1 сағ.**

### **Тапсырма:**

### **Сұрақтары:**

1. Қылмыстық істі жүргізу барысында иммунитеті бар тұлғалар ретінде кімдер танылады?

2. Күдікті Қазақстан республикасы Парламенті депутаты болса оның іс-әрекетін саралу туралы қаулыны қаулыны кім шығарады?

3. Қазақстың Республикасы Конституциялық Кеңесі мүшелерін ұстау тәртібі?

4. Судьяларға қатысты «күзетпен ұстау» бұлтартпау шарасын қолдану тәртібі.

5. Шет ел өкілдіктеріне тінту жүргізу тәртібі?

### **Өзіндік бақылау материалдары:**

#### **Конспектiлеу:**

1. «Халықаралық құқықтық ынтымақтастықты жүзеге асырған кезде заңдардың қолданылуын прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР БП 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №166 бұйрығы.

2. «Дипломатиялық өкілдіктерінің немесе шетелдіктердің тұтқындау және қамауда ұстау туралы шет мемлекеттердің консулдық мекемелерінің хабарлау үшін ережесін бекіту туралы» ҚР БП 03.09.2014ж. №89 бұйрығы

**Негізгі әдебиеттер:**1, 2, 15,20-28,172,173.

**Қосымша әдебиеттер:**40,41,100,118,124,148,161,167,170,171,177,178,184,185,187,189,214,230,.

### **№ 18 - тақырып. Есі дұрыс емес адамдарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істер бойынша сот ісін жүргізу.**

#### **№ 1 семинар**

#### **Семинар сұрақтары**

**1 сағ.**

1. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану бойынша іс жүргізу үшін негіздер.

2. Қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті есі кіресілі-шығасылы күйде жасаған немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан кейін психикасы бұзылуымен ауырған адамға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында іс жүргізу ерекшеліктері.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектiлеу керек.

**Негізгі әдебиеттер:**1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.



## № 2 семинар

### Семинар сұрақтары

1 сағ.

1. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істер бойынша дәлелденетін мән-жайлардың ерекшеліктері.

2. Қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті есі кіресілі-шығасылы күйде жасаған немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан кейін психикасы бұзылуымен ауырған адамға қатысты қауіпсіздік шараларын қамтамасыздандыру.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

## № 1 тәжірибелік

1 сағ.

### Оқу блогы №1

#### Есеп №1.

Күдікті Гранинге байланысты тергеу әрекеттерін жүргізу барысында тергеуші оның іс-әрекетінде ерекшеліктердің бар екенін және қойылған сұрақтарға жауап беруде біршама олқылықтарды байқады. Граниннің психикалық жай-күйінің дұрыстығына күмәнданып, тергеуші сот-психиатриялық сараптама тағайындады. Сот-психиатриялық сараптаманың қорытындысына сәйкес Гранин қылмыс жасау сәтінде қылмыстық қауіптілікті сезінген, бірақ қылмыс жасағаннан кейін уақытша психикалық күйзеліске түсіп, оның медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасына мұқтаждығын айтқан.

Психикалық жай-күйін анықтау барысында Гранин күзетпен ұсталып отырған.

*Жағдайды бағалап, істің әрі қарайғы дамуын баяндаңыздар.*

*Гранинге қатысты мәжбүрлеу шарасы дұрыс қолданылды ма?*

*Психикалық ауруға ұшыраған тұлғаларға байланысты тергеп-тексеруді аяқтаудың тәртібі қандай?*

*Уақытша психикалық күйзеліске түскен тұлғалар бойынша тергеп-тексерудің реті қандай?*

*Аталған іс бойынша күдіктіге медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданумен байланысты сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімін үзуге бола ма?*

## Есеп №2

С.Тупиковке қатысты қылмыстық істі тергеу барысында күдікті О.Шулаев сот-психиатриялық сараптаманың қорытындысына сәйкес қылмыс жасау сәтінде психикалық күйзелісте болған, яғни қылмыстық қауіптілікті сезінбеген және өзінің іс- әрекеттерін басқара алмаған. Қазіргі уақытта (сараптама өткізу уақытысында) күдікті Шулаев психикалық күйзелісте емес және тергеулік, соттық іс- әрекеттерде қатыса алады. Осы жағдайды ескере отырып, тергеуші күдіктіге қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы өтінішхатын сотқа мәлімдеді. Бірақ, прокурор санкция беруден бас тартып, бұлтартпау шарасыны ешқайда кетпеу және тиісті мінезқұлқы туралы түріне өзгертті, себебі күдіктінің қарауында жас балалары бар.

*Жағдайды оқып, прокурор мен тергеушінің іс- әрекетінің дұрыстығын бағалаңыздар.*

*Сұрақты шешуде өз нұсқаңызды ұсыныңыз.*

*Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданудың негізі қандай?*

*Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданудың шарттары қандай?*

*Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылатын тұлғалар шеңберін айтыңыз.*

## № 1 КОӨЖ

1 сағ.

**Тапсырма:** Семинар сабағында өзіндік пікірлер негізінде есі дұрыс емес адамдарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істер бойынша сот ісін жүргізу жүргізу мәселелері. Жеке тұлғаның пікірі бойынша ғалымдыардың қылмыстық процесте пікірлерін талдау.

### **Процессуалдық құжаттарды толтыру:**

1. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану үшін істі сотқа жіберу қаулысын құрыңыз.

**КОӨЖ өткізу нысаны:** Қарастырылып отырған сұрақтардың аспектілік мәселелерін талқылау және процессуалдық құжаттарды толтыру.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

**Тапсырма:****Сұрақтары:**

1. Медициналық айықтырғыштарға мәжбүрлеп емдеу туралы шешемі шығару барысында қорғаушының қатысуы міндеттеме?
2. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталағанда тергеуші қандай шешім қабылдауы тиіс?
3. Күдіктіні медициналық айықтырғыштарға мәжбүрлеп жіберу бойынша қылмыстық істер қысқартылуға жатама?
4. Күдіктіні медициналық айықтырғыштарға мәжбүрлеп жіберу шешімін шығару соттың қызметі?

**Өзіндік бақылау материалдары:****Конспектілеу:**

1. 1999 ж. 19 шілдеден ҚР Жоғары Сот Пленумының қаулы № 8 «Медициналық сипаттама мәжбүрлеу шаралар қолдану бойынша сот тәжірбиесі жөнінде» (2014 ж.24 желтоқсан өзгертулер мен толықтырулармен).
2. 2002 ж. 11 сәуірден ҚР Жоғары Сот нормативтік қаулы № 7 «Ауруымен байланысты жаза өтеуден босату туралы» (21.04.2011ж.№ 1 өзгертулер енгізілген).

**Негізгі әдебиеттер:**1, 2, 15,20-28,172,173.

**Қосымша әдебиеттер:**40,41,100,118,124,148,161,167,170,171,177,178,184,185,187,189,214,230,.

**№ 19 - тақырып. Қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы халықаралық ынтымақтастық.****№ 1 семинар****Семинар сұрақтары****1 сағ.**

1. Шетелдіктерге және ҚР аумағынан тыс жерлерде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған Қазақстан азаматтарына қатысты қылмыстық қудалауды жүзеге асыру тәртібі.
2. Ұстап беру туралы талаптың мазмұны мен нысаны. Ұстап беру туралы талаптың орындалу тәртібі. Берілген адамның қылмыстық жауаптылық шектері. Ұстап беруден бас тарту негіздері.
3. Әдеттен тыс /экстрадиционный/ күзетпен ұстау. Транзиттік тасымалдау. Заттарды беру.

**Тапсырма:** Жоғарыда көрсетілген семинар сабағы сұрақтарының жауаптарына жазбаша және ауызша нысанда дайындалу керек. Осы тақырып бойынша қажетті нормативтік-құқықтық актілерді конспектілеу керек.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

**№ 1 тәжірибелік**

**1 сағ.**

### **Оқу блогы №1**

#### **Есеп №1.**

Р.Н. Замятин Ресей Федерациясының азаматы бола тұрып, Қазақстан территориясында қарақшылық шабуыл жасап, кейін Қазақстаннан шығып кеткен. Осыған байланысты тергеуші қылмыстық істің мерзімін үзді, ҚР ҚПК 456.76.2т.бойынша істі қадағалаушы прокурорға берді. Қалалық прокурор қылмыстық қудалауды жүзеге асыру жөнінде өтінішхат жасап, барлық материалдарды Қазақстандағы РФ-ң елшілігіне жіберді.

*Жағдайды талдаңыздар.*

*Тергеушінің қызметін бағалаңыздар.*

*Прокурор шешімі заңды ма?*

*Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру үшін материалдарды жіберу тәртібі қандай?*

#### **Есеп №2**

21.05.2015 ж. Тергеушіге келесі ақпар келді: Омск қаласының Заречный көшесі 12 үй тұрғыны А.С. Жемчужная 30.05.2015ж. сағ.10.00 Орталық ПБ келуі керек. Аталған мерзімде келмеген күдікті бойынша тергеуші Омск қаласына келесі жағдайларды көрсетіп тапсырма жіберді:

- Күдікті А.С. Жемчужинаның іс-әрекетін ҚР ҚК 188б. 2б. 3т. бойынша саралау туралы қаулыны жариялау

- Іс материалдарымен танысудан бас тарту туралы арыз алу, себебі ол материалдармен сотта танысады;

- Сотқа келу туралы міндеттеме алу, олай етпеген жағдайда сырттай сотталатын болады.

- Орындалуын кешіктірмеуіңізді өтінемін.

*Жағдайды талдаңыздар.*

*Тергеуші әрекетін бағалаңыз.*

*Қылмыстық іс бойынша құқықтық көмек көрсету туралы тапсырма жіберу тәртібі қандай?*

*Құқықтық көмек көрсету тәртібі қандай нормативтік құқықтық актілермен реттеледі?*

## № 1 оқу блогы

### Есеп №1

ҚР Генерал прокуратурасына РФ генерал прокуратурасынаң П.Ивановтің РФ жерінде бола тұра құқық бұзушылық бойынша ісі келіп түсті. Ресей Федерацияның шағымдамасында П.Ивановқа қатысты тергеу әрекеттерін өткізу туралы көрсетілген яғни ол ҚР ның азаматы болғандықтан. Генералды прокуратурасы келіп түскен шағымдаманы қаңағаттандырды.

1. Қандай істермен нұқсандалады сол шағымдама?
2. РФ Генералды прокуратурасы сондай шағымдама жолдауға заңды күші барма?
3. ҚР Генералды прокуратурасы РФ генералды прокуратурасының шағымдамасын қаңағаттандырғандығы дұрыс па?

### Есеп №2

2016 жылы 10 мамыр айында қылмыстық істі тергеу кезінде Семей қаласының ІІБ ның тергеушісі Тулиев РФ жерінде тұратын Б.С. Бабажаевті жауап алуға шақыру туралы РФ ІІМ не сұрау жолдайды.

2016 жылы 12 мамыр айында Б.С.Бабажаев Семей қаласына келіп тергеуші Тулиевке куә ретінде жауабын береді.

2016 жылы 14 мамыр айында Б.С.Бабажаев куә ретінде жауап алуға шақырылынады бірәқ ол уақыты жоқ екендігін негіздей отыра келмейді тағыда шақырылынған ол тағыда келмейді үшінші рет шақырылып отырған ол тағы да келмейді.

Ондай жағдайда 2016 жылы 24 мамыр айында тергеуші РФ ІІМ не ҚР мен РФ арасындағы өз ара келісім шарт бойынша басшылыққа ала отыра ол адамды алып келу туралы қаулы шығарып жолдайды.

1. Осы жағдайды қорытындыланызшы.
2. Осы жағдайға қандай баға бересіз.
3. Заңды шешім қабылданыз.

## № 2 оқу блогы

1. Уақытша қылмысқа тарту бойынша ұсынылымдамның шағымдамасын тізу.

### № 1 КОӨЖ

1 сағ.

**Тапсырма:** Семинар сабағында өзіндік пікірлер негізінде қылмыстық сот ісін жүргізу саласындағы халықаралық ынтымақтастық жүргізу мәселелері. Жеке тұлғаның пікірі бойынша ғалымдыардың қылмыстық процесте пікірлерін талдау.

### Процессуалдық құжаттарды толтыру:

1. №2 тапсырма бойынша құқықтық көмек көрсету туралы тапсырма құру.

**КОӨЖ өткізу нысаны:** Қарастырылып отырған сұрақтардың аспектілік мәселелерін талқылау және процессуалдық құжаттарды толтыру.

**Негізгі әдебиеттер:** 1,2, 3,20-28,31,87,187.

**Қосымша әдебиеттер:** 47,55,72,99,109,112,113,118,143,148,149,172, 173,177,178,230,231,240,243.

**КӨЖ**

**1 сағ.**

**Тапсырма:**

**Сұрақтары:**

1. Құқықтық көмектің түрлері?
2. Құқықтық көмек көрсетуге нұсқау берудің тәртібі?
3. Құқықтық көмек көрсету туралы өтінішті орындау тәртібі?
4. Қай кезде экстрадиция жүргізіледі?
5. Экстрадициялау барсында «күзетпен ұстау» бұлтартпау шарасының уақыты қалай есептеледі?

**Өзіндік бақылау материалдары:**

**Конспектiлеу:**

1. 2002 жылғы 7 қазандағы Кишинев қаласында қабылданған, Қылмыстық, азаматтық және отбасылық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынас туралы Конвенция (10 наурыз 2004 жылғы № 531 ҚРЗ).

2. 1993 жылғы 22 қаңтардағы Минск қаласында қабылданған, Қылмыстық, азаматтық және отбасылық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынас туралы Конвенция, 28.03.1997ж. өзгертулер мен толықтыруларымен.

3. «Халықаралық құқықтық ынтымақтастықты жүзеге асырған кезде заңдардың қолданылуын прокурорлық қадағалауды ұйымдастыру туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 30.12.2014ж. №166 БП бұйрығы.

**Негізгі әдебиеттер:** 1, 2, 15,20-28,172,173.

**Қосымша әдебиеттер:** 40,41,100,118,124,148,161,167,170,171,177,178,184,185,187,189,214,230,.

### **3.10. Пәнді оқыту бойынша әдістемелік ұсыным**

Қылмыстық іс жүргізу - барлық болашақ заңгерлер үшін оқытылатын пән. Қылмыстық процестік құқық қазақстандық құқықтың қажетті салаларының бірі ретінде міндетті оқытылады. Бұл кең және күрделі құқық саласы. Ол соттардың әділ үкім шығаруын және қылмыстық заңды дұрыс қолдануды қамтамасыз етеді, қылмыстың жылдам және толық ашылуына, қылмыстық іс жүргізуде қылмыстық жауапқа тартылатын, қылмыс жасаған тұлғалардың әділ жазасын алуға кепілдік береді.

Қылмыстық іс жүргізу курсы салалық; арнайы және маңызды оқу пәні болып саналдады, сол себепті ішкі істер министрлігінің жоғарғы және орта оқу орындарында міндетті түрде оқылынады, себебі аталған оқу орындары практикаға алдын ала тергеу жүргізу үшін тергеушілер мен анықтаушылар және жедел іздестіру қызметін жүзеге асыратын мамандар дайындайды.

Қылмыстық процесс курсы курсанттардың білімді толық игеріп, кәсіптік іскерлігін жоғарғы дәрежеде қолдануға үйретеді. Олардың білімдерін шындай түсуге және ылғи жаңартып отыруына ықпал жасайды, заң саласындағы болашақ мамандарды жаңа заманның және демократиялық құқықтық мемлекеттің мүддесін қорғауға тәрбиелейді.

Пәнді оқудың міндеттері:

а) қылмыстық іс жүргізу теориясының ережелерін, қылмыстық сот өндірісі аумағында алдын ала тергеу, прокуратура және сот органдары қызметінің маңызын білуде;

б) анықтама және тергеу органдарының қызметінде болып тұратын жағдайларда қылмыстық-процессуалдық нормаларды қолдану іскерлігі және әдетін курсанттарға қалыптастыру;

в) қылмыстық істі тергеу және процессуалдық құжаттарды құру барысында дәлелді шешімдер қабылдау іскерлігін үйрету;

г) қылмысқа қарсы күресті жүзеге асыруда курсанттарға заңдылықты қатал сақтау қажеттілігінің сенімін, мемлекет, қоғам және Қазақстан Республикасы азаматтарының алдындағы борышы мен жауапкершілік сезімін қалыптастыру.

Курсанттар келешекте кәсіпкер заңгер болуы үшін мынандай талаптарға сәйкес болуы керек:

1) қылмыстық іс жүргізу теорияларын толық меңгеріп алдын-ала тергеу прокуратура және сот органдарының қылмыстық іс жүргізудегі міндетін толық білу және басқа да заңдардың, нормативтік актілерін толық меңгеру;

2) қызмет бабында алдын-ала тергеу және жедел іздестіру жұмыстарында кездесетін кейбір ерекше жағдайларды, өздері игерген жоғарғы деңгейдегі білімдердің негізінде, дұрыс шешу;

3) өзі игерген білім мен тәжірибе негізінде процессуалдық құжаттарды алдын-ала тергеу және анықтама жүргізуде дұрыс жасау.

Оқу материалдарын ойдағыдай игеру үшін сабақ жүргізуге арналған жоспар курсанттарға мынандай талаптар қояды:

Өз бетімен білімін толықтыру әдістемелерін ұғымды пайдалана білу және кәсіптік ақпараттарды өз бетімен іздестіріп, өңдеп және игере білу. Шығармашылық жұмыстарды ғылыми ұйымдастыру әдістерін ұғымды пайдаланып, жариялықпен демократияландыру процесінің дамуына орай, заңдарға өзгертулер мен толықтыруларды, ішкі істер органдарындағы өнегелі тәжірибелерін еске ала отырып, өз бетімен жұмысын бағдарлап және соған сәйкес қайта құра білу.

Қылмыстық істер жүргізуді оқып үйренуде, бүкіл оқу курсының мазмұны мен идеалық мән-мағнасын түсіндіріп беретін, негізгі де жетекші роль атқаратын - дәріс.

Курсанттар дәрісті тыңдап қана қоймай, дәріс оқушының ой пікіріне мұқият назар салып, оның негізгі керекті жерлерін жазып алулары керек, яғни дәрісті конспектілеп отыру керек. Бұл курсантқа көп көмек береді.

Жазып алған дәрістің конспектісін семинар сабақтарына өз бетімен дайындалу барысында оқып, керекті жерлеріне тиісті өзгертулер мен толықтырулар енгізу де өте пайдалы.

Кезекті дәрістің алдында өткен дәрістегі мәселелерді еске алып дәріс болатын тақырып бойынша әдебиеттер мен монографиялармен алдын ала танысу, дәріс оқылатын жаңа тақырыпты игеруге үлкен пайдасын тигізеді.

**Семинар сабақтары** сол тақырып бойынша дәріс оқылғаннан кейін жүргізіледі. Семинар курстың негізгі және күрделі деген тақырыптарын тереңдете оқып түсінуге жағдай жасайды. Семинар сабағында дәріс сұрақтары қайталанбауы мүмкін, семинар сабағының жоспары бойынша тыңдаушылар талқылауға қатысып, өздерінің дайындығын көрсетеді, сондықтан да олар семинар сұрақтарына жауап беруге әрқашан дайын болулары керек.

Курсанттар семинар сабағында белгілі бір тақырыпты меңгеру үшін өз бетімен тиісті арнайы және қосымша оқулықтарды, заңнама нормаларын және өзге де құқықтық нормативтік актілерді зерделеп, дәріс дәптерінде жазған жазбалары бойынша дайындалады. Сонымен бірге курсанттар семинар сабағында тиісті заңдар мен нормативтік актілерді талқылайды, конспект жасайды. Курсанттардың білімдері семинар сабағына қойылған сұрақтарға жауап беру нәтижесінде бағалынады.

Семинар сабағында талқыланатын сұрақтарды оқу «Заңнан - практикаға, заң қолдану проблемасынан - заңды және алдын ала тергеу органдарының қызметін жетілдіруге» деген схемасы бойынша оқып-үйрену ұсынылады.

Семинар сабақтарының түрлері мынадай: қойылған сұрақтарға жауап беру, рефераттарды талқылау, турнирлік ойындар, баспасөз конференциясы, «дөңгелек стол» және т.б. Осы көрсетілген сабақтардың түрлерін қолдана отырып кез- келген тақырып бойынша семинар сабағын жүргізуге болады.

Сабақты жүргізу формасына қарамастан, әрбір тыңдаушы талқыланатын мәселе бойынша өз пікірін ортаға салып және өз көзқарасын дәлелді түрде қорғай алуы қажет. Ішкі істер органдары қызметіндегі қайта құру істері мен тәжірибені теориямен байланыстыра отырып, баяндама жасаған ой салатын сын айта білген тыңдаушыларды кафедра ынталандырып отырады.

**Тәжірибелік сабақтар** жалпы ереже бойынша үш кезеңнен құралады:

1 - практикадан туындаған жағдайлар бойынша есеп шығару; 2 - іскерлік ойындар (тергеуші, анықтаушы, прокурор, судья рольдерін іс жүзінде атқару); 3- процессуалдық құжаттарды жасау.

Практикадан туындалған жағдайлар бойынша есеп шығару үшін тыңдаушыларға мынандай әдістеме ұсынылады:

1. Ең алдымен негізгі тақырыптың мазмұнын толық түсініп біліп алу және мына сұрақтарға жауап беру керек: практикадан туындаған



жағдайларда не көрсетілген; тергеліп жатқан оқиғаның қылмыстық құқылық дәрежесі қандай; тергелетін жағдайда қатысушы кім; тергеуші немесе анықтама жүргізуші адам қандай қылмыстық процессуалдық шешім қабылдады; қандай дәлелдемелер бар, айыпталушының (сезіктінің) көзқарасы қандай, мәселе бойынша шешім қабылдау үшін тергеушіге (жедел іздестіру қызметкеріне) қанша уақыт берілген, қылмыстық істер жүргізу заңы бұзылған ба, қылмыстық істегі дәлелдемелер қалай бағаланған және т.б.

2. Курсант негізгі (бастапқы) мәліметті талдау нәтижесінде, тапсырманы орындау үшін, мына мәселелерге жауап іздеу керек: шығаратын есеп бойынша нені табу, нені дәлелдеу немесе кімді әшкерлеу керек, нені түсіндіріп, қандай ұсыну жасау керек.

3. Тапсырманы орындаудың келесі бір жолы оның шешімін іздестіру болып саналады. Бұл жөнінде курсанттар нормативтік материалдарды (Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексі, басқа заңдар, өзге нормативтік ведомстволық нормативтік актылар) басшылыққа алулары тиіс. Тек сонда ғана қылмыстық іс жүргізу қағидаттарының талаптары сақталынады.

4. Белгілі бір шешімін қабылдар алдында курсант мынандай ережені естен шығармау керек: егер әлде кім есеп бойынша қабылданған шешім жалғыз ғана дұрыс шешім деп ойласа, онда оның қателескені. Соңдықтан да әрқашан шешім қабылдаудың баламалы жолын қарастыру керек.

5. Қабылданған шешім қылмыстық істер жүргізу заңының тиісті нормаларына, қажет болған жағдайда басқа да құқықтық нормативтік ведомстволық актілерге негізделуі тиіс.

Курсанттар практикадан туындалған жағдайлар бойынша есеп шығаруды сабаққа өз еркімен дайындалатын уақытта орындап, шешімдерін арнаулы дәптерлерге жазулары керек, ал сабақтың үстінде өздерінің шешімдерін мынандай тәртіппен баяндауға тиіс: 1. Іс бойынша тек керекті құқықтық маңызы бар фактілерді көрсету; 2. Тергеу ситуациясын талқылау; 3. Қойылған сұрақтарды атап, оларға толық және дәлелді жауап беру.

**Іскерлік ойын** жүргізу дегеніміз қылмысты ашу жолындағы тергеуші мен жедел іздестіру қызметкерінің жүргізетін іс-әрекеттерінің үлгісін жасау. Бұл әрбір тергеу ситуациясын және іс жүргізуге қатысушылардың психологиясын түсінуге көмектеседі.

Іскерлік ойынды пайдаланып жүргізулетін жаттығу сабақтары бірнеше кезеңге бөлінеді.

**1 – ші кезең:** Рольдерді бөлу.

Курсанттар арасынан роль ойнайтындар белгіленеді. Тергеу судьясынан күдіктіні күзетпен ұстау үшін рұқсат (санкция) алу жағдайында, бір курсант тергеу судьясының, екінші курсант тергеушінің, үшінші – күдіктінің ролін атқарады.

Басқа қалған курсанттар екі топқа бөлінеді де, бірінші топ - сарапшы ретінде «тергеушіге» баға береді, екінші топ – «прокурорға» баға береді.

**2 – ші кезең:** Оқу тапсырмасын анықтап, іскерлік ойынды жүргізуді дайындау.

Бұл кезеңде курсанттар өздеріне жүктелген міндеттеріне сәйкес (прокурор, тергеуші) жоспар жасайды, ал эксперт ретінде баға беретін курсанттар сын айтуға дайындалады.

**3 – ші кезең:** Іскерлік ойынды жүргізу. Әрбір курсант өзінің жоспары және сценарий бойынша іс жүргізуге қатысады. Ал эксперт курсанттар олардың әрекеттерін мұқият бақылап отырады.

**4 – ші кезең:** Іскерлік ойынды талқылау. Курсант-сарапшылар әрбір ойынға қатысқан тыңдаушыға баға береді, олардың шешімдеріндегі дұрыс және қателіктеріне тоқталады. Содан кейін барлық курсанттар іскерлік ойын барысында туындаған мәселелерді және іскерлік ойынның нәтижесін талқылауға қатысады.

**5 – кезең:** Қорытынды жасау. Сабақ жүргізген оқытушы іскерлік ойын барысын талдап, курсанттардың жауабына баға береді және жіберілген қателерді айтып, оны болдырмаудың тиімді жолдарын көрсетеді.

Процессуалдық құжаттарды жасау алдын ала тергеу органдары қызметкерлерінің процессуалдық мәдениеттілігін қалыптастыруға ықпал жасайтын практикалық сабақтардың маңызды бөлімдерінің бірі. Процессуалдық құжаттарды жасау үшін курсанттарға мынандай ұсыныс жасаймыз:

1. Бастапқы мәліметтермен танысып, олардың мазмұнын түсінгеннен кейін, қандай процессуалдық құжаттар дайындау керектігін анықтаныздар.

2. Процессуалдық құжаттардың түрлері мен мазмұнын көрсететін ҚПК-нің қажетті баптарын оқыныздар.

3. Кафедраның оқу-әдістеме кабинетіндегі мұрағатта жатқан қылмыстық істерді оқу керек. Осы істердегі құжаттарға сын көзбен қарап, олардың заңдылығына, орындылығына, негізділігіне баға беру керек.

4. Процессуалдық құжаттарды курсанттар практикалық сабақ үстінде жазады. Құжат жасауда тиісті көмек көрсететін оқулықтарының бірі, біздің кафедра мұғалімдері дайындаған, профессор А.Н. Ақпанов және кафедра профессоры Қ.У. Ташибаевтың жалпы редакциялауымен баспадан шыққан – «Алдан-ала тергеу сатысындағы құжаттар үлгілері». Қарағанды, 2001ж. және А. А. Жукобаев. Бөтеннің мүлкін ұрлауға қатысты қылмыстық істі тергеу /Т.Е. Сәрсенбаев, С.В. Смирнов, А.Л. Ханның жалпы редакциясынан.- Қарағанды, 2010.

5. Сабақ үстінде жазылған құжаттар талқыланады, қателіктері мен кемшіліктері айтылады, содан кейін әрбір курсант, жазған құжаттарын сабақта оқытушыға тапсырады.

**Өздік дайындық -** ол курсанттармен өз бетінше ұсынылған негізгі әдебиеттерді және қосымша әдебиеттерді және де басқа да ақпараттық көздерден алынған әдебиеттерді оқып тақырыптың маңызын терен түсінеді. Сонымен қатар жазбаша тапсырмаларды дайындау және құрастыру жүзеге асырылуы мүмкін (реферат, баяндама, коллоквиум и т.б.) осы аталғандар семинарлық және тәжірибелік сабақтарда қарастырылып талқыланады.

Өздік дайындық сағатында сонымен қатар алда болатын семинарлық және тәжірибелік сабақтарға дайындалу жүзеге асыралады, онда дәптерлерінде қарастырылуға жататын негізгі сұрақтар құрастырылады.

### **3.11. Курстық және тәжірибелік жұмыстарды орындау бойынша нұсқаулық пен әдістемелік ұсыным.**

## **ЖАЗБА ЖҰМЫСТАРЫН ЖАЗУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ**

### **Кіріспе**

Курсанттармен жазба жұмыстарын жазудың және курстық жұмыстарын қорғауларының әдістемелік нұсқаулары

- Бағамдық жұмыстың міндеттері
- Бағамдық жұмыстардың орындалуының негізгі кезеңдері
  - Тақырыпты таңдау
  - Жұмыстың бастапқы жоспарын құрастыру
  - Библиографияны құрастыру, әдебиеттерді, статистикалық және басқа да әдебиеттерді, нормативті-құқықтық актілерді, жергілікті және құқыққорғау тәжірибесінде жарияланған материалдарды оқу, сонымен қатар материалдарды жинақтап оларды конспектілеу
    - Мәтіннің бірінші нұсқасын (черновикті) жазу
    - Жұмыстың түпкілікті нұсқасын орындау
    - Сыртқы беттің үлгісі
    - Жұмыс жоспарының үлгісі
    - Әдебиеттер тізімінің үлгісі
    - Әдебиеттердің сілтемелерін рәсімдеудің үлгісі
    - Курстық жұмысты тексеруге және пікір беруге тапсыру
    - Курстық жұмысты қорғау
    - Курстық жұмысты орындау кезінде тыңдаушылармен жіберілетін қателіктер

### **КІРІСПЕ**

«Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік құқығы» пәнінің оқыған кезде курсанттармен міндетті түрде жазба жұмыстың екі түрі орындалуы мүмкін:

- курстық жұмыс (оқып жатқан курсанттардың барлық түрлері үшін);
- бақылау жұмысы (сырттай оқып жатқан курсанттардың барлық мамандықтары үшін);

Сонымен қатар курсанттардың рефераттар, баяндамалар, баяндамалардың тезистерін, баяндаулар жазу арқылы кафедраның ғылыми - зерттеу жұмысына қатысқандықтары ескеріледі.

Жазба жұмыстары оқу түрінің ең тиімдісі болып табылады, ол «Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік құқығы» пәнінің тереңірек оқып түсінуге септігін тигізеді, курсанттардың ой-өрістерін жеткізе білулеріне, жиналған (теориялық және тәжірибелік) материалдарды қорыта білулерін дамытады және жұмыс бойынша жасаған қортындыларын дәлелдеуге үйретеді.

Сондай-ақ курсанттың курсты қаншалықты терең меңгергендігі немесе тақырыпты дұрыс таңдағаны онымен тырысып орындалған жазба жұмысынан көрінеді.

Жазба жұмыстың негізгі түрі - бағамдық жұмыстың сәтті орындалуы үшін және де басқа да жұмыстарды жазған кезде қолдануға болатын келесі нұсқаулар назарларыңызға ұсынылады.

### **Оқытудың барлық түрлерінде оқитын курсанттармен курстық жұмыстарын қорғау мен орындау бойынша** **ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Курстық жұмыс курсанттардың ғылыми-тәжірибелік жұмыстарының бір түрі болып табылады (рефераттарды жазу, курсанттармен конференцияларында баяндамалармен сөз сөйлеуі және т.б.).

Курстық жұмыстың сәтті орындалуы курсанттың көрсеткіші болып табылады:

- курсантпен «ҚР қылмыстық процестік құқығы» оқу пәні бойынша материалдарды зерттеп ұғудың,
- әдебиеттермен (монографиялық, оқу, жалпы және арнайы әдебиеттермен), нормативті-құқықтық актілермен, соттық және тергеу тәжірибесінің материалдарымен жұмыс жасауды үйренудің,
- курсанттың қылмыстық процестік құқығының мәселелеріне өз еркімен талдау жасауды білудің,
- өзінің жұмыстарының қортындысын жазбаша түсіре білудің.

Белгілі тарихшы Т. Шанин айтқандай, «ауызша сөйлеуге карағанда, жазба жұмысы ойлау қабілетін көбірек дамытады»

Ауызша тіл – бұл білімді тексерудің тәсілі, онда курсанттың риторикалық қабілетілігі тығырықтан шығуға көмек береді. Жазбаша жауап берген кезде сен қолма - қол тексеруге болатын бір ойды қағазға жазасын, сондықтан - да тек қана өз ойынды жаза білу, қазіргі кездегі бар ең күшті тренинг болып табылады. Ең жақсы ағылшын университеттерінің студенттері көп уақыттарын сыныптан гөрі, кітапханаларда өткізетіндері тек емес. Кітапханада оқырман кітаптарды оқып отырып, тақырыбына қатысты ойларды тудырады, оларды жазады.

Курсант курстық жұмыс, ол басқа да жұмыстарды (біліктілік жұмыстарды және магистірлік диссертацияларды) жазудың маңызды сатысы болып табылатының ұмытпауы керек

## **Курстық жұмысты орындаудың негізгі кезендері.**

### **1. Тақырыпты таңдау.**

Күндізгі оқу факультетінің курсанттары осы оқу жылына берілген бағамдық жұмыстардың тақырыптарымен танысып, өздерін қызықтыратын тақырыпты тандап кафедра лаборантында бекітулері керек (№ 211 каб).

### **2. Бағамдық жұмыстың алғашқы жоспарын құрастыру.**

Бағамдық жұмысты жазардың алдында курсант бағамдық жұмыстың тақырыбын ашу үшін жеткілікті мәліметтер болуы керек.

Жұмыс жоспары негізінде курсант өзінің тақырыбына қатысты бастапқы курстық жұмыстың жоспарын құрастырады. Жоспарды алдын-ала құрастыру жұмысты орындаудың талабы болып табылады, ол жұмысты бір ізділікпен және жүйелеп жазуға қолдау болады, қайталанулардан сақтандырады.

Жоспардың мақсаты - курсантқа жұмыста ашатын қажетті мәселелердің негізгі бағатын тауып беруге көмектесу. Жұмыстың жоспары курсантқа қажетті материалдарды табуға, оларды жоспардағы мәселелердің сұрақтары бойынша топтастыруға, көптеген сұрақтардың арасынан зерттеуге жататын тақырыптың сұрақтарын бөліп шығаруға ықпал етеді.

Әрине, жұмысты жазған кезде алғашқы жоспар курсантпен өзгертілуі, толықтырылуы, түзетілуі, қарастырылатын сұрақтар басқа тәртіпте орналасуы мүмкін, бірақ тақырып маңызы бойынша ашылуы керек.

Жұмысты орындап болғаннан кейін, түпкілікті жұмыстың жоспары толтырылуы керек.

### **Әдебиеттерді және басқа да материалдарды жинақтау, библиографияны құрастыру.**

Алғашқы курстық жұмыстың жоспарын құрастырған соң, курсант осы тақырып бойынша берілген әдебиеттер тізімімен, сот тәжірибесімен жарияланған нормативті-құқықтық актілермен танысуы керек.

Таңдаған тақырып бойынша әдебиеттерді жинақтауды ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академия кітапханасындағы каталогтармен жұмыс жасау арқылы жүзеге асыруға да болады.

Курсанттармен таңдаған тақырыбы бойынша талдап алынған әдебиеттер жұмыстың библиографиясында көрсетілуі керек (әдебиеттер тізімінде), онда міндетті түрде толық реквезиттері көрсетілуі қажет.

әдебиеттердің тізімі (автордың аты-жөні, жұмыстың тақырыбы, шығарылған жері, баспасы, шығарылған жылы ,парақтардың жалпы саны - бұл ақпарат кітапта аннотация сияқты сол бетте көрсетіледі);

- нормативті-құқықтық актілері (атауы, актінің түрі, оны шығарған орган, қабылдаған күні, шығарылған жері);
- ҚР-ның Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы;
- жергілікті құққорғау тәжірибесінің мысалдары (қылмыстық істің нөмірі, оның жатқан жерінің органы); жарияланған (қандай басылымда ол мысал жарияланды) .

Библиография әдебиеттер тізімі мен сілтемелерді құрастырған кезде қажет болады.

Курсанттар жергілікті құқыққорғау (соттық, тергеу) тәжірибесінің мұрағаттағы қылмыстық істердің материалдарымен танысу үшін қылмыстық іс жүргізу кафедрасының лаборантына жолуғылары керек.

Құқыққорғау тәжірибесі ҚР Бас Прокуратурасының жанындағы квартал сайынғы жинақтарында жарияланады.

Әдебиеттерді, статистикалық және басқа да әдебиеттерді, нормативті-құқықтық актілерді, құқыққорғау тәжірибесінің жергілікті және жарияланған материалдарын оқу, материалдарды жинау және оларды конспектілеу.

Жұмысты орындау тек қана оқулықтарды, ғылыми–тәжірибелік коментарилерді және заңдарды оқумен ғана шектелмейді.

Курстық жұмыстын тақырыбына арналған бірнеше монографиялармен танысу керек.

Оқылған әдебиеттердің және материалдардың конспектісін тыңдаушы жұмысында нақты сұрақтарды қарастырғанда қолдана алады.

Жұмыстын бірінші вариантынын (черновиктін) мәтінін жазу.

Курстық жұмыстын мазмұны мен сыртқы бетін дұрыс толтыруға қойылатын негізгі талаптар.

Курстық жұмыс мемлекеттік немесе орыс тілдерінде орындалады. Курстық жұмыс келесі талаптарға сай болуы керек.

- дұрыс құрылуы;
- ойды дұрыс құрып жазу (бір сұрақтың жауабын екінші сұрақтың жауабымен логикалық байланысу керек);
- жоспардың әр сұрақтарын негіздеп қорыту;
- анықтау мен саралауды нақты білу (бұл үшін анықтау мен саралауға қатысты логиканың ережесін еске алу керек);
- жұмыстын нәтижесін нақты айта білу;
- жалпы жұмыс бойынша қортындының дәлелденуі.

Ерекше назарды жұмыстын стиліне аудару керек, онда курсант өзінің ойын нақтылап қылмыстық іс жүргізу құқығының ғылыми тілінде тура және негіздеп жеткізуге талпынады, нақты мысалдар келтіріп теория мен тәжірибенің біркелкілігін ашуды біледі, жұмысында түсінік бере алатын ақпарат және әр бір сұраққа қортынды бар болуы керек.

Әйгілі ғалым-гуманитарий Д.С. Лихачев өзінің «Ғылыми жұмыстын жақсы тілі» очеркісінде бастаушы ізденушіге (бағамдық жұмысты орындаушы тыңдаушыға) арналған 11 талап-бағдарды бөліп көрсетті.

• Ғылыми жұмыстын тіліне қойылатын талап көркем әдебиеттің тіліне қойылатын талаптан айырмашылығы бар.

• Ғылыми жұмыстын тілінде метафоралар мен әр түрлі образдар тек қана қандай да бір пікірге логикалық акцентті қою керек болған жағдайларда ғана қолданылуы мүмкін. Ғылыми жұмыстағы образдық ол - оқырмандардың назарын жұмыстын негізгі ойына тарту үшін қолданылатын педагогикалық тәсіл.

• Ғылыми жұмыстын жақсы тілі оқырманмен білінбейді. Оқырман ойдың қандай тілде берілгенін емес тек қана ойдың барын сезіп отыруы керек

- Ғылыми тілдің қадірі ол - анықтығы.
- Ғылыми тілдің басқа да қадірі - оның жеңіл оқылуы, қысқалығы, бір сөйлемнен екінші сөйлемге емін-еркін көшуі.
- Бағынынқылы сөйлемдердің аз болуы керек. Фразалары қысқа болуы керек, бір фразадан екінші фразаға білінбей ауысуы керек.
- Әр бір жазылған фразаны дауыстап оқып тексеру керек және де жазғанның бәрін дауыстап оқып тексеріп отыру керек.
- Оқырманды оқып жатқан ойынан бөлмеу үшін есімдіктерді көп қолданбау керек.
- Қайталаудан қорқпау керек. Әр бір түсінік бір сөзбен берілуі керек (ғылыми тілдегі қолданылатын сөз ол термин сөздері). Тілдің жетіспеушілігінен қолданылған қайталаулардан сақтану керек.
- Пайдасы жоқ «паразит» сөздерден сақтану керек
- Сөздердің анық болуына назар аударындар.<sup>2</sup> ...

#### **Мазмұнға қойылатын талап:**

***Кіріспе.*** Жұмыстың кіріспесінде курсант (2,3 бет) неге осы тақырыпта таңдағанын көрсетеді, оның өзектілігін негіздейді (күндізгі оқу факультетінің курсанттары үшін). Тақырыптың өзектілігі қоғамдық-құқықтық маңыздылығымен оның тәжірибемен байланысымен анықталады. Сонымен қатар кіріспеде жалпы нысанда осы тақырыпқа қатысты бар библиографияны көрсету керек.

***Жұмыстың негізгі сұрақтары.*** Жұмыстың осы бөлімінде курсант өз еркімен заңгерге сай сауатты теоретикалық материалды және де осы тақырып бойынша қолданыстағы заңнама мен құқыққорғау тәжірибесін айтуы керек. Жұмыстың негізгі сұрақтарын айтып жатып, курсант жоспардың барлық сұрақтарын ашуы керек.

Сұрақтардың жауабы толық, жан-жақты болуы керек. Курсант әр-түрлі деңгейдегі нормативті-құқықтық актілерді білетінің көрсете білуі керек.

Таңдаған тақырып бойынша ерекше назарды негізгі түсініктердің анықтамасына аудару керек.

Курсанттардың барлық мамандандырылудан бағамдық жұмыстарды орындайтындарын ескере отырып өздеріне мәлім болған құқыққорғау тәжірибесінде орын алатын қылмыстық процестің нормаларын қолданғанда кездесетін қиындықтар мен қарама-қайшылықтарға өздерінің жұмыстарында анализ жасаулары керек. Бұндай жағдайда курсанттар құқыққорғау органдарында танысу тәжірибесін өткенде алған білімдерін және білгірліктерін белсенді қолданулары керек.

Теориялық сұрақтарға жауап бергенде жарияланған және жергілікті құқыққорғау тәжірибесіндегі мысалдарды келтіру керек.

***Қорытынды.*** Курсант міндетті түрде жұмыс бойынша істелген өзінің негізделген қортындыларын берілген әдебиеттерді, құқыққорғау тәжірибесіндегі нормативті-құқықты актілерді оқығандағы нәтижесінде ғана

<sup>2</sup> Лигачев Д.С. Заметки и наблюдения: Из записных книжек разных лет. – Л., 1989. – С. 414-415.

айтып бере алады. Қортындылармен қоса курсанттың қолданыстағы заңнаманың және оны критикалық ескертулері келтіріледі.

Курстық жұмысқа қосымша мен әдебиеттердің тізімі. Иллюстрациялық материалдар ретінде бағамдық жұмысқа тыңдаушы жұмыста берілген сұрақтарға байланысты процесуалдық құжаттардың, таблицалардың, схемалардың және т.б. үлгілерін қосуға болады.

Курстық жұмыстың тақырыбымен байланысты мұрағаттағы қылмыстық істердің көшірмесі мен оның қысқаша критикалық анализі бағамдық жұмыстың қосымшасы болып табылады.

Жұмыстың соңында қолданылған әдебиеттердің тізімдері берілуі керек (басында нормативті-құқықтық актілер, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары, әдебиеттердің тізімі, құқыққорғау тәжірибесінің материалдары көрсетілуі керек). Ол тізімде мәтінге сілтеме жасаған әдебиеттер көрсетілуі керек.

### **Курстық жұмыстың түпкүлікті нұсқасын орындау.**

Курстық жұмыстың мәтіні болу керек:

- қолмен түсінілікті етіліп жазылуы керек, немесе
- жазба машинкасында екі интервал сайын терілуі керек, немесе
- компьютерлік техниканы қолданып теру керек (Times New Roman шрифінде, 14-ші шрифттік көлемде, жартылай(полуторлық) интервалда терілуі керек),

А 4 форматты бір сортты стандартты ақ қағаздың бір жағында 210x297 мм көлемде терілуі керек (бір жолда 60 белгі болу керек, сөздердің арасы ашық болатындығын қосса, 28-30 жол).

Курстық жұмыстың беттерінде ақ жолдар болуы керек: сол жағы – 30 мм, жоғарғы жағы – 20 мм, оң жағы – 15 мм, төменгі жағы – 20 мм.

Схемаларды, таблицаларды, әдебиеттердің тізімін және басқа да қосымшаларды алып тастағанда бағамдық жұмыстың қолмен жазылған мәтінінің көлемі 30-35 беттен аспауы керек (жазба машинкасындағы мәтін немесе компьютерлік техниканы қолданып терілген мәтін 25-30 бет).

Курстық жұмыстың барлық беттері, иллюстрациялар мен қосымшаларды қосқанда сыртқы беттен соңғы бетке дейін нөмірленеді.

Курсант курстық жұмысты орындаған кезде қолданылған әдебиеттерге міндетті түрде сілтеме жасау керек.

Әдебиеттерге сілтеме жасалмаған басқа біреудің материалдары (цитаталар, таблицалар, схемалар және т.б.) қолданылған жағдайда бағамдық жұмыс авторға қайтадан қарауға жіберіледі.

Курстық жұмысты жеңіл-желпі жазған немесе қателері бар жұмыстарын тапсырған курсанттар курстық жұмыстарын қорғауға жіберілмейді.

### **Сыртқы беті келесі үлгіде толтырылуы керек.:**



**Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі  
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

Қылмыстық процесс кафедрасы

**БҰЛТАРТПАУ ШАРАЛАРЫ**

**Курстық жұмыс (КОФ)**

**Орындаған:**

301 оқу тобының курсанты,  
полиция қатарындағы  
Ақанов Ақат Ахметұлы

**Ғылыми жетекшісі:**

кафедраның аға оқытушысы  
з.ғ.к.. полиция майоры  
Тукиев А.С.

**Қарағанды - 2016**

## Жоспар келесі үлгіде толтырылуы керек:

| - 2 -   | бет. |
|---|------|
| <b>Жоспар</b>   |      |
| Кіріспе   | 3    |
| 1. Қылмыстық іс жүргізудегі бұлтартпау шаралары: түсінігі мен түрлері | 5    |
| 2. Бұлтартпау шараларының түсінігі мен түрлері                        | 14   |
| 3. Бұлтартпау шараларын қолдану, өзгерту және алып тастау             | 20   |
| Қортынды  | 29   |
| Қолданылған әдебиеттердің тізімі                                      | 31   |

## Әдебиеттердің тізімі келесі үлгіде толтырылуы керек:

### Қолданылған әдебиеттердің тізімі

Қолданылған нормативті-құқықтық актілер хронологиялық тәртіпте сақталған тепе-тең заңда әр топтағы заңды күштеріне еңген тәртіпте көрсетілген нормативті-құқықтық актілер: Конституция РК ҚР-ның Конституциясы, акт ҚР-мен ратификацияланған, халықаралық-құқықтық актілер, ҚР-ның заңдары, заңды нормативті-құқықтық актілер, шет елдердің нормативті-құқықтық актілері. заң негізінде қабылданған актілер

ҚР-ның Конституциялық Кеңесінің Қаулылары.

Қолданылған ҚР-ның Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулылары және т.б.

Алфавиттік тәртіпте берілген қолданылған әдебиеттердің тізімі (монографиялар, оқулықтар, оқу құралдары, мақалалар және т.б.)

### Әдебиеттер тізімін рәсімдеудің үлгілері.

1. Автордың аты-жөні. Жұмыстың негізгі тақырыбы. Шығарылған жері: Баспасы: Шығарылған жылы. - Беттердің саны А.Н. Ахпанов Алдынала тергеу сатысындағы қылмыстық іс жүргізу бұлтартпау шараларының мәселелері - Алматы: Жеті жарғы, 1997.-176 бет.

2. Негізгі тақырыбы. Автордың аты-жөні 1, Фамилия инициалы Автордың аты-жөні 2, Автордың аты-жөні 3, Автордың аты-жөні 4 и др және т.б.. Шығарылған жері:: Шығарылған жылы. - Беттердің саны

3. Негізгі тақырыбы. Автордың аты-жөні 1, Автордың аты-жөні 2, Автордың аты-жөні 3, Автордың аты-жөні 4 и др. және т.б.; Жауапты ред. аты-жөні. Шығарылған жері:: Шығарылған жылы. - Беттердің саны.

4. Беттердің саны

5. Автордың аты-жөні. Негізгі тақырыбы: Заңгерлік жоғары оқу орындарына арналған оқулық., Қайтадан қаралған және толықтыраылған, 2-ші түрі Шығарылған жері: Шығарылған жылы. - Беттердің саны.

6. Автордың аты-жөні Мақаланың атауы // Журналдың атауы - 2006. - № 3. - .11-14 бет.

7. Автордың аты-жөні Мақаланың атауы // газеттің атауы. - 1998. - 24 қаңтар. - . 14-15 бет.

8. Аты-жөні Атауы: Сұхбаттасқанның *аты-жөні* /Жазған - *аты-жөні* // газеттің аты. - 1998. - 15 қазан. - . 10-11 бет.

Автордың аты-жөні. Атауы: Диссертацияның авторефераты. з.ғ.к. Шығарылған жері, Шығарылған жылы. - Беттердің саны.

### **Сілтемелері толтырудың үлгілері**

1. Автордың аты-жөні. Аты. Шығарылған жері, Шығарылған жылы. 11-12 бет.

2. Строгович М.С. Шығар. - 42 бет.

3. Автордың аты-жөні Атауы // Журналдың атауы. - 1998. - № 3. – 24 бет.

4. Аты-жөні. Атауы: Сұхбаттасқанның *аты-жөні* /Жазған - *аты-жөні* // газеттің аты. - 1998. - 15 қазан. – 11 бет.

### **7. Бағамдық жұмысты тексеруге және пікір беруге тапсыру.**

Күндізгі оқу факультетінің курсанттары бағамдық жұмыстарын қылмыстық процесс кафедрасына тапсырады.

Автор бағамдық жұмысының соңғы бетіне күні мен қолын қояды.

### **8. Бағамдық жұмысты қорғау.**

Курсант бағамдық жұмысты пікірмен қайтарып алғаннан кейін, пікірмен мұқиятты танысып шығу керек, ондағы көрсетілген ескертулерге талдау жасап, берілген сұрақтар бойынша курстық жұмысқа дайындалуы керек.

Жұмыстағы кемшіліктердің орнын толтыратын қосымша материалдарды тапсыруға болады.

Жоспарланған бағамдық жұмыстың қорғалатын күні мен уақыты пікірде көрсетіледі.

Курстық жұмысты қорғау келесі элементтерден тұрады:

- жұмыстың мазмұнын қысқаша айтып беруден (тыңдаушының жұмыс бойынша жасаған қортындысындағы жұмыстың ережелерін, негізгі түсініктерін негіздеу және түсіндіру, мәселелердің шешімін түсіндіру);

- комиссияның сұрақтарына жауап беру және сұхбаттасу.

Курстық жұмыс пен оның қорғалуы төрт деңгейде бағаланады: «өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық», «қорғалған жоқ».

### **Курстық жұмысты орындаған кезде курсанттармен жіберілетін негізгі қателіктер**

Жұмыстың мазмұны мен рәсімдеуіне өзі жауап беретінін есінде сақтауы керек. Сондықтан да жоғарыдағы айтылған ұсыныстар орындалмаса, бағамдық жұмыс қойылған талаптарға сәйкес емес болғандығынан қайтарылып берілуі мүмкін.

Әдеттегідей курсанттар келесі қателіктерді жіберулері мүмкін:

### **Негізгі қателіктер:**

- Ұсынылған әдебиеттерді оқудың орнына - әдеби оқулықтардан , ғылыми-тәжірибелік коментариден немесе заңдардан мәтіндерді сөзбе-сөз көшіріп алады;

- жұмыстың негізгі сұрақтарын тыңдаушы жеңіл-желпі ашады немесе мүлдем ашпайды.

- жұмыстың орындалуы тек қана әдебиеттерді сөзбе-сөз көшірумен және оның сәтсіз жинақталуымен бітеді , оның соңы жұмыста тақырыбтың талдауы жоқтығы мен автордың өз ойы жоқтығына әкеліп соғады;

- жұмыста ескіріп кеткен әдебиеттер немесе күшін жойған нормативті-құқықтық актілер қолданылды;

- тәжірибеден мысалдар келтірілмеді;

- негізделген қортындылар жоқ;

### **Курстық жұмыстағы жетіспеушіліктер:**

- жұмыстың жоспары жоқ;

- жұмыстың құрылымы жоқ (логикалық бөліктерге бөлінбеген, осыған сәйкес жұмыс жоспарына);

- қолданылған әдебиеттердің тізімі жоқ;

- әдебиеттердің тізімі жұмыста көрсетілген сілтемелерге сәйкес келмейді немесе сілтемелер мүлдем жоқ;

- жұмыстың көлемі 25 беттен кем немесе 35 беттен астам;

- жұмыста орфографиялық қателіктер, қайталанулар көп (20-дан астам).

## **3.12. Өзіндік бақылауға арналған тест тапсырмалары.**

1. Қылмыстық істі бөлектеп алу:

+ ересектермен бірге қылмыстық жауаптылыққа тартылған кәмелетке толмаған күдіктіге немесе айыпталушыға

- сыбайласып жасаған бірнеше адамға қатысты қылмыстық істер

+ қылмыстық жауаптылыққа тартылуға жататын жекелеген анықталмаған адамдарға қатысты

- бірнеше адам қылмыс жасаған кезде

- жәбірленуші ауырып қалған кезде

2. Қылмыстық қудалаудан дипломатиялық иммунитеті бар адамдар:

+ Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен өтетін шет

мемлекеттердің үшінші елдегі дипломатиялық өкілдіктерінің басшылары

+ егер дипломатиялық өкілдіктердің қызмет көрсету персоналының қызметкерлері

- медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасы қолданылған адамдар қолданылған адамға

- Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесінің төрағасы, оның отбасы

- Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттығына кандидаттар, олардың отбасылары

3. Сот тергеуі басталады:

+ жеке айыптау істері бойынша - арыз берген адамның өкілінің шағымды баяндауынан

- процеске қатысушылардың құқықтарын түсіндіруден

- сот құрамын, процеске басқа қатысушыларды жариялаудан

+ жеке айыптау істері бойынша - арыз берген адамның шағымды баяндауынан

- басты сот талқылауына шақырылған адамдардың келуін тексерден

4. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану жөнінде іс жүргізу негіздері:

- қылмыстық іс жүргізу заңы едәуір бұзылғанда

+ жаза орындау мүмкін емес дәрежеде психикасы бұзылғандарға

- ҚР Қылмыстық кодексінің жалпы бөлімі талаптары бұзылғанда

+ дертті психикалық ауытқушылық болғанда ғана тағайындалады

- Судьялардың осы істі қарау кезінде жасаған, қылмыстық іс-әрекеттері

5. Тергеу судьясының өкілеттіктері:

+ ұйқамақты санкциялау

+ күзетпен ұстауды санкциялау

- сот отырысының барысына басшылық етеді

+ ұйқамақ, экстрадициялық қамақ мерзімдерін ұзарту

- мемлекеттің мүдделерін қорғап талап қоюға құқылы

6. Іс жүргізуден шеттету туралы мәлімделген қарсылық білдірулер мен өтініштерді шешуге құқылы:

+ тергеуші

+ сот

+ анықтаушы

- сараптама жүргізу ұйымының бастығы

- сотталушы

- айыпталушы

7. Жеке кепілгерлік:

+ кепілдік берушіге сот ақшалай айып салуы мүмкін

- прокурордың санкциясы бойынша асырылады

- адамның тұрғын үйден шығуына шектеулер қойылады

+ кепілдік берушілердің саны екеуден кем болмайды

+ сенімге ие болған адамдарға жүктеледі

- кепіл мемлекеттің кірісіне аударылуы мүмкін

8. Тергеу іс-әрекетінің хаттамасында көрсетілуге тиіс:

- + тергеу іс әрекетіне қатысқан адамның аты-жөні
- + құжаттар қай жерде және қандай жағдайда табылғаны
- + оның басталу және аяқталу уақыты минутына дейін дәл
- жауап алынатын адамның туған жері
- қаулыны кім жасағандығы
- жарықтың түсуі қандай болғанда жүргізілгені

9. Сотталған адамның немесе ақталған адамның құқығы бар:

- ҚР заңдарын сақтауға
- тергеушінің шақыртуы бойышпа белгіленген мерзімде келуге
- келмей қалу себептері туралы тергеушіге хабарлауға
- + келтірілген шағымдардың сотта қаралуына қатысуға
- + сот отырысының хаттамасымен танысуға
- + іс бойынша келтірілген шағымдар туралы білуге

10. Үкімнің мазмұнын құрайтын бөлімдер:

- + кіріспе
- + қорытынды
- + сипаттамалы-дәлелді
- сілтеме
- қосымша
- түсіндірме

11. Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес қылмыстық ізге түсуден иммунитетті мынадай адамдар пайдаланады:

- ҚР Конституциялық Кеңесінің мүшесі
- ҚР Үкіметінің мүшесі
- + дипломатиялық курьерлер
- + шет мемлекеттердің басшылары мен өкілдері
- + дипломатиялық өкілдіктердің әкімшілік-техникалық қызметкерлері
- шетелдіктер

12. Қылмыстық процесті жүргізуші органның заңсыз іс-әрекеттерінің салдарынан, адамдардың құқығы бар:

- + тұрғын үй және ізге де құқықтарының қалпына келтірілуіне.
- + мүліктік зиянның толық көлемінде етелуіне
- тергеушіні іс жүргізуден шеттетуге
- қылмыстық іс жүргізуге қатысушылар туралы мәлімет алуға
- қылмыстық істің материалдарымен танысуға.
- + моральдық зиянның зардаптарының жойылуына

13. Адамға заңсыз әрекеттердің нәтижесінде келтірілген зиян өтеледі:

- жергілікті бюджеттен
- жәбірленуші шағымы болмаса

- жауаптылық жүктеу мүмкін болатын жасқа толмаса
- + қылмыстық процесті жүргізуші органның кінәсіне қарамастан
- + толықкөлемде
- + республикалық бюджеттен

14. Анықтаушының, анықтау органының, тергеушінің, прокурордың іс-әрекеті мен шешіміне, шағымдарды беру мерзімі:

- + анықтау ісі барысында
- + алдын ала тергеу жүргізу барысында
- бір тәулік
- 24 сағат
- дереу
- + сот талқылауы барысында

15. Айыптау функциясын атқаратын субъектілер:

- + айыптаушы
- + прокурор
- + Азаматтық талапкер
- азаматтық жауапкер
- сарапшы
- маман

16. Қорғаушы құқығын растайтын құжат:

- + жеке куәлік
- + туу туралы куәлік
- + өкілеттігін растайтын ордер
- СТН (РНН)
- неке туралы куәлік
- сатып алу сату шарты

17. Ғылыми-техникалық құралдарды қолдануға болады, егер олар:

- + заңда тікелей көзделсе
- + ғылыми жағынан маңызды болса
- + қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің тиімділігін қамтамасыз етсе
- хаттамада бекітілсе
- жедел іздестіру қызметі арқылы алынса
- тергеуші рұқсат берсе

18. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру негіздері:

- + айыпталушы соттан жасырынған не оның жүрген жері басқа себептермен анықталмаған
- + сотталушы Қазақстан Республикасының тыс жерде болған
- + сотталушының психикасының уақытша бұзылуы
- қылмыс туралы айтпағандығын анықтау
- істі объективті қарауға бөгет жасайтын айыптаулардың болуы

- сотталушының кәмелетке толмауы

19. Апелляциялық сатының өкілеттіліктері:

- қылмыстық істі қозғауға
- тараптардың біліктілігін тексеруге
- + сот отырысына қосымша куәларды шақыртып, олардан жауап алуға
- + Сот-психиатриялық немесе өзге де сараптама тағайындауға
- бірінші сатыдағы сот қылмыстық заңы дұрыс қолданғанын айқындауға
- + тараптардың өтініштері бойынша құжаттарды талап етіп алуға

20. Қылмыстық ізге түсуді жүзеге асырушы орган мына негіздердің бірі болған жағдайда қылмыстық құқық бұзушылық жасағандығына күдік келтірілген адамды ұстауға құқылы:

- + ол адам қылмыстық құқық бұзушылық жасау кезінде ұсталғанда
- оның бұрын жасаған ауыр қылмыстық құқық бұзушылық үшін соттылығы болмаса
- + жәбірленушілер қылмыс жасаушы ретінде ол адамды тура көрсетсе
- + ол адамда немесе оның киімінде қылмыстың анық ізі табылған кезде
- оның жеке басы анықталса
- ол қылмыстық қудалау органдарынан немесе соттан жасырынбаса

21. Айыпталушы құқылы:

- + аудармашының тегін көмегін пайдалануға
- + айғақ беруден бас тартуға
- + ізіне тиесілі құқықтар туралы дереу түсіндірме алуға
- келмей қалу себептері туралы тергеушіге хабарлауға
- ҚР заңдарын сақтауға
- Тергеушінің шақыртуы бойынша белгіленген мерзімде келуге

22. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қаралуы мүмкін:

- + ақтау үкімі
- қадағалау тәртібімен қабылданған шешім
- айыпталушы ретінде тарту туралы қаулы
- + істі тоқтату туралы қаулы
- + айыптау үкімі

23. Қылмыстық істің материалдарынан бөлектенуі мүмкін:

- + кәмелетке толмаған күдіктіге немесе айыпталушыға
- + жекелеген анықталмаған тұлғаларға қатысты
- тергеушінің қарауы бойынша
- күдіктінің ауруына байланысты
- + ҚР ҚПК 45 бабында көзделген негіздер бойынша тоқтатылуға тиіс болғанда жекелеген айыпталушыларға
- прокурордың нұсқау бойынша



24. Апелляциялық сатының қылмыстық процесте, азаматтық талап қоюды қарауы кезінде сот құқылы:

- таңдалған бұлтартпау шарасының күшін жою
- сотталушыны кінәсіз деп тану
- + үкімнің азаматтық талап қою бөлігін жаңадан қарауға жіберуге
- + үкімнің азаматтық талап қою бөлігін өзгертуге
- шағымды өзінің іс жүргізуіне қабылдауға
- + үкімнің азаматтық талап қою бөлігінің күшін жоюға

25. Бірінші сатыдағы соттың қаулысы мына жағдайларда заңды күшіне енеді және орындалады:

- + наразылық келтірілген жағдайда істі жоғары тұрған сот қарағаннан кейін
- облыс прокурорымен
- сот приставымен
- қадағалау сатысында қарастырылғаннан кейін
- + шағымдану немесе наразылық білдіру мерзімі өткен соң
- + жеке шағым жасалған жағдайда, істі жоғары тұрған сот қарағаннан кейін

26. Апелляциялық сатының өкілеттіліктері:

- қылмыстық істі қозғауға
- тараптардың біліктілігін тексеруге
- + сот отырысына қосымша куәларды шақыртып, олардан жауап алуға
- + Сот-психиатриялық немесе өзге де сараптама тағайындауға
- бірінші сатыдағы сот қылмыстық заңды дұрыс қолданғанын айқындауға
- қылмыстық істі өз өндірісіне алу туралы қаулы

27. Ерекше жағдайларда күдікті күзетпен ұстау мүмкін, егерде:

- + тұрақты тұрғылықты жері болмаса
- + оның жеке басы анықталмаса
- + ол бұрын таңдалған бұлтартпау шарасын бұзса
- жедел іздестіру қызметінің материалдары бойынша
- жәбірленушінің өтініші бойынша
- тергуешінің өтініші бойынша

28. Үкім (қаулы) істің нақты мән-жайына сәйкес келмейді деп танылады, егер:

- қылмыстық іс жүргізу заңы едәуір бұзылса
- + сот өз тұжырымдарына едәуір ықпал ете алатын мән-жайларды ескермесе
- + соттың дәлелдемелерді қабылдамай тастауына негіздер көрсетілмесе
- сот тергеуі біржақты және толық емес болса
- + сот тұжырымдары сот отырысында қаралған дәлелдемемен расталмаса
- судья істі жеке-дара қараған кезде

29. Ақтау үкімі шығарылады:

- рақымшылық актісі қабылданса

- + сотталушының әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамы болмаса
- БАҚ да бір айдың ішінде қажетті хабарлама жасау
- мүлікті зиянның толық көлемі өтелінсе
- + қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасы болмаса
- арнаулы медициналық ұйымға заңсыз орналастырылса
- + қылмыс жасауға сотталушының қатысуы дәлелденбесе

30. Қылмыстық істі шешу барысындағы соттың мақсаты:

- қылмыстық істі тергеу
- + ақиқатқа жету
- + заңды шешім қабылдау
- ақтау (реабилитация)
- қылмыстардың алдын алу
- + дәлелді үкім шығару

## **КУРСАНТТАРДЫҢ БІЛІМДЕРІН БАҒАЛАУ ӨЛШЕМДЕРІ**

Курсанттар барлық дәрістік сабақтардан қалмауға міндетті. Сабақты белгілі себептермен (наряд, іс сапар, шаруашылық жұмыстар, ауру) босатқан кезде курсант сабаққа шыққан күннен 5 жұмыс күн ішінде игеріледі. Сабақты белгісіз себептермен босатқан тыңдаушы ол күндерді 2 жұмыс күні ішінде игеруге тиіс. Сабақ аяқталған соң тақырып бойынша сұрақтарды талқылауға қатыспаған және тапсырманы орындамаған тыңдаушыларға 0,1 ұпай қойылады.

Босатылған сабақты игеру сабақ беретін оқытушы, ол болмаса кезекші оқытушы немесе кафедра бастығы тарапынан қабылданады. Семинарлық (практикалық) немесе КООЖ сабақтарын игеру босатылған тақырып бойынша жазбаша түрде (реферат, доклад, эссе және т.б.) тапсыру түрінде орындалады. Курсантқа игерілген сабақ бойынша 1 ұпайдан жоғары баға қойылмайды. Егер де курсант белгісіз себеппен босатқан немесе сабақта жақсы баға алмау себебімен игеруге келсе оған 0,8 ұпайдан артық баға қойылмайды. Игеру мерзімі созылып кетсе максималды ұпай әр бір сабақ үшін 0,5 ұпайға дейін төмендейді. Дәрістік сабақ игерілмейді.

Әр сабақ бойынша тақырыпты қайталау және өткен материалдарды игеру міндетті. Материалды игеру дәрежесін анықтау үшін түрлі жұмыстар беріледі: тестілеу, жазбаша жұмыстар, ауызша сұрау, презентация, дебаттар, дискуссия және т.б. Сабақ кезінде тестілеу ескертусіз жүргізілуі мүмкін.

КӨЖ, офистік сағаттар мен КООЖ шығарылған тапсырмаларды орындамаған курсанттар емтиханға жіберілмейді.

### ***Дәріс сабақтары бойынша:***

Сабаққа қатысу – 0 ұпай

### ***Семинар, ТООЖ бойынша:***

Тапсырмаларды орындау, сабақтардағы жұмыс – 1 сағат үшін 1 ұпай

**ТӨЖ орындауы:** 1 тапсырма – 0,5 ұпай

**Межелік бақылау** (бірінші межелік бақылау) кестеге сәйкес өтеді. Тыңдаушы егер рубежді бақылаудан **20 ұпай** алса, аттестацияланды деп саналады. Рубежді бақылаудан аттестацияланбаған курсанттар қарызын семестрдің 8 аптасы бойы жазба жұмысы арқылы және т.б. жіберген сабақты игеруге құқығы бар.

**Емтиханға жіберілу** (екінші межелік бақылау) семестрдің 12 аптасында өтіп, тыңдаушы пән бойынша 30 ұпайдан кем емес ұпай алған жағдайда өтеді. Ағымдық аттестацияға жіберілмеген курсанттар қарызын емтихандық сессияның соңына дейін өтеуге құқылы.

**МҰ** – максималды ұпай – курсанттың ағымдық бақылау кезінде алған ұпайлары мен емтиханда алған ұпайлары **100** ұпайды құрауы керек.

**Ағымдық бақылау - 60 ұпай және емтиханға – 40 ұпай.**

Курсанттың пән бойынша қорытынды бағасы сынақ кітапшасына төмендегідей сызба бойынша дәстүрлі және әріптік жүйе бойынша қойылады:

| Пән бойынша ұпайлар | Әріптік жүйе бойынша қойылатын бағалар | Дәстүрлі жүйе бойынша ойылатын бағалар |
|---------------------|--|--|
| 95-100              | A                                      | Өте жақсы                              |
| 90-94               | A-                                     |  |
| 85-89               | B+                                     | Жақсы                                  |
| 80-84               | B                                      |  |
| 75-79               | B-                                     |  |
| 70-74               | C+                                     | Қанағаттанарлық                        |
| 65-69               | C                                      |  |
| 60-64               | C-                                     |  |
| 55-59               | D+                                     |  |
| 50-54               | D                                      |  |
| 0-49                | F                                      | Қанағаттанарлықсыз                     |

### **3.13. Пән бойынша емтихан сұрақтары**

1. Қылмыстық-процестік нормалары: олардың түрлері және құрылымы.
2. Қылмыстық іс жүргізу қағидаттары: түсінігі мен маңызы. Қағидаттардың жүйесі және олардың жіктелуі.
3. Қылмыстық процеске қатысушылардың түсінігі және олардың топтастырылуы.
4. Қорғаушы: ұғымы, процессуалдық жағдайы. Қылмыстық іске қорғаушыны жіберу. Қылмыстық іс бойынша қорғаушының міндетті қатысуы. Қылмыстық іс бойынша өндіріске қорғаушыны қатысудан шеттету.
5. Қылмыстық іс жүргізудегі орнын толтыруы қажет ететін зиянның түрлері. Зиянның орнын толтыру талабын орындаудың мерзімі.
6. Қылмыстық ізге түсуді болдырмайтын жағдайлар.

7. Процестік мерзім: түсінігі, түрлері, маңызы. Процестік мерзімдерді есептеу тәртібі.
8. Қылмыстық істерді біріктіру және бөлектеу: негіздері, мерзімдерді есептеудің тәртібі.
9. Қылмыстық қудалауды жүзеге асыруға көмектесетін іске қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шаралар.
10. Іс бойынша сот ісін жүргізуді тоқтата тұру және сотқа дейінгі мерзімдерін үзу.
11. Өтініштер. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүргізетін мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағым келтіру.
12. Қылмыстық процестік мәжбүрлеу шараларының түсінігі, жүйесі және мәні.
13. Бұлтартпау шараларының негіздері және процессуалдық қолдану тәртібі.
14. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталу негіздері, оның маңызы мен міндеттері.
15. Тергеулік түсінігі мен оның белгілері.
16. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің органдары мен нысандары
17. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімі, оның маңызы және ұзарту тәртібі.
18. Тергеу әрекеттерінің түсінігі, түрлері, жүйесі. Тергеу әрекеттерін жүргізудің жалпы шарттары мен ережелері.
19. Қарап-тексеру: түсінігі мен түрлері. Жүргізудің негіздері мен жалпы ережелері.
20. Жасырын тергеу әрекеттері: түсінігі мен түрлері. Жүргізудің негіздері мен жалпы ережелері.
21. Қарап-тексеру түрлері және процессуалдық жүргізу тәртібі.
22. Куәландыру: негізі және өткізу тәртібі.
23. Эксгумация: негізі, өткізу тәртібі және санкциялау тәптібі.
24. Тану: түсінігі және түрлері. Тану үшін көрсету негіздері және процессуалдық тәртібі.
25. Беттестіру. Түсінігі, негізі және өткізу тәртібі.
26. Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау өткізу процессуалдық тәртібі.
27. Тергеу эксперименті: негі және өткізу тәртібі.
28. Үлгілерді алу: негізі және жүргізу тәртібі.
29. Сот сараптамасын жүргізу тәртібі мен негізі.
30. Тұлғаны күдікті ретінде танудың негіздері.
31. Қылмыстық ізге түсудің түсінігі және нысаны.
32. Қылмыстық іс жүргізуде ақтаудың түсінігі мен негізі.
33. Күдіктінің іс-әрекетін саралау түсінігі және маңыздылығы.
34. Ынтамақтастық туралы процестік келісім: шарттары, салдары, қарау және құру тәртібі.
35. Іс бойынша сот өндірісін тоқтата тұру.

36. Күдіктіні, айыпталушыны іздестіруге жариялаудың түрлері мен процесуалдық тәртібі.

37. Анықтаудың, алды ала тергеудің және хаттамалық нысандағы сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталуының түсінігі мен түрлері.

38. Айыптау актісін құрумен аяқталатын сотқа дейінгі тергеп-тексерудің негіздері мен процесуалдық тәртібі.

39. Қылмыстық істердің соттылығының ұғымы, мағнасы және белгілері. Бірнеше айыпталушы немесе бірнеше қылмыстар туралы қылмыстық істерді біріктірген кезде соттылықты анықтау.

40. Басты сот талқылау сатысының мәні, маңызы және міндеттері.

41. Алқабилер сотының түсінігі, маңызы және мағнасы.

42. Үкімнің түсінігі және оның маңызы. Соттың үкім шығару кезінде шешетін мәселелері. Үкімнің мазмұны мен құрылымы.

43. Апелляциялық, кассациялық және қадағалау сатыларының іс жүргізуде түсінігі, міндеттері және маңызы.

44. Сот үкімдері мен қаулыларын орындау сатысының түсінігі, міндеттері және маңызы.

45. Жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты іс бойынша іс жүргізуді қайта бастаудың түсінігі, міндеттері және маңызы.

46. Ювеналдық сот ісін жүргізу: ұғымы, шет елдердің тәжірибесі.

47. Кәмлетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы бойынша сотқа дейінгі өндіріске қатысуының ерекшеліктері.

48. Артықшылықтары мен иммунитеті бар адамдарға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы тәртібі.

49. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану бойынша іс жүргізу үшін негіздер.

50. Қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті есі кіресілі-шығасылы күйде жасаған немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан кейін психикасы бұзылуымен ауырған адамға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында іс жүргізу ерекшеліктері.

51. Шетелдіктерге және ҚР аумағынан тыс жерлерде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған Қазақстан азаматтарына қатысты қылмыстық қудалауды жүзеге асыру тәртібі.

52. Ұстап беру туралы талаптың мазмұны мен нысаны. Ұстап беру туралы талаптың орындалу тәртібі. Берілген адамның қылмыстық жауаптылық шектері. Ұстап беруден бас тарту негіздері.

53. Судьялардың, алқабилердің, прокурорлардың, тергеушілердің, анықтаушылардың, қорғаушылардың, сарапшылардың, мамандардың, сот отырысы хатшыларының, сот приставтарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

54. Бұлтартпау шаралары ретінде күзетпен ұстаудың процесуалдық тәртібі. Күзетпен ұстаудың мерзімі және ұзарту тәртібі. Күзетпен ұстаудағы адамның мүлкін сақтау.

55. Ұйқамақ және кепіл: негізі және қолдану тәртібі.

56. Қылмыстық процесік мәжбүрлеудің өзге де шаралары: қолдану негіздері мен тәртібі. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға

келу туралы міндеттеме. Күшпен әкелу. Лауазымынан уақытша шеттету. Ақшалай өндіріп алу. Мүлікке тыйым салу.

57. Сот – қылмыстық іс бойынша әділ шешімді жүзеге асыратын сот билігі органы. Тергеу судьясы. Оның процессуалдық мәртебесі, қарсылық білдіру негіздері, шешу тәртібі. Қылмыстық істерді жеке-дара және алқалы құрамда қарау.

58. Қылмыстық ізге түсу функциясын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар. Прокурор, процесс прокуроры оның процессуалдық жағдайы.

59. Қылмыстық процесті жүргізуші органның заңсыз іс-әрекетінің салдарынан келтірілген зиянның өтелуіне құқығы бар адамдар.

60. Өтелуге жататын зиянның түрлері. Моральдық зиянның зардаптарын жою. Талап қою мерзімдері.

### **3.14. Құрастырғандар:**

**Н.Т. Саханова** - полиция подполковнигі;

**Р.Б. Ақшолақов** - полиция майоры;

**Д.С. Кемпіров** - полиция аға лейтенанты.

### **3. Пән бойынша жазба жұмыстарының тақырыбы және оны орындау бойынша әдістемелік ұсыным**

#### **3.1. Реферат тақырыптары**

1. Қылмыстық іс жүргізу кепілдері және процессуалдық формалары.
2. Қылмыстық іс жүргізуде өз құқықтары мен мүдделерін қорғайтын тұлғалардың процессуалдық жағдайлары.
3. Қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын органдармен лауазымды адамдардың процессуалдық жағдайлары.
4. ҚР прокуратура органдарының қызметінің негізгі бағыттары мен мағынасы.
5. ҚР прокуратурасының реформалау мәселесі: жағдайы және болашағы.
6. Сырттай сот ісін жүргізу.
7. Сарапшы мен маманның процессуалдық жағдайлары.
8. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданудың ерекшеліктері.
9. Жеке айыптау істері.
10. Жасы кәмілетке толмағандардың істерін қараудың ерекшеліктері.
11. Қылмыстық іс жүргізудің тарихи тұрпаты \типтері\.
12. Шетел азаматтары қатысқан қылмыстық іс бойынша іс жүргізу.
13. Қылмыстық іс жүргізудегі мүліктік мәселелер.
14. Қылмыстық іс жүргізу шығындары.
15. Сөйлесулерді тыңдау мен- жазу-тергеу әрекеті ретінде.
16. Сотқа дейінгі іс жүргізуде татуласу мәселелерін жүзеге асыру.
17. Қылмыстық іс жүргізулік мәжбүрлеу шаралары.
18. Тергелу реті: түсінігі, түрлері.
19. Қылмыстық іс жүргізудегі мүліктік мәжбүрлеу шараларын қолдану ерекшеліктері.
20. Қылмыстық іс жүргізудегі ақтау мәселелері.
21. Қылмыстық іс жүргізудегі моральдық шығын.
22. Басты сот талқылауын тағайындау туралы мәселені шешу және соттың отырысына дайындық іс-әрекеттер кезінде алдын ала тыңдауды өткізудің процессуалдық тәртібі, маңызы және мазмұны.
23. Қылмыстық іс жүргізудегі кінәсін мойындап келудің маңызы.
24. Ақтау және айыптау үкімін шығарудың негіздері мен тәртібі.
25. Апелляциялық сатыда үкімнің күшін жою мен өзгертудің негіздері.
26. Медиатор-қылмыстық процеске қатысушылар ретінде.
27. Мамандандырылған соттардың қызметі.

### **3.2 Бақылау жұмыстарының тақырыптары**

Бұл пән бойынша бақылау жұмыстары қарастырылмаған



КОФ 3 курс курсанттары үшін «Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік құқығы» пәні бойынша курстық жұмыстарының тақырыбы қылмыстық процес кафедрасының аға оқытушысы, полиция подполковнигі Н.Т. Саханова әзірледі.

**Қылмыстық процес кафедрасының кеңесінде талқыланып, мақұлданған. 2016 ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ хаттама**

**Қылмыстық процес кафедрасының бастығы полиция полковнигі**

**Ә.М. Майтанов**

**Қылмыстық процестік кафедрасының ПӘС отырысында талқыланып, мақұлданған. 2016 ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ хаттама**

**ПӘС төрағасы**

**Н.Т. Саханова**

### 3.3 Курстық жұмыстардың тақырыптары

1. Қылмыстық іс жүргізудің тарихи түрлері және нысандары.
2. Қылмыстық іс жүргізулік құқықтық қатынастар.
3. Қылмыстық іс жүргізулік кепілдер.
4. Қылмыстық іс жүргізу құқығы қағидаттарының жүйесі
5. Қылмыстық іс жүргізуге қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
6. Қылмыстық іс жүргізудегі процессуалдық мерзімдер.
7. ҚР қылмыстық іс жүргізу заңы-қылмыстық-процессуалдық құқықтың қайнар көзі ретінде.
8. ҚР саяси құқықтық тұжырымдамасы бойынша қылмыстық іс жүргізу заңнамасының дамуы.
9. Қылмыстық процесті әрі қарай жетілдірудің негізгі бағыттары және құқықтық мемлекеттің тұжырымы.
10. Қылмыстық іс жүргізу заңының уақыт тұрғысында, кеңістікте, азаматтарға қатысты қолданылуы.
11. Қазақстан Республикасының қылмыстық сот өндірісіндегі азаматтық талап институтының қазіргі кездегі қызмет етуі.
12. Қылмыстық сот өндірісіндегі ақтау және зиянның орнын толтыру.
13. Шетел азаматтарына қатысты қылмыстық істерді тергеу.
14. Қылмыстық сот өндірісіндегі дәлелдеу процесі және оның элементтері.
15. Қылмыстық сот өндірісіндегі мүліктік бұлтартпау шаралары.
16. Адвокат - қылмыстық сот өндірісінің қатысушысы ретінде.
17. Қазақстан Республикасының қылмыстық процесіндегі медиациялық процедуралардың дамуы және қызмет етуі.
18. Сарапшының қорытындысы – дәлелдемелердің түрі ретінде.
19. Сарапшының қорытындысы, оның құрылымы, дәлелдеу процесінде оны бағалау және пайдалану.
20. Сараптама - Қазақстан Республикасының қылмыстық сот өндірісіндегі дәлелдеу құралы ретінде.
21. Материалдарды дайындаудың тактикасы және сот сараптамасын тағайындау.
22. Кәмелетке толмағандардың қатысуымен жасалған қылмыстық істер бойынша өндірістің ерекшеліктері.
23. Қылмыстық процеске қатысушылардың туыстық қарым-қатынас себептері бойынша қарсылық білдіруін шешудің қылмыстық-процессуалдық сұрақтары.
24. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында тергеу экспериментінің жүргізу тәртібі.
25. Қылмыстық процестегі тергеушінің процессуалдық мәртебесі.
26. Қылмыстық сот ісін жургузудегі қылмыстық істерді біріктіру және бөлектеу.
27. ҚПК дәлелдемелер және дәлелдеу.

28. Процессуалдық мәжбүрлеу шаралары.
29. ПО тергеу бөліністері қызметінің құқықтық негіздері.
30. ҚР ҚПК бойынша тергеушінің процессуалдық шешім қабылдау ерекшеліктері.
31. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы, бастау себептері.
32. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру, алдын ала тергеп-тексерудің нысаны және түрлері.
33. Күдікті процессуалдық мәртебесі.
34. Тергеп-тексеру әрекеттерін жүргізудің жалпы ережелері.
35. Тергеушінің басқа елдердің құқық қорғау органдарымен өзара әрікеттестігін ұйымдастыру.
36. Тергеушінің қызметінде медиация институтын қолдану мәселері.
37. ҚР ҚПК жасырын тергеу әрекеттері.
38. Басты сот талқылауының жалпы шарттары.
39. Істер бойынша алқабилердің қатысуымен іс жүргізу.
40. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізудегі медиациалық тәртібі.
41. Қазақстан Республикасындағы прокуролық қадағалау.
42. Тінтуді жүргізу процессуалдық тәртібі.
43. Қылмыстық процестегі есі дұрыс емес адамдарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істер бойынша сот ісін жүргізу.
44. Қылмыстық процеске қатысатын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері.
45. Екі тараптың бітімкершілікке келеуі бойынша қылмыстық істі қысқарту.
46. Қылмыс құрбандарының бұзылған құқықтарын қалпына келтіру.
47. Материалдарды дайындау тактикасы және сот сараптамасын тағайындау.
48. Қылмыстық процесте арнаулы білімді қолданудың нысандары.
49. Қорғаушының қатысумен тергеу әрекеттерің жүргізу тактикасы.
47. Қылмыстық сот ісін жүргізудегі дәлелдеудің өзекті мәселелері.
48. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасындағы сот тергеуі.
49. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудегі оқиға болған жерді қарап-тесеру
50. Қылмыстық іс жүргізудегі ақшалай жазаның мәселелері.
51. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы іс бойынша іс жүргізу.
52. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасындағы қорғау қызметі.
53. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану бойынша іс жүргізу кезінде дәлелдеудің ерекшеліктері.
54. Тергеуші мен адвокат-қорғаушының өзара әрекеттесуі.
55. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің кейбір мәселелері.

56. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істер бойынша сот ісін жүргізу.

57. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізудегі қорғаудың жағдайлары.

58. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізудегі жәбірленушінің құқықтарының кепілдіктері.

59. Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізудегі ювеналдық юстиция.

60. Қылмыстық құқықбұзушылықпен келтірілген материалдық зиянның орнын толтыру.

61. Жауап алуды жүргізу кезінде туындайтын мәселелер.

62. Қылмыстық істің аяқталу нысандары.

63. Қазақстан Республикасының қылмыстық сот өндірісінде мүлікке тыйым салу.

64. Қазақстан Республикасының қылмыстық сот ісін жүргізуге аудармашының қатысуы.

65. Кәмелетке толмағандарға қатысты басты сот талқылауында пайда болатын өзекті мәселелер.

66. Сотқа дейінгі іс жүргізудегі тараптардың жарыспалылығы мен тең құқықтылығының қағидаттары.

67. Қылмыстық істерді тергеп – тексеру барысында келтірілетін кедергілерді шешудің жолдары.

68. Қылмыстық іс жүргізудегі азаматтық талап.

69. Процессуалдық мерзімдер тергеуді тездетуді және оған қатысушылардың құқықтарын сақтауды қамтамасыз етудің құралы ретінде.

70. Алдын-ала тергеуді жүргізудің жалпы шарттары.

71. Қазақстан Республикасының қылмыстық сот ісін жүргізудегі азаматтық талап институтының заманауи қызмет етуі.

72. Бас бостандығынан айырумен байланысты емес бұлтартпау шаралары.

73. Қылмыстық сот ісі аясындағы халықаралық ынтымақтастық.

74. Қазақстан Республикасының сырттай қылмыстық сот ісін жүргізудің тарихы мен заманауи дамуы.

75. Тұрғын үй қатынастары аясындағы алаяқтықты тергеудің ерекшеліктері.

76. Қылмыстық – процестік жауапкершілікті құқықтық регламентациялау мәселелері.

77. Қылмыстық іс жүргізуде кәмелетке толмағандардан жауап алу.

78. Сотқа дейінгі өндірісте тергеу әрекеттерін жүргізудің психологиялық ерекшеліктері.

79. Сотқа дейінгі тергеу өндірісіндегі психофизиологиялық сот сараптамасы.

80. Абайсыздықтағы криминалистикалық және психологиялық аспектілері бойынша қылмыстарды тергеу.

81. Қылмыстық сот өндірісіндегі дәлелдеу субъектілері.

82. Қылмыстық іс жүргізуде процессуалдық жағдай және күдікті мен айыптының айғақтары.
83. Қорғаушы-адвокаттың қылмыстық іс жүргізу мәртебесі.
84. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімін ұзу тәртібі және олардың процессуалдық негіздемесі.
85. Тергеушінің процессуалдық мәртебесінің мәселелері.
86. Қазақстан Республикасының қылмыстық сот ісін жүргізудегі ақтау және зиянды өтеу институты.
87. Қазақстан Республикасының қылмыстық сот ісін жүргізудегі апелляциялық, кассациялық іс жүргізудің қазіргі кездегі жай-күйі.
88. Қылмыстық процестің сотқа дейінгі сатысында жәбірленушінің мүдделеріне өкілдік ету.
89. Қылмыстық процестегі туыстық қарым-қатынастарды қылмыстық-процестік реттеу.
90. Тергеу әрекеттерін жүргізу кезінде бекітудің техникалық құралдарын қолданудың процестік проблемалары.
92. Қылмыстық процестегі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау қағидаты.
93. Тергеушінің сотқа дейінгі тергеп-тексеруді аяқтау кезіндегі қызметі.
94. Тергеушінің сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезіндегі бұлтартпау шараларын қолданудағы ұйымдастырушылық-процестік қызметі.
95. Тергеушінің дәлелдемелер жинау мақсатында нәрсені тану үшін көрсету тергеу әрекетін жүргізуі.
96. Тергеушінің сотқа дейінгі тергеп-тексеруде дәлелдеме заттардың ретін анықтайтын қызметі.
97. Тергеушінің жекелеген санаттағы қылмыстық істерді тергеп-тексеру бойынша қызметі.
98. Қылмыстық қудалауды жүзеге асыру мәселелері.
99. ҚР –дағы сотқа дейінгі өндіріс: тәжірибе, заманауилық пен келешегі.
100. Қылмыстық процесс жүйесінің сатылары.
111. Жеке айыптау істері бойынша іс жүргізу ерекшеліктері.
112. Жедел-іздістіру қызметінің нәтижелерін дәлелдеме ретінде пайдалану.
113. Қылмыстық процестегі есі дұрыс емес адамдарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істер бойынша сот ісін жүргізу.
114. Қылмыстық процестегі тергеу әрекеттері.
115. Кепіл түрінде бұлтартпау шарасын қолдану тәртібі.
116. Мүлікке тыйым салу Қазақстан Республикасы қылмыстық процесс заңнамасындағы мәжбүрлеу шаралары ретінде
117. Қылмыстарды тергеп-тексеруге және ашуға кедергі келтіретін нысандар.

118. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді құқықтық реттеу: проблемалары және келешегі.
119. Мәжбүрлеу шаралары жүйесіндегі бұлтартпау шаралары.
120. Күдіктінің жеке басы туралы қажетті мәліметтер.
121. Қылмыстық процестегі анықтау органының процестік жағдайы.
122. Үкім – сот әділдігінің актісі ретінде.
123. Жаңадан ашылған мән жайларға байланысты іс бойынша жүргізу тәртібі.
124. Тергеулік эксгумацияны жүргізудің процессуалды-құқықтық аспектілері.
125. Ұрлық қылмыстары бойынша оқиға болған жерді қарау ерекшелігі.
126. Қылмыстарды тергеу кезіндегі криминалистің рөлі.
127. Қылмыстық іс жүргізуге қатысушылардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету және қылмыстық-іс жүргізу кепілдіктерін нығайту.
128. Қарап-тексеру. Процесуалдық тәртібі, түрлері.
129. Сотқа дейінгі терге-тексеру барысында істі тоқтату негіздері мен тәртібі.
130. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында күдіктіні іздеу.
131. Қылмыстық іс жүргізудегі жедел -іздестіру қызметінің алатын орны.
132. Тергеушінің ішкі сезімі және болжамы.
133. Айыптау актімент құрастырумен аяқталатын қылмыстық істер бойынша дәлелдеудің шегі.
134. Қылмыстық істі қосымша тергеу жүргізуге қайтару институты.
135. Қылмыстық іс жүргізуде дәлелдемелердің растылығы.
136. Қылмыстық іс жүргізуде дәлелдемелердің қазіргі кездегі жіктелуі.
137. Ақтау негіздері бойынша қылмыстық істі тоқтату (қысқарту) .
138. Ақталмайтын негіздер бойынша қылмыстық істерді тоқтату (қысқарту).
139. Қылмыстық іс жүргізудегі артықшылықтар мен иммунитеттер.
140. Тергеу әрекеттерінің жүйесі.
141. Жедел тергеу тобының қылмыстарды тергеудегі процесуалдық ерекшеліктері.
142. Қылмыстық іс жүргізудегі кінәсіздік презумпциясы.
143. Тергеу әрекеттерінің жүйесінде куәландыру.
144. Қылмыстық сот ісін жүргізуде тану үшін ұсыну.
145. Қылмыстық процесте іс жүргізулік шығындар.
146. Қазақстан Республикасының қылмыстық сот ісін жүргізуде бұлтартпау шараларын қолданудың тәртібі.
147. Күдіктінің жеке басы туралы мәліметтердің дәлелдемелік маңызы.
148. Сот сатыларын реформалаудың теориялық мәселелері.
149. Кінәсін мойындау туралы шарт жасасудың теориялық негіздері.
150. Қылмыстық іс жүргізуде туыстық қарым-қатынастардың қылмыстық іс жүргізулік реттелуі.

### **3.4. Жазба жұмыстарын рәсімдеу және жазу бойынша әдістемелік ұсыным.**

#### **Рефераттарды рәсімдеу, орындау бойынша әдістемелік нұсқаулық:**

Сабақты (дәріс, семинар немесе КООЖ сабақтарын) босатқан және оны белгіленген тәртіпте өтемеген курсанттар тізімде көрсетілген тақырыптардың біреуіне реферат дайындайды.

Рефератты жазу барысында кем дегенде екі теоретикалық сұрақтар қарастырылып және ашылуы тиіс, көлемі қолжазба мәтіннің 10 беттен аспауы тиіс. Әрбір сұрақтың соңында қорытынды болуы тиіс, тәжірибелік мәні мен тәжірибемен байланысы көрсетілуі тиіс. Жұмыс өзіндік дайындық уақытында орындалады. Рефератпен шығып сөйлеу семинар және КООЖ сабағында бағалау арқылы жүргізіледі.

Реферат жазуға дайындалу барысында қолда бар нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ тақырып бойынша ұсынылған оқулықтар, монографиялар және оқу құралдарын қолдану қажет.

Әдебиет көздерінің реттік нөмерлерін көрсете отырып курс бойынша ұсынылған әдебиеттер тізімі (3.7 тарауды қараңыз)

**Курстық жұмысты орындау бойынша нұсқаулық пен әдістемелік ұсыным.**

## **ЖАЗБА ЖҰМЫСТАРЫН ЖАЗУДЫН ӘДІСТЕМЕСІ**

### **Кіріспе**

Курсанттармен жазба жұмыстарын жазудың және бағамдық жұмыстарын

қорғауларының әдістемелік нұсқаулары

- Курстық жұмыстың міндеттері
- Курстық жұмыстардың орындалуының негізгі кезеңдері

- Тақырыпты таңдау

- Жұмыстың бастапқы жоспарын құрастыру

○ Библиографияны құрастыру, әдебиеттерді, статистикалық және басқа да әдебиеттерді, нормативті-құқықтық актілерді, жергілікті және құқыққорғау тәжірибесінде жарияланған материалдарды оқу, сонымен қатар материалдарды жинақтап оларды конспектілеу

- Мәтіннің бірінші нұсқасын (черновикті) жазу

- Жұмыстың түпкілікті вариантын орындау

- Сыртқы беттің үлгісі

- Жұмыс жоспарының үлгісі

- Әдебиеттер тізімінің үлгісі

- Әдебиеттердің сілтемелерін рәсімдеудің үлгісі

- Курстық жұмысты тексеруге және пікір беруге тапсыру

- Курстық жұмысты қорғау

- Курстық жұмысты орындау кезінде тыңдаушылармен жіберілетін қателіктер

### **КІРІСПЕ**

«Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік құқығы» пәнің оқыған кезде курсанттармен міндетті түрде жазба жұмыстың екі түрі орындалуы мүмкін:

- курстық жұмыс(оқып жатқан курсанттардың барлық түрлері үшін);

Сонымен қатар курсанттардың рефераттар, баяндамалар, баяндамалардың тезистерін, баяндаулар жазу арқылы кафедраның ғылыми - зерттеу жұмысына қатысқандықтары ескеріледі.

Жазба жұмыстары оқу түрінің ең тиімдісі болып табылады, ол «Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік құқығы» пәнің тереңірек оқып түсінуге септігін тигізеді, курсанттардың ой-өрістерін жеткізе білулеріне, жиналған (теориялық және тәжірибелік) материалдарды қорыта білулерін дамытады және жұмыс бойынша жасаған қортындыларын дәлелдеуге үйретеді.

Сондай-ақ курсанттың курсты қаншалықты терең меңгергендігі немесе тақырыпты дұрыс таңдағаны онымен тырысып орындалған жазба жұмысынан көрінеді.



Жазба жұмыстың негізгі түрі - курстық жұмыстың сәтті орындалуы үшін және де басқа да жұмыстарды жазған кезде қолдануға болатын келесі нұсқаулар назарларыңызға ұсынылады.

### **Оқытудың барлық түрлерінде оқитын курсанттармен курстық жұмыстарын қорғау мен орындау бойынша** **ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

Курстық жұмыс курсанттардың ғылыми-тәжірибелік жұмыстарының бір түрі болып табылады (рефераттарды жазу, курсанттармен конференцияларында баяндамалармен сөз сөйлеуі және т.б.).

Курстық жұмыстың сәтті орындалуы курсанттың көрсеткіші болып табылады:

- курсантпен «ҚР қылмыстық процестік құқығы» оқу пәні бойынша материалдарды зерттеп ұғудың,
- әдебиеттермен (монографиялық, оқу, жалпы және арнайы әдебиеттермен), нормативті-құқықтық актілермен, соттық және тергеу тәжірибесінің материалдарымен жұмыс жасауды үйренудің,
- курсанттың қылмыстық процестік құқығының мәселелеріне өз еркімен талдау жасауды білудің,
- өзінің жұмыстарының қортындысын жазбаша түсіре білудің.

Белгілі тарихшы Т. Шанин айтқандай, «ауызша сөйлеуге қарағанда, жазба жұмысы ойлау қабілетін көбірек дамытады»

Ауызша тіл – бұл білімді тексерудің тәсілі, онда курсанттың риторикалық қабілетілігі тығырықтан шығуға көмек береді. Жазбаша жауап берген кезде сен қолма - қол тексеруге болатын бір ойды қағазға жазасын, сондықтан - да тек қана өз ойыңды жаза білу, қазіргі кездегі бар ең күшті тренинг болып табылады. Ең жақсы ағылшын университеттерінің студенттері көп уақыттарын сыныптан гөрі, кітапханаларда өткізетіндері тек емес. Кітапханада оқырман кітаптарды оқып отырып, тақырыбына қатысты ойларды тудырады, оларды жазады.

Курсант бағамдық жұмыс, ол басқа да жұмыстарды (біліктілік жұмыстарды және магистірлік диссертацияларды) жазудың маңызды сатысы болып табылатының ұмытпауы керек

#### **Курстық жұмысты орындаудың негізгі кезендері.**

##### **1. Тақырыпты тандау.**

Күндізгі оқу факультетінің курсанттары осы оқу жылына берілген бағамдық жұмыстардың тақырыптарымен танысып, өздерін қызықтыратын тақырыпты тандап кафедра лаборантында бекітулері керек (№ 211 каб).

##### **2. Курстық жұмыстың алғашқы жоспарын құрастыру.**

Курстық жұмысты жазардың алдында курсант бағамдық жұмыстың тақырыбын ашу үшін жеткілікті мәліметтер болуы керек.

Жұмыс жоспары негізінде курсант өзінің тақырыбына қатысты бастапқы курстық жұмыстың жоспарын құрастырыды. Жоспарды алдын-ала құрастыру жұмысты орындаудың талабы болып табылады, ол жұмысты бір

ізділікпен және жүйелеп жазуға қолдау болады, қайталанулардан сақтандырады.

Жоспардың мақсаты - курсантқа жұмыста ашатын қажетті мәселелердің негізгі бағатын тауып беруге көмектесу. Жұмыстың жоспары курсантқа қажетті материалдарды табуға, оларды жоспардағы мәселелердің сұрақтары бойынша топтастыруға, көптеген сұрақтардың арасынан зерттеуге жататын тақырыптың сұрақтарын бөліп шығаруға ықпал етеді.

Әрине, жұмысты жазған кезде алғашқы жоспар курсантпен өзгертілуі, толықтырылуы, түзетілуі, қарастырылатын сұрақтар басқа тәртіпте орналасуы мүмкін, бірақ тақырып маңызы бойынша ашылуы керек.

Жұмысты орындап болғаннан кейін, түпкілікті жұмыстың жоспары толтырылуы керек.

### **Әдебиеттерді және басқа да материалдарды жинақтау, библиографияны құрастыру.**

Алғашқы бағамдық жұмыстың жоспарын құрастырған соң, курсант осы тақырып бойынша берілген әдебиеттер тізімімен, сот тәжірибесімен жарияланған нормативті-құқықтық актілермен танысуы керек.

Таңдаған тақырып бойынша әдебиеттерді жинақтауды ҚР ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академия кітапханасындағы каталогтармен жұмыс жасау арқылы жүзеге асыруға да болады.

Курсанттармен таңдаған тақырыбы бойынша талдап алынған әдебиеттер жұмыстың библиографиясында көрсетілуі керек (әдебиеттер тізімінде), онда міндетті түрде толық реквезиттері көрсетілуі қажет.

әдебиеттердің тізімі (автордың аты-жөні, жұмыстың тақырыбы, шығарылған жері, баспасы, шығарылған жылы, парақтардың жалпы саны - бұл ақпарат кітапта аннотация сияқты сол бетте көрсетіледі);

- нормативті-құқықтық актілері (атауы, актінің түрі, оны шығарған орган, қабылдаған күні, шығарылған жері);
- ҚР-ның Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы;
- жергілікті құқыққорғау тәжірибесінің мысалдары (қылмыстық істің нөмірі, оның жатқан жерінің органы); жарияланған (қандай басылымда ол мысал жарияланды) .

Библиография әдебиеттер тізімі мен сілтемелерді құрастырған кезде қажет болады.

Курсанттар жергілікті құқыққорғау (соттық, тергеу) тәжірибесінің мұрағаттағы қылмыстық істердің материалдарымен танысу үшін қылмыстық іс жүргізу кафедрасының лаборантына жолуғылары керек.

Құқыққорғау тәжірибесі ҚР Бас Прокуратурасының жанындағы квартал сайынғы жинақтарында жарияланады.

Әдебиеттерді, статистикалық және басқа да әдебиеттерді, нормативті-құқықтық актілерді, құқыққорғау тәжірибесінің жергілікті және жарияланған материалдарын оқу, материалдарды жинау және оларды конспектілеу.

Жұмысты орындау тек қана оқулықтарды, ғылыми-тәжірибелік коментарилерді және заңдарды оқумен ғана шектелмейді.

Курстық жұмыстың тақырыбына арналған бірнеше монографиялармен танысу керек.

Оқылған әдебиеттердің және материалдардың конспектісін курстант жұмысында нақты сұрақтарды қарастырғанда қолдана алады.

Жұмыстың бірінші вариантының (черновиктің) мәтінін жазу.

Курстық жұмыстың мазмұны мен сыртқы бетін дұрыс толтыруға қойылатын негізгі талаптар.

Курстық жұмыс мемлекеттік немесе орыс тілдерінде орындалады. Бағамдық жұмыс келесі талаптарға сай болуы керек.

- дұрыс құрылуы;
- ойды дұрыс құрып жазу (бір сұрақтың жауабын екінші сұрақтың жауабымен логикалық байланысу керек);
- жоспардың әр сұрақтарын негіздеп қорыту;
- анықтау мен саралауды нақты білу (бұл үшін анықтау мен саралауға қатысты логиканың ережесін еске алу керек);
- жұмыстың нәтижесін нақты айта білу;
- жалпы жұмыс бойынша қортындының дәлелденуі.

Ерекше назарды жұмыстың стиліне аудару керек, онда курсант өзінің ойын нақтылап қылмыстық іс жүргізу құқығының ғылыми тілінде тура және негіздеп жеткізуге талпынады, нақты мысалдар келтіріп теория мен тәжірибенің біркелкілігін ашуды біледі, жұмысында түсінік бере алатын ақпарат және әр бір сұраққа қортынды бар болуы керек.

Әйгілі ғалым-гуманитарий Д.С. Лихачев өзінің «Ғылыми жұмыстың жақсы тілі» очеркісінде бастаушы ізденушіге (бағамдық жұмысты орындаушы тыңдаушыға) арналған 11 талап-бағдарды бөліп көрсетті.

• Ғылыми жұмыстың тіліне қойылатын талап көркем әдебиеттің тіліне қойылатын талаптан айырмашылығы бар.

• Ғылыми жұмыстың тілінде метафоралар мен әр түрлі образдар тек қана қандай да бір пікірге логикалық акцентті қою керек болған жағдайларда ғана қолданылуы мүмкін. Ғылыми жұмыстағы образдық ол - оқырмандардың назарын жұмыстың негізгі ойына тарту үшін қолданылатын педагогикалық тәсіл.

• Ғылыми жұмыстың жақсы тілі оқырманмен білінбейді. Оқырман ойдың қандай тілде берілгенін емес тек қана ойдың барын сезіп отыруы керек

• Ғылыми тілдің қадірі ол - анықтығы.

• Ғылыми тілдің басқа да қадірі - оның жеңіл оқылуы, қысқалығы, бір сөйлемнен екінші сөйлемге емін-еркін көшуі.

• Бағыныпқылы сөйлемдердің аз болуы керек. Фразалары қысқа болуы керек, бір фразадан екінші фразаға білінбей ауысуы керек.

• Әр бір жазылған фразаны дауыстап оқып тексеру керек және де жазғанның бәрін дауыстап оқып тексеріп отыру керек.

• Оқырманды оқып жатқан ойынан бөлмеу үшін есімдіктерді көп қолданбау керек.

• Қайталаудан қорқпау керек. Әр бір түсінік бір сөзбен берілуі керек (ғылыми тілдегі қолданылатын сөз ол термин сөздері). Тілдің жетіспеушілігінен қолданылған қайталаулардан сақтану керек.

- Пайдасы жоқ «паразит» сөздерден сақтану керек
- Сөздердің анық болуына назар аударындар.<sup>3</sup> ...

#### **Мазмұнға қойылатын талап:**

**Кіріспе.** Жұмыстың кіріспесінде курсант (2,3 бет) неге осы тақырыпта таңдағанын көрсетеді, оның өзектілігін негіздейді (күндізгі оқу факультетінің тыңдаушылары үшін). Тақырыптың өзектілігі қоғамдық-құқықтық маңыздылығымен оның тәжірибемен байланысымен анықталады. Сонымен қатар кіріспеде жалпы нысанда осы тақырыпқа қатысты бар библиографияны көрсету керек.

**Жұмыстың негізгі сұрақтары.** Жұмыстың осы бөлімінде курсант өз еркімен заңгерге сай сауатты теоретикалық материалды және де осы тақырып бойынша қолданыстағы заңнама мен құқыққорғау тәжірибесін айтуы керек. Жұмыстың негізгі сұрақтарын айтып жатып, курсант жоспардың барлық сұрақтарын ашуы керек.

Сұрақтардың жауабы толық, жан-жақты болуы керек. Курсант әр-түрлі деңгейдегі нормативті-құқықтық актілерді білетінің көрсете білуі керек.

Таңдаған тақырып бойынша ерекше назарды негізгі түсініктердің анықтамасына аудару керек.

Курсанттардың барлық мамандандырылудан курстық жұмыстарды орындайтындарын ескере отырып өздеріне мәлім болған құқыққорғау тәжірибесінде орын алатын қылмыстық процестің нормаларын қолданғанда кездесетін қиындықтар мен қарама-қайшылықтарға өздерінің жұмыстарында анализ жасаулары керек. Бұндай жағдайда курсанттар құқыққорғау органдарында танысу тәжірибесін өткенде алған білімдерін және білгірліктерін белсенді қолданулары керек.

Теориялық сұрақтарға жауап бергенде жарияланған және жергілікті құқыққорғау тәжірибесіндегі мысалдарды келтіру керек.

**Қортынды.** Курсант міндетті түрде жұмыс бойынша істелген өзінің негізделген қортындыларын берілген әдебиеттерді, құқыққорғау тәжірибесіндегі нормативті-құқықты актілерді оқығандағы нәтижесінде ғана айтып бере алады. Қортындылармен қоса курсанттың қолданыстағы заңнаманың және оны критикалық ескертулері келтіріледі.

**Курстық жұмысқа қосымша мен әдебиеттердің тізімі.** Иллюстрациялық материалдар ретінде бағамдық жұмысқа курсант жұмыста берілген сұрақтарға байланысты процесуалдық құжаттардың, таблицалардың, схемалардың және т.б. үлгілерін қосуға болады.

**Курстық жұмыстың тақырыбымен байланысты мұрағаттағы қылмыстық істердің көшірмесі мен оның қысқаша критикалық анализі** бағамдық жұмыстың қосымшасы болып табылады.

---

<sup>3</sup> Лигачев Д.С. Заметки и наблюдения: Из записных книжек разных лет. – Л., 1989. – С. 414-415.

Жұмыстың соңында қолданылған әдебиеттердің тізімдері берілуі керек (басында нормативті-құқықтық актілер, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулылары, әдебиеттердің тізімі, құқыққорғау тәжірибесінің материалдары көрсетілуі керек). Ол тізімде мәтінге сілтеме жасаған әдебиеттер көрсетілуі керек.

**Курстық жұмыстың түпкүлікті нұсқасын орындау.**

Курстық жұмыстың мәтіні болу керек:

- қолмен түсінілікті етіліп жазылуы керек, немесе
- жазба машинкасында екі интервал сайын терілуі керек, немесе
- компьютерлік техниканы қолданып теру керек (Times New Roman шрифінде, 14-ші шрифттік көлемде, жартылай(полуторлық) интервалда терілуі керек),

А 4 форматты бір сортты стандартты ақ қағаздың бір жағында 210x297 мм көлемде терілуі керек (бір жолда 60 белгі болу керек, сөздердің арасы ашық болатындығын қосса, 28-30 жол).

Курстық жұмыстың беттерінде ақ жолдар болуы керек: сол жағы – 30 мм, жоғарғы жағы – 20 мм, оң жағы – 15 мм, төменгі жағы – 20 мм.

Схемаларды, таблицаларды, әдебиеттердің тізімін және басқа да қосымшаларды алып тастағанда бағамдық жұмыстың қолмен жазылған мәтінінің көлемі 30-35 беттен аспауы керек (жазба машинкасындағы мәтін немесе компьютерлік техниканы қолданып терілген мәтін 25-30 бет).

Курстық жұмыстың барлық беттері, иллюстрациялар мен қосымшаларды қосқанда сыртқы беттен соңғы бетке дейін нөмірленеді.

Курсант курстық жұмысты орындаған кезде қолданылған әдебиеттерге міндетті түрде сілтеме жасау керек.

Әдебиеттерге сілтеме жасалмаған басқа біреудің материалдары (цитаталар, таблицалар, схемалар және т.б.) қолданылған жағдайда курстық жұмыс авторға қайтадан қарауға жіберіледі.

Курстық жұмысты жеңіл-желпі жазған немесе қателері бар жұмыстарын тапсырған тыңдаушылар бағамдық жұмыстарын қорғауға жіберілмейді.

**Сыртқы беті келесі үлгіде толтырылуы керек.:**

**Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі  
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

Қылмыстық процесс кафедрасы

**БҰЛТАРТПАУ ШАРАЛАРЫ**

**Курстық жұмыс (КОФ)**

**Орындаған:**

301 оқу тобының курсанты,

полиция қатарындағы

Ақанов Ақат Ахметұлы

**Ғылыми жетекшісі:**

кафедраның аға оқытушысы

з.ғ.к.. полиция майоры

Тукиев А.С.

**Қарағанды - 2016**

**Жоспар келесі үлгіде толтырылуы керек:**

| - 2 -   | бет. |
|---|------|
| <b>Жоспар</b>   |      |
| Кіріспе   | 3    |
| 4. Қылмыстық іс жүргізудегі бұлтартпау шаралары: түсінігі мен түрлері | 5    |
| 5. Бұлтартпау шараларының түсінігі мен түрлері                        | 14   |
| 6. Бұлтартпау шараларын қолдану, өзгерту және алып тастау             | 20   |
| Қортынды  | 29   |
| Қолданылған әдебиеттердің тізімі                                      | 31   |

**Әдебиеттердің тізімі келесі үлгіде толтырылуы керек:**

**Қолданылған әдебиеттердің тізімі**

Қолданылған нормативті-құқықтық актілер хронологиялық тәртіпте сақталған тепе-тең заңда әр топтағы заңды күштеріне еңген тәртіпте көрсетілген нормативті-құқықтық актілер: Конституция РК ҚР-ның Конституциясы, акт ҚР-мен ратификацияланған, халықаралық-құқықтық актілер, ҚР-ның заңдары, заңды нормативті-құқықтық актілер, шет елдердің нормативті-құқықтық актілері. заң негізінде қабылданған актілер

ҚР-ның Конституциялық Кеңесінің Қаулылары.

Қолданылған ҚР-ның Жоғарғы Сотының Нормативтік қаулылары және т.б.

Алфавиттік тәртіпте берілген қолданылған әдебиеттердің тізімі (монографиялар, оқулықтар, оқу құралдары, мақалалар және т.б.)

**Әдебиеттер тізімін рәсімдеудің үлгілері.**

9. Автордың аты-жөні. Жұмыстың негізгі тақырыбы. Шығарылған жері: Баспасы: Шығарылған жылы. - Беттердің саны А.Н. Ахпанов Алдынала тергеу сатысындағы қылмыстық іс жүргізу бұлтартпау шараларының мәселелері - Алматы: Жеті жарғы, 1997.-176 бет.

10.Негізгі тақырыбы. Автордың аты-жөні 1, Фамилия инициалы Автордың аты-жөні 2, Автордың аты-жөні 3, Автордың аты-жөні 4 и др және т.б.. Шығарылған жері:: Шығарылған жылы. - Беттердің саны

11.Негізгі тақырыбы. Автордың аты-жөні 1, Автордың аты-жөні 2, Автордың аты-жөні 3, Автордың аты-жөні 4 и др. және т.б.; Жауапты ред. аты-жөні. Шығарылған жері:: Шығарылған жылы. - Беттердің саны.

12.Беттердің саны

13.Автордың аты-жөні. Негізгі тақырыбы: Заңгерлік жоғары оқу орындарына арналған оқулық., Қайтадан қаралған және толықтыраылған, 2-ші түрі Шығарылған жері: Шығарылған жылы. - Беттердің саны.

14.Автордың аты-жөні Мақаланың атауы // Журналдың атауы - 2006. - № 3. - .11-14 бет.

15. Автордың аты-жөні Мақаланың атауы // газеттің атауы. - 1998. - 24 қаңтар. - . 14-15 бет.

16. Аты-жөні Атауы: Сұхбаттасқанның *аты-жөні* /Жазған - *аты-жөні* // газеттің аты. - 1998. - 15 қазан. - . 10-11 бет.

Автордың аты-жөні. Атауы: Диссертацияның авторефераты. з.ғ.к. Шығарылған жері, Шығарылған жылы. - Беттердің саны.

### **Сілтемелері толтырудың үлгілері**

5. Автордың аты-жөні. Аты. Шығарылған жері, Шығарылған жылы. 11-12 бет.

6. Строгович М.С. Шығар. - 42 бет.

7. Автордың аты-жөні Атауы // Журналдың атауы. - 1998. - № 3. – 24 бет.

8. Аты-жөні. Атауы: Сұхбаттасқанның *аты-жөні* /Жазған - *аты-жөні* // газеттің аты. - 1998. - 15 қазан. – 11 бет.

### **7. Курстық жұмысты тексеруге және пікір беруге тапсыру.**

Күндізгі оқу факультетінің курсанттары бағамдық жұмыстарын қылмыстық процесс кафедрасына тапсырады.

Автор бағамдық жұмысының соңғы бетіне күні мен қолын қояды.

### **8. Курстық жұмысты қорғау.**

Курсант курстық жұмысты пікірмен қайтарып алғаннан кейін, пікірмен мұқиятты танысып шығу керек, ондағы көрсетілген ескертулерге талдау жасап, берілген сұрақтар бойынша бағамдық жұмысқа дайындалуы керек.

Жұмыстағы кемшіліктердің орнын толтыратын қосымша материалдарды тапсыруға болады.

Жоспарланған курстық жұмыстың қорғалатын күні мен уақыты пікірде көрсетіледі.

Курстық жұмысты қорғау келесі элементтерден тұрады:

- жұмыстың мазмұнын қысқаша айтып беруден (тындаушының жұмыс бойынша жасаған қортындысындағы жұмыстың ережелерін, негізгі түсініктерін негіздеу және түсіндіру, мәселелердің шешімін түсіндіру);

- комиссияның сұрақтарына жауап беру және сұхбаттасу.

Курстық жұмыс пен оның қорғалуы төрт деңгейде бағаланады: «өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық», «қорғалған жоқ».

### **Курстық жұмысты орындаған кезде курсанттармен жіберілетін негізгі қателіктер**

Жұмыстың мазмұны мен рәсімдеуіне өзі жауап беретінін есінде сақтауы керек. Сондықтан да жоғарыдағы айтылған ұсыныстар орындалмаса, курстық жұмыс қойылған талаптарға сәйкес емес болғандығынан қайтарылып берілуі мүмкін.

Әдеттегідей курсанттар келесі қателіктерді жіберулері мүмкін:

### **Негізгі қателіктер:**



- Ұсынылған әдебиеттерді оқудың орнына - әдеби оқулықтардан , ғылыми-тәжірибелік коментариден немесе заңдардан мәтіндерді сөзбе-сөз көшіріп алады;

- жұмыстың негізгі сұрақтарын тыңдаушы жеңіл-желпі ашады немесе мүлдем ашпайды.

- жұмыстың орындалуы тек қана әдебиеттерді сөзбе-сөз көшірумен және оның сәтсіз жинақталуымен бітеді , оның соңы жұмыста тақырыбын талдауы жоқтығы мен автордың өз ойы жоқтығына әкеліп соғады;

- жұмыста ескіріп кеткен әдебиеттер немесе күшін жойған нормативті-құқықтық актілер қолданылды;

- тәжірибеден мысалдар келтірілмеді;

- негізделген қортындылар жоқ;

**Күрстық жұмыстағы жетіспеушіліктер:**

- жұмыстың жоспары жоқ;

- жұмыстың құрылымы жоқ (логикалық бөліктерге бөлінбеген, осыған сәйкес жұмыс жоспарына);

- қолданылған әдебиеттердің тізімі жоқ;

- әдебиеттердің тізімі жұмыста көрсетілген сілтемелерге сәйкес келмейді немесе сілтемелер мүлдем жоқ;

- жұмыстың көлемі 25 беттен кем немесе 35 беттен астам;

- жұмыста орфографиялық қателіктер, қайталанулар көп (20-дан астам).

**4. Практиканың (тәжірибенің) барлық түрлерін өту бойынша әдістемелік нұсқаулық, сонымен қатар олар бойынша есеп құжаттамасының түрлері**

«Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік құқығы» «Ерекше бөлім» пәні бойынша тәжірибе өтуі қарастырылмаған.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ  
БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ  
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

**ЗАҢ ИНСТИТУТЫ**

**Қылмыстық процесс кафедрасы**

**«Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік құқығы»  
пәні бойынша курсантардың білім жетістіктерін бақылау мен бағалауға  
арналған  
МАТЕРИАЛДАР**

**Қарағанды 2016 жыл**

КОФ 3 курс курсанттары үшін «Қазақстан Республикасының Қылмыстық процестік құқығы» пәні бойынша білім жетістігін бақылау мен бағалаудан өткізуге арналған материалдар (тестілік тапсырмалар, межелік бақылауға арналған сұрақтар, емтихан қабылдауға арналған сұрақтар) қылмыстық процес кафедрасының аға оқытушысы, полиция подполковнигі Н.Т. Саханова әзірледі.

**Қылмыстық процес кафедрасының кеңесінде талқыланып, мақұлданған. 2016 ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ хаттама**

**Қылмыстық процес кафедрасының бастығы полиция полковнигі**

**Ә.М. Майтанов**

**Қылмыстық процестік кафедрасының ПӘС отырысында талқыланып, мақұлданған. 2016 ж. «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ хаттама**

**ПӘС төрағасы**

**Н.Т. Саханова**

**5. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау және бағалау бойынша материалдар (өзіндік бақылауға арналған тест тапсырмалары, жазба жұмыстарының тақырыптары, межелік бақылауға арналған және емтихан сұрақтарының тізімі)**

1. «Қылмыстық іс жүргізу құқығы» академиялық курсының жалпы әдістері:

- статистика
- диалектика
- синтез
- сұхбаттасу
- жүйелеу

2. Қылмыстық іс жүргізу мәжбүрлеу шараларының түрлері:

- мәжбүрлі түрде стационарға орналастыру
- күдіктіні ұстау
- мәжбүрлі түрде сараптамалық үлгілер алу
- медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану
- бұлтартпау шаралары

3. Міндеттейтін процессуалдық нормалардың мысалы:

- қорғаушы алу
- өзіне не үшін күдік келтірілгенін білу
- басқа тілде айғақ беру
- жиырма төрт сағаттан кешіктірмей прокурорды хабардар ету
- қылмыстық ізге түсу органының шақыртуы бойынша келу

4. Прокурор жеке айыптау ісі бойынша жәбірленушінің шағымы болмаған кезде де мына адамдардың атынан іс қозғауға құқылы:

- әрекет дәрменсіз
- қоғамның немесе мемлекеттің елеулі мүдделерін қозғайтын болса
- иммунитеті бар адамдардың
- соттың тапсырмасымен
- өзіне тиесілі құқықтарды өз бетінше пайдалануға қабілетсіз

5. Қылмыстық істі бөлектеп алу:

- ересектермен бірге қылмыстық жауаптылыққа тартылған кәмелетке толмаған күдіктіге немесе айыпталушыға
- сыбайласып жасаған бірнеше адамға қатысты қылмыстық істер
- қылмыстық жауаптылыққа тартылуға жататын жекелеген анықталмаған адамдарға қатысты
- бірнеше адам қылмыс жасаған кезде
- жәбірленуші ауырып қалған кезде

6. Қылмыстық ізге түсудің ақтайтын мән-жайларға байланысты тоқтатылуы (қысқартылуы):

- жеңіл қылмыстық істер бойынша
- қылмыстық құқық бұзушылықтың оқиғасының болмауы
- қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамының болмауы
- ауырлығы аз қылмыстар үшін
- қайтыс болған тұлғаға қатысты

7. Қылмыстық істі біріктіру болмайды:

- әртүрлі адамдарға қатысты бірдей күдіктенулер, айыптаулар
- біреу бойынша қылмыстық құдалау – жекеше тәртіппен, ал екіншісі бойынша жекеше-жариялы тәртіппен жүзеге асыралатын істер
- бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықты сыбайлас жасаған біреше адамға
- бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға қатысты істер

8. Жүргізілетін іс әрекеттің нәтижесін бекіту актісі:

- заңсыз іс - әрекетке шағым
- прокурор санкциясы
- сот отырысының хаттамасы
- күәдан жауап алу хаттамсы
- облысы прокурорының ұсынысы

9. Сот үшін преюдициялық күшіне ие емес іс жүргізушілік құжат :

- азаматтық талапты қанағаттандыру құқы белгіленген заңды күшіне енген үкім
- қылмыстық істі қысқарту туралы тергеушінің қаулысы
- кез келген құжат
- кінәлілік жайлы шешім қаулыламаған азаматтың іс бойынша **заңды күшіне** енген шешім
- қылмыстық ізге түсу органдарының қаулысы

10. Сот тергеуі басталады:

- жеке айыптау істері бойынша - арыз берген адамның өкілінің шағымды баяндауынан
- процеске қатысушылардың құқықтарын түсіндіруден
- сот құрамын, процеске басқа қатысушыларды жариялаудан
- жеке айыптау істері бойынша - арыз берген адамның шағымды баяндауынан
- басты сот талқылауына шақырылған адамдардың келуін тексерден

11. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану жөнінде іс жүргізу негіздері:

- қылмыстық іс жүргізу заңы едәуір бұзылғанда
- жаза орындау мүмкін емес дәрежеде психикасы бұзылғандарға
- ҚР Қылмыстық кодексінің жалпы бөлімі талаптары бұзылғанда

- дертті психикалық ауытқушылық болғанда ғана тағайындалады
- Судьялардың осы істі қарау кезінде жасаған, қылмыстық іс-әрекеттері

12. Тергеу судьясының өкілеттіктері:

- ұйқамқты санкциялау
- күзетпен ұстауды санкциялау
- сот отырысының барысына басшылық етеді
- ұйқамқ, экстрадициялық қамақ мерзімдерін ұзарту
- мемлекеттің мүдделерін қорғап талап қоюға құқылы

13. Адамдарға келтірілген мүліктік зиян құрамына кіретін өтемақы:

- өндіріліп алынған айыппұлдар
- заңгерлік көмек ішін төленген сомалар
- жалақы
- алынуы мүмкін болған табыс
- жазаны өтеуі уақытында жұмыстарды орындағаны үшін жалақысы
- адамдарды күзетпен ұстауға жұмсалған сомалар

14. Қылмыстық процесс сатылары:

- сотқа дейінгі тергеп тексеру
- апелляциялық тәртіппен істерді қарау
- үкімді орындау
- айыптау қорытындысын шығару
- қылмыстық ізге түсу
- процессуалдық шешім қабылдау

15. Іс жүргізуден шеттету туралы мәлімделген қарсылық білдірулер мен өтініштерді шешуге құқылы:

- тергеуші
- сот
- анықтаушы
- сараптама жүргізу ұйымының бастығы
- сотталушы
- айыпталушы

16. Жеке кепілгерлік:

- кепілдік берушіге сот ақшалай айып салуы мүмкін
- прокурордың санкциясы бойынша асырылады
- адамның тұрғын үйден шығуына шектеулер қойылады
- кепілдік берушілердің саны екеуден кем болмайды
- сенімге ие болған адамдарға жүктеледі
- кепіл мемлекеттің кірісіне аударылуы мүмкін

17. Сотталған адамның немесе ақталған адамның құқығы бар:

- ҚР заңдарын сақтауға

- тергеушінің шақыртуы бойышпа белгіленген мерзімде келуге
- келмей қалу себептері туралы тергеушіге хабарлауға
- келтірілген шағымдардың сотта қаралуына қатысуға
- сот отырысының хаттамасымен танысуға
- іс бойынша келтірілген шағымдар туралы білуге

18. Үкімнің мазмұнын құрайтын бөлімдер:

- кіріспе
- қорытынды
- сипаттамалы-дәлелді
- сілтеме
- қосымша
- түсіндірме

19. Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес қылмыстық ізге түсуден иммунитетті мынадай адамдар пайдаланады:

- ҚР Конституциялық Кеңесінің мүшесі
- ҚР Үкіметінің мүшесі
- дипломатиялық курьерлер
- шет мемлекеттердің басшылары мен өкілдері
- дипломатиялық өкілдіктердің әкімшілік-техникалық қызметкерлері
- шетелдіктер

20. Қылмыстық іс жүргізу құқығының екінші деңгейлік міндеттері:

- заңсыз айыпталған адамды ақтау
- заңсыз айыптаудан қорғауды қамтамасыз ету
- заңдылықты күшейту
- қылмыстардың алдын алу
- қылмыс жасаған адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту
- заңсыз құқық шектеуден қорғау

21. Қызмет түрі ретіндегі қылмыстық іс жүргізудің пәні (заты):

- қылмыстық жасалуына себепші болған мән-жайлар
- қылмыстық іс жүргізушілік қатынастардың құрылу логикасы
- негізгі институттардың сипаты мен жүйесі
- қылмыстық іс жүргізу құқығының басқа құқық салаларымен ара қатынасы.
- қылмыс жасаған адамның азаматтық құқықтық жауаптылығы
- айыпталушының қылмыстық жауаптылығы туралы сұрақтар

22. Адамның жеке басына тиіспеушілік қағидаты:

- кінәлілігіне сүйілмеген күдік адамның пайдасына түсіндіріледі
- ешкімге өзінің келісімінсіз соттылығы өзгертіле алмайды
- ешкім де өзінің кінәсіздігін дәлелдеуге міндетті емес
- әркім өз құқтары мен бостандықтарын сотпен қорғауға құқылы



- соттың санкциясымен ғана қамауға алуға жол беріледі
- әрбір ұсталған адамға ұстаудың негізі дереу хабарланады

23. Қылмыстық процесті жүргізетін орган, бұған негіз болған жағдайда, заң көмегіне ақы төлеуден толық немесе ішінара босатуға құқылы:

- күдіктіні
- айыпталушыны
- жәбірленушіні
- заңды өкілді
- маманды
- қорғаушыны

24. Қылмыстық ізге түсуді жүзеге асырушы орган мына негіздердің бірі болған жағдайда қылмыстық құқық бұзушылық жасағандығына күдік келтірілген адамды ұстауға құқылы:

- ол адам қылмыстық құқық бұзушылық жасау кезінде ұсталғанда
- оның бұрын жасаған ауыр қылмыстық құқық бұзушылық үшін соттылығы болмаса
- жәбірленушілер қылмыс жасаушы ретінде ол адамды тура көрсетсе
- ол адамда немесе оның киімінде қылмыстың анық ізі табылған кезде
- оның жеке басы анықталса
- ол қылмыстық қудалау органдарынан немесе соттан жасырынбаса

25. Қылмыстық істің материалдарынан бөлектенуі мүмкін:

- кәмелетке толмаған күдіктіге немесе айыпталушыға
- жекелеген анықталмаған тұлғаларға қатысты
- тергеушінің қарауы бойынша
- күдіктінің ауруына байланысты
- ҚР ҚПК 45 бабында көзделген негіздер бойынша тоқтатылуға тиіс болғанда жекелеген айыпталушыларға
- прокурордың нұсқау бойынша

26. Үкімді орындауды кейінге қалдыру туралы мәселені сот қай тұлғалардың өтініш жасауы бойынша шешеді:

- күдіктінің
- айыпталушының
- сотталушы қорғаушысының
- сотталушының
- сотталушының заңды өкілінің
- прокурордың

27. Апелляциялық сатының қылмыстық процесте, азаматтық талап қоюды қарауы кезінде сот құқылы:

- таңдалған бұлтартпау шарасының күшін жою
- сотталушыны кінәсіз деп тану

- үкімнің азаматтық талап қою бөлігін жаңадан қарауға жіберуге
- үкімнің азаматтық талап қою бөлігін өзгертуге
- шағымды өзінің іс жүргізуіне қабылдауға
- үкімнің азаматтық талап қою бөлігінің күшін жоюға

28. Бірінші сатыдағы соттың қаулысы мына жағдайларда заңды күшіне енеді және орындалады:

- наразылық келтірілген жағдайда істі жоғары тұрған сот қарағаннан кейін
- облыс прокурорымен
- сот приставымен
- қадағалау сатысында қарастырылғаннан кейін
- шағымдану немесе наразылық білдіру мерзімі өткен соң
- жеке шағым жасалған жағдайда, істі жоғары тұрған сот қарағаннан кейін

29. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қаралуы мүмкін:

- ақтау үкімі
- қадағалау тәртібімен қабылданған шешім
- айыпталушы ретінде тарту туралы қаулы
- істі тоқтату туралы қаулы
- айыптау үкімі
- қылмыстық істі өз өндірісіне алу туралы қаулы

30. Үкім (қаулы) істің нақты мән-жайына сәйкес келмейді деп танылады, егер:

- қылмыстық іс жүргізу заңы едәуір бұзылса
- сот өз тұжырымдарына едәуір ықпал ете алатын мән-жайларды ескермесе
- соттың дәлелдемелерді қабылдамай тастауына негіздер көрсетілмесе
- сот тергеуі біржақты және толық емес болса
- сот тұжырымдары сот отырысында қаралған дәлелдемемен расталмаса
- судья істі жеке-дара қараған кезде

## МЕЖЕЛІК БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАРДЫҢ ТІЗІМІ

1. Тергеу жүргізуге сарапшыны және маманды тарту бойынша тергеушінің қызметі
2. Қылмыстық істі жеке өндіріске бөлектеу бойынша тергеушінің қызметі.
3. Зат алуды ұйымдастыру және өндіру.
4. Тергеушінің іздестіру қызметі
5. Тергеу жүргізу барысында ЖІҚ нәтижелерін қолдану бойынша тергеушінің қызметі.
6. Кепіл» бұлтартпау шарасын қолдану бойынша тергеушінің қызметі.
7. Тергеулік әрекеттер жүргізу барысында тауып алынған заттар мен құжаттар қарауын ұйымдастыру.
8. Заттай дәлелдемелер болып танылған заттардың тағдырын анықтау бойынша тергеушінің қызметі.
9. Азаматтық талапты және тәркілеуге мүмкін болатын мүліктерді қамтамасыз ету бойынша тергеушінің қызметі.
10. Көзі тірі адамды тануға ұсынуың ұйымдастыру.
11. Тергеуші қылмыстық ізге түсу орган ретінде.
12. Куәландыру өткізуінің ұйымдастыру.
13. Тінту жүргізуін ұйымдастыру.
14. Құқықтық көмек корсету ретінде құқыққорғау органдардың тапсырмаларын орындау бойынша тергеушінің қызметі.
15. Қылмыстық іс жүргізуге қатысушылардың ұғымы мен жіктелуі.
16. Бұлтартпау шарасын өзгерту және доғару тәртібі.
17. Қылмыстық процессуалдық функцияның ұғымы мен жүйесі.
18. Күзетпен ұстау және оның мерзімдері мен негіздері
19. Қылмыстық іс бойынша өндірісті жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар
20. Азаматтық талапты қамтамасыз ету шаралары
21. Қылмыстық сот өндірісіндегі қылмыстық-құқықтық және азаматтық-құқықтық мүдделі жақтар.
22. Қылмыстық іс жүргізудегі өзге де қатысушылар.
23. Қылмыстық сот өндірісінде адвокат қорғаушының қатысу тәртібі.
24. Қылмыстық іс бойынша өндірісті болғызбайтын мән-жайлар.
25. Қылмыстық ізге түсуді жүргізудің ұғымы мен тәртібі.
26. Қылмыстық-процессуалдық кепілдіктер.
27. Жеке басының бостандығын шектеумен байланысты емес бұлтартпау шаралар.
28. Іс жүргізушілік мәжбүрлеудің өзге де шаралары.
29. Қылмыстық іске қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шаралар
30. Іс бойынша сот ісін жүргізуді тоқтата тұру негіздері.

## ЕТИХАН СҰРАҚТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

1. Қылмыстық-процестік заңның кеңістікте, уақыт тұрғысында, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға қатысты қолданылуы. Қылмыстық іс жүргізудің сатылары мен олардың жүйесі.

2. Қылмыстық-процестік нормалары: олардың түрлері және құрылымы.

3. Қылмыстық-процессуалдық құқықтық қарым-қатынасы мен функциялары. Процессуалдық кепілдіктер: олардың түрлері мен маңыздылығы.

4. Қылмыстық – процессуалдық құқықтың қайнар көздерінің түрлері мен ұғымы.

5. Қылмыстық іс жүргізудегі орнын толтыруы қажет ететін зиянның түрлері. Зиянның орнын толтыру талабын орындаудың мерзімі.

6. Зиянның орнын толтыруға құқылы екенін тануға негіз болатын қылмыстық процессті жүргізуші органдардың заңсыз әрекеттері.

7. Қылмыстық процессте сот ісін жүргізудегі процессуалдық шешімдердің түсінігі және құқықтық мәні.

8. Процестік мерзім: түсінігі, түрлері, маңызы.

9. Қылмыстық қудалауды жүзеге асыруға көмектесетін іске қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін шаралар.

10. Іс бойынша сот ісін жүргізуді тоқтата тұру және сотқа дейінгі мерзімдерін үзу.

11. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді аяқтау.

12. Құпиялықты сақтау.

13. Өтініштер. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жүргізетін мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздіктеріне) шағым келтіру.

14. Қылмыстық процесстегі шешілетін мүліктік сұрақтардың түсінігі мен түрлері.

15. Қылмыстық процесстегі азаматтық талаптын түсінігі, маңысы мен қарау ерекшелігі . келтірілген азаматтық талап бойынша қабылданатын шешім түрлері.

16. Қылмыстық процестік мәжбүрлеу шараларының түсінігі, жүйесі және мәні.

17. Бұлтартпау шараларының негіздері және процессуалдық қолдану тәртібі.

○ Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілген адамды ұстап алу негіздері мен процестік тәртібі

○ Жеткізу процестік мәжбүрлеу шарасының бір түрі.

20. Қылмыстық құқық бұзушылық жасады деген күдік бойынша ұстап алынған адамды босату негіздері.

21. Бұлтартпау шара ретінде күзетпен ұстау қолдануының қылмыстық-құқықтық, қылмыстық-процессуалдық шарттары мен негіздері.

22. Күзетпен ұстау бұлтартпау шарасын қолданудың іс жүргізулік тәртібі.

23. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталу негіздері, оның маңызы мен міндеттері.

24. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жөнінде арыздар мен хабарламаларды Сотқа дейінгі тергеп тексерудің Бірыңғай Тізіміне қабылдау мен тіркеу тәртібі.

25. Қылмыстық теріс қылықтар бойынша істерді жүргізудің ерекшеліктері.

26. Тергеулік түсінігі мен оның белгілері.

27. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің органдары мен нысандары

28. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімі, оның маңызы және ұзарту тәртібі.

29. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру: нысандары, орны, мерзімдері және оларды ұзарту процедурасы.

30. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жеделдетілген аяқталу тәртібі.

31. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде процессуалдық бақылау, прокурорлық қадағалау және соттық тексеріс.

32. Алдын ала тергеу жүзеге асырылатын істер бойынша анықтау органдарының қызметі.

33. Тергеу әрекеттерінің түсінігі, түрлері, жүйесі.

34. Тергеу әрекеттерін жүргізудің жалпы шарттары мен ережелері.

35. Қарап-тексеру: түсінігі мен түрлері. Жүргізудің негіздері мен жалпы ережелері.

36. Жасырын тергеу әрекеттері: түсінігі мен түрлері. Жүргізудің негіздері мен жалпы ережелері.

37. Қарап-тексеру түрлері және процессуалдық жүргізу тәртібі.

38. Куәландыру: негізі және өткізу тәртібі.

39. Эксгумация: негізі, өткізу тәртібі және санкциялау тәптібі.

40. Куә, жәбірленуші, күдіктіден жауап алу тәртібі. Күдіктіден жауап алу тәртібінің ерекшеліктері

41. Кәмелетке толмаған, жаспәспірімден жауап алу ерекшеліктері.

42. Ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, бейнебайланыс режимінде жауап алудың (қашықтықтан жауап алу) ерекшеліктері.

43. Тергеу судьясының жәбірленушіден, куәдан жауап алу ерекшеліктері (айғақтарды сақтауға қою).

44. Тану: түсінігі және түрлері. Тану үшін көрсету негіздері және процессуалдық тәртібі.

45. Беттестіру. Түсінігі, негізі және өткізу тәртібі.

46. Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау өткізу процессуалдық тәртібі.

47. Тергеу эксперименті: негі және өткізу тәртібі.

48. Тінту және алуды процессуалдық жүргізу тәртібі. Жеке тінтуді жүргізу ерекшеліктері.

49. Заттар мен құжаттарды тұлғаның өз еркімен ұсынуы және сотқа дейінгі тергеп тексеруді жүргізетін тұлғаның талабы бойынша ұсынуы.

- 50.Тұлғаны күдікті ретінде танудың негіздері.
- 51.Күдіктінің іс-әрекетін саралау түсінігі және маңыздылығы.
- 52.Процестік келісім қабылдаудың негіздері, шарттары және ерекше тәртібі.
53. Ынтамақтастық туралы процестік келісім: шарттары, салдары, қарау және құру тәртібі.
54. Ынтамақтастық туралы процестік келісім: келісімді жасау және келісімді бекіту тәртібі.
55. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімдерін үзудің түсінігі, негіздері және шарттары.
56. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімдерін үзудің процесуалдық тәртібі.
57. Іс бойынша сот өндірісін тоқтата тұру.
58. Анықтаудың, алды ала тергеудің жәнк хаттамалық нысандағы сотқа дейінгі тергеп-тексерудің аяқталуының түсінігі мен түрлері.
59. Айыптау актісін құрумен аяқталатын сотқа дейінгі тергеп-тексерудің негіздері мен процесуалдық тәртібі.
60. Қылмыстық істі қысқарту туралы қаулысымен сотқа дейінгі тергеп-тексеруді аяқтау.
61. Айыптау актісін құру барысында тергеушінің әрекеті. Айыптау актісінің нысаны мен мазмұны. Айыптау актісіне қосымша.
62. Келіп түскен қылмыстық іс бойынша (айыптау актісімен,) прокурордың шешімі.
- 63.Айыпталушыны прокурормен сотқа беру.
- 64.Қылмыстық істердің соттылығының ұғымы, мағнасы және белгілері. Бірнеше айыпталушы немесе бірнеше қылмыстар туралы қылмыстық істерді біріктірген кезде соттылықты анықтау.
- 65.Басты сот талқылау сатысының мәні, маңызы және міндеттері.
66. Алқабилер сотының түсінігі, маңызы және мағнасы.
- 67.Басты сот талқылауының жалпы шарттарының ұғымы және маңызы. Алдын ала тыңдауды өткізу.
68. Үкімнің түсінігі және оның маңызы. Соттың үкім шығару кезінде шешетін мәселелері. Үкімнің мазмұны мен құрылымы.
69. Апелляциялық, кассациялық сатыларының іс жүргізуде түсінігі, міндеттері және маңызы.
- 70.Үкімге (қаулыға) апелляциялық шағымдану, наразылық берудің заты.
- 71.Апелляциялық наразылықтың, шағымның мазмұны және түрлері.
- 72.Кассациялық шағымданудың заты. Кассациялық наразылықтың, шағымның мазмұны және түрлері
73. Сот үкімдері мен қаулыларын орындау сатысының түсінігі, міндеттері және маңызы.
74. Соттың үкімін, қаулысын орындауға кірісудің тәртібі және мерзімі.
75. Үкімді орындау кезінде сот қарауына жататын мәселелер.

76. Жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты іс бойынша іс жүргізуді қайта бастаудың түсінігі, міндеттері және маңызы.

77. Жаңадан ашылған мән-жайларға байланысты іс бойынша іс жүргізуді қайта бастаудың негіздері.

78. Ювеналдық сот ісін жүргізу: ұғымы, шет елдердің тәжірибесі.

79. Кәмлетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы бойынша сотқа дейінгі өндіріске қатысуының ерекшеліктері.

80. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында кәмелетке толмаған адамға қатысты істі қарау ерекшеліктері.

81. Кәмлетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылық істері бойынша дәлелдеу заты.

82. Кәмелетке толмаған адамды жауапқа шақырту және жауап алу ерекшеліктері.

83. Артықшылықтары мен иммунитеті бар адамдарға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы тәртібі.

84. Артықшылықтары мен иммунитеті бар адамдарға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексерудің ерекшеліктері.

85. ҚР Парламентінің депутаты, ҚР Президенттігіне кандидатқа, ҚР Парламентінің депутаттығына кандидатқа, ҚР Конституциялық Кеңесінің Төрағасына немесе мүшесіне, судьяға және ҚР Бас Прокурорға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексерудің ерекшеліктері. Қылмыстық-процессуалдық артықшылықтарын айыру тәртібі.

86. Дипломатиялық және консульдық иммунитеттердің ара қатынасы.

87. Қылмыстық қудалаудан иммунитеттері бар адамдарға қатысты процессуалдық әрекеттерді қабылдаудың ерекшеліктері.

88. Жекеше айыптау істері бойынша іс жүргізу ерекшеліктері.

89. Жекеше айыптау істері бойынша дәлелдеу ерекшеліктері.

90. Жекеше айыптау істері бойынша соттың шешімі.

91. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану бойынша іс жүргізу үшін негіздер.

92. Қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті есі кіресілі-шығасылы күйде жасаған немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан кейін психикасы бұзылуымен ауырған адамға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында іс жүргізу ерекшеліктері.

93. Шетелдіктерге және ҚР аумағынан тыс жерлерде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған Қазақстан азаматтарына қатысты қылмыстық қудалауды жүзеге асыру тәртібі.

94. Ұстап беру туралы талаптың мазмұны мен нысаны. Ұстап беру туралы талаптың орындалу тәртібі. Берілген адамның қылмыстық жауаптылық шектері. Ұстап беруден бас тарту негіздері.

94. Әдеттен тыс /экстрадиционный/ күзетпен ұстау. Транзиттік тасымалдау. Заттарды беру.

## **6. Дәріс кешені (жеке папкада қосымшасымен)**

«Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік құқығы» «Ерекше бөлім» пәні бойынша дәріс құжаттары



## **7. Иллюстративті және үлестірмелі материал**

**8. Оқу сабақтарын бағдарламалық және мультимедиялық қамтамасыз ету**

| №  | Оқу сабақтарын бағдарламалық және мультимедиялық қамтамасыз етілу тізімі          | Дайындалған жылы | Оқыту тілі | Саңы |
|----|---|------------------|------------|------|
| 1. | Виртуалды лабораторлық жаттығу  | 2009             | қазақша    | 1    |
| 2. | Бірлескен оқу фильмі (ҚР ІІМ ҚА және Қарағанды облысының ІІД)                     | 2009             | қазақша    |      |
| 2. | Слайдтар  | 2015, 2016       | қазақша    |      |
| 3. | Мультимедиа презентациялар  | 2015, 2016       | қазақша    |      |
| 4. | Оқу-әдістемелік материалдар, тестілік тапсырмалар, жүргізу құжаттарының үлгілері. | 2015, 2016       | қазақша    |      |

**10. Білім алушылардың жұмыс жинақтары (курстық жұмыстар, рефераттар, баяндамалар, бақылау жұмыстары)\*.**